**DİLLEK, -ği** *is.* Өсекшіл, өсекқұмар, қауесетшіл, лақапшыл.

**DİLLENMEK** (*nsz*) 1. (бала) Сөйлей бастау. 2. Тіл біту, сөйлей бастау. 3. Сөз-ге қалу, өсекке таңылу.

**DİLLEŞMEK** (*nsz, -le*) (шын көңілден) Тілдесу, сөйлесу, әңгімелесу.

**DİLLİ** *s.* 1. Сөзуар, тілмар, шешен, сөзшен. 2. Өсекшіл, өсекқұмар. *Benim*

*işim yok senin o dilli kardeşlerinin arasında.* Сенің анау өсекқұмар бауырларыңның арасында менің шаруам жоқ.

**DİLLİ DÜDÜK**, -ğü *is. hlk.* 1. Сыбызғы. 2. *hlk.* Коп сойлейтін, сөзуар. *dilli düdük etmek* (хабар, әңгіме) баршаға тарту, жариялау, жаю.

**DİLMAÇ**, -cı *is.* Аудармашы.

**DİLMAÇLIQ**, -ğı *is.* Аудармашылық, аудармамен шұғылданушылық, аударманы кәсіп етушілік.

**DİLMEK** (--i) Тілу, жіңішке етіп кесу. *Şimdi bu elemanları ince ince dileceğim.* Енді осы элементтерді жіңішке-жіңішке етіп тілемін.

**DİLSEL** *s.* Тілдік, тілге байланысты, сөйлеу тіліне тән.

**DİLSİZ** *is. ve s.* 1. Мылқау, сақау. *Sağır ve dilsizler okulu.* Керең-мылқаулар мектебі. 2. *mec.* Сөзге сараң, бұйығы, ұяң, момын.

**DİLSİZLİK**, -ği *is.* Мылқаулық, тілсіздік.

**DİL TUTUKLUĞU** *is.* 1. Тұтығып сөйлеушілік, тіл тұтықпасы.

**DİMAĞ** *is. Ar. esk.* 1. Ми. 2. Ақыл, ой, сана.

**DİMDİK** *s. ve zf.* 1. Тіп-тік, биік келген, тіке. 2. Тіп-тік, түп-түзу. 3. Қайыспас, мойымайтын, жігерлі. *Onun nasıl hiç sarsılmadan dimdik durduğunu gördüm.* Оның түк болмағандай мойымастан қасқайып тұрғанын көрдім. 4. Тесіле, қадала қарау. *dimdik ayakta durmak* мойымау, қиыншылыққа илікпеу, жасымау.

**DİN** *Ar.* 1. *hkdin.b.* Дін. *Müslüman dini.* Мү-сылман діні. *Tek tanrılı din.* Бір құдайға сенушілік. 2. *mec.* Арман, мұрат. *dinden imandan olmak* дін жолынан таю, діннен шығу. *dini gibi bilmek* өте жақсы білу.

**DİN ADAMI** *is.* Дін адамы, діни қызметкер.

**DİNAMİK** *is. Fr. fiz.* 1. Динамика—күштің әсерін және дене қозғалысын зерттейтін механика бөлімі. 2. *mec.* Еті тірі, ширақ, іскер, пысық.

**DİNAMİT** *is. Fr.* 1. Динамит—күшті ко-

парылғыш зат. 2. *mec.* Сағыныш, аңсау, зарығу, құмартқан сезім. 3. *s. mec.* Қорқынышты, үрейлі, қатты, күшті.

**DİNAMİTÇİ** *is.* Динамитші—динамит жасайтын, сататын я динамитпен жару ісінде жұмыс істейтін адам.

**DİNAMİTLEMEK** (-i) 1. Динамитпен жару, қопару. 2. *mec.* Кесір қылу, кедергі жасау, зиянын тигізу.

**DİNAMO** *is. Fr.* Динамо—электр тогын өндіріп шығаратын машина.

**DİNAMOMETRE** *is. Fr.* Динамометр—механикалық күшті өлшейтін аспап.

**DİNAR** *is. Ar.* 1. Динар—шамамен алтын лираның төртте біріне тең ескі ақша. 2. Динар—кейбір қазіргі араб елдерінің ақша атауы.

**DİNCİ** *is.* Дінші, діни көзқарастарды жаюшы.

**DİNÇ** *s.* Мықты, қайратты, әлді, күшқуаты мол, тың. *Dinç bir ihtiyar.* Мығым шал.

**DİNÇLEŞMEK** (*nsz*) Мықты, қайратты, күш-қуаты мол болу.

**DİNÇLİK**, -ği *is.* Мықтылық, қайраттылық, әлділік, қуаттылық.

**DİNDAR** *s. ve is. Ar. Far.* Диндар, дінге сенгіш, дінге берілген, құдайшыл.

**DİNDARLIK**, -ğı *is.* Дінге берілгендік, діншілдік.

**DİNDAŞ** *is.* Діндес, бір дінге сенетін, діні бірге. *dindaş olmak* діндес болу.

**DİNDİRMEK** (-i) Тыю, тоқтату, басу. *İlaç dış ağrısını dindirdi.* Дәрі тіс ауруын басты. *Yürek acısını dindirecek sözler.* Көңіл қайғысын жұбататын сөздер.

**DİNEN** *zf. Ar.* Дін тұрғысынан, діни тұрғыдан. *İçki içmek dinen yasaktır.* Ішімдік ішуге діни тұрғыдан тыйым салынады.

**DİN FELSEFESİ** *is.* Діни философия.

**DİNGİL** *is.* Білік, белдік, белағаш.

**DİNGİLDEK** *s.* 1. Босаң, солқылдақ, орнықсыз. 2. *mec.* Қажыған, шаршап-шалдыққан, жүйкесі тозған, шаршаған. *Sinir sistemleri dingildek olan adam.* Жүйкесі жұқарған адам. 3. *mec.* Пәтуасыз, уәдеде тұрмайтын,

табансыз. *Dingildek insan*. Пәтуасыз адам.

**DİNGİLDEMEK** (*nsz*) 1. Теңселу, шайқалу, тербетілу. 2. (қорқудан) Қалтырау, дірілдеу.

**DİNGİN** *s.* 1. Тыныш, тынық, қозғалысыз, сыбырсыз. 2. *tec.* Әлсіреген, болдырған, күш-қуаты азайған, дәрменсіз. *Dingin bir at*. Болдырған ат.

**DİNGİNLİK**, **-ği** *is.* Тыныштық, қимылсыздық, қыбыр етпеушілік.

**DİNİ** *s. Ar.* Діни, дінге қатысты, дінге тән.

**DİNİ BÜTÜN** *s.* Дінге берік, діни сенімі күшті.

**DİNLEMEK** (*-i*) 1. Тыңдау, құлақ қою, зер салу. *Şarkı dinlemek*. Ән тыңдау. *Genç memur kızı dikkatle dinlemekten sonra biraz düşündü*. Жас қызметкер қызды мұқият тыңдағаннан кейін біраз ойланып қалды. 2. Құлақ асу, санасу, айтқан тілді алу, тыңдау. *Beni dinlersen bu işten vazgeç*. Мені тыңдасаң, бұл істен бас тарт. 3. Құлдық қылу, бас ию, айтқанынан шықпау.

**DİNLENDİRİCİ** *s.* Тыныштандыратын, көңілін жайландыратын, шаршағанды басатын.

**DİNLENDİRMEK** (*-i*) 1. Тынықтыру, дем алдыру, шаршағанын басу. *Bir saat kafamı dinlendirdim*. Бір сағат басымды тынықтырдым. 2. (егістік танап) Дем алдыру. 3. *hlk.* (жарық т.б.) Сөндіру.

**DİNLENMEK** (*nsz*) 1. Демалу, тынығу. *Şuraya biraz oturalım da dinlenelim*. Ана жерге біраз отырып дем алайық. *Birkaç gün dinleneceğim*. Бірнеше күн дем аламын. 2. Тыңдалу, құлақ салыну. *Sözüm dinlenmedi*. Олар мені тыңдамады. 3. Бұқтыру, тағамға әр түрлі тұздықтар салып, дәмін кіргізу үшін жауып қою.

**DİNLETMEK** (*-i, -e*) Тыңдату, құлақ салдыру. *Kendini dinletmek*. Өзін тыңдата білу. *Lâf dinletmek*. Сөзін тыңдата білу.

**DİNLEYİCİ** *is.* Тыңдаушы. *Konferanstaki dinleyicilerden biri söz istedi*. Конфе-

ренциядағы тыңдаушылардың бірі сөз сұрады.

**DİNMEK** (*nsz*) 1. Тыну, басылу, тоқтау, доғарылу. *Firtuna dinmeye başladı*. Дауыл саябырлана бастады. *Kan dindi*. Қан тоқтады. *Yağmur dindi*. Жаңбыр басылды. 2. Сөйлемей, үндемей, ләм-мим демеу. 3. Басылу, тыйылу, тоқтау. *Diş ağrısı dinmedi*. Тіс ауруы басылмады.

**DİNOZOR** *is. Fr. zool.* 1. Динозавр—ертедегі жыртқыш, алып кесіртке. 2. *tec.* Ескішіл, ескіні қолдағыш, кертартпа адам.

**DİNSEL** *s. bk. Dinî*.

**DİNSİZ** *s.* 1. Дінсіз, дінге сенбейтін, құдайды мойындамайтын. 2. *tec.* Мейірімсіз, қатыгез.

**DİNSİZLİK**, **-ği** *is.* Дінсіздік, дінге сенбеушілік.

**DİP**, **-bi** *is.* 1. (теңіз, көл т.б.) Түп. *Deniz dibi*. Теңіздің түбі. 2. (қазан, кастрөл т.б.) Түп. *Tencerenin dibi*. Кастрөлдің түбі. 3. (ағаш т.б.) Түп, астыңғы жағы. *Ağacı dibinden kesmek*. Ағаштың түбінен кесу. *Saç dibi*. Шаштың түбі. 4. Түкпір, қак орта. *Salonun dibindeki masalar*. Залдың ортасында тұрған үстелдер. *dip dibe* қаз-қатар, қатар-қатар. *dibi görünmek* түбі көріну, түгесілу, таусылу.

**DİPÇİK**, **-ği** *is.* Дүм (мылтықтың).

**DİPÇİKLEMEK** (*-i*) Мылтықтың дүмімен ұрып-соғу.

**DİPDAM** *is. bk. Hapishane*.

**DİPDİNÇ** *s.* Тып-тын, мып-мығым, әлді.

**DİPFRİZ** *is. İng.* Мүздатқыш.

**DİP KOÇANI** *is.* Түбіршек, түбіршік—есеп-қисап жасасқанда қолда қалатын құжат қағаз.

**DİPLEMEK** (*-i*) 1. (осімдік) Түбімен қопару. 2. *hlk.* Сіміріп салу, қағып салу.

**DİPLİ** *s.* Түбі бар.

**DİPLOMA** *is. İt.* Диплом, куәлік, аттестат. *Hekimlik diploması*. Дәрігерлік диплом. *Lise diploması*. Орта мектеп бітіргені туралы аттестат.

**DİPLOMALI** *s.* Дипломды, дипломы бар. *Diplomalı mühendis*. Дипломды инже-

нер.

**DİPLOMASIZ** *s.* Дипломсыз, дипломы жок.

**DİPLOMASİ** *is. Fr.* 1. Дипломатия—белгілі бір мемлекеттің сыртқы және халықаралық саясатын жүргізу жөніндегі үкімет әрекеті. *Diplomasi yoluyla.* Дипломатия жолымен. 2. Дипломаттық қызмет. 3. *mec.* (шешілуі қиын бір іс я мәселе қаралғанда көрсетілген) Тәсілқойлық, айлакерлік, әдісқойлық.

**DİPLOMAT** *is. Fr.* 1. Дипломат—шет мемлекеттермен сыртқы қарым-қатынас ісін жүргізетін адам. 2. *mec.* Әр шаруаның иінін келтіріп, қисынын табатын адам.

**DİPLOMATİK** *s. Fr.* Дипломаттық, дипломатияға байланысты.

**DİPLOMATİK DİL** *is.* Дипломаттық тіл.

**DİPNOT** *is.* Сілтеме, түсіндірме—кітап бетінің төменгі жағына берілетін қосымша мәлімет.

**DİPSİZ** *s.* Түпсіз, түбі жок.

**DİRAYET** *is. Ar.* Қабілет, бейімділік, тапқырлық, зеректік, зейінділік.

**DİRAYETLİ** *s.* Қабілетті, іскер; тапқыр, зерек, зейінді.

**DİRAYETSİZ** *s.* Қабілетсіз, қабілеті жок, икемсіз.

**DİRAYETSİZLİK**, *-ği is.* Қабілетсіздік, қабілеті жоктық, икемсіздік.

**DİREK**, *-ği is.* 1. Сырық, сырғауыл, қада. 2. Бағана, тірек, тіреу. *Çadır direği.* Шатыр тірегі. *Telgraf direği.* Телеграф бағанасы. 3. *mec.* Басты, негізгі, шешуші адам. *direk gibi* тұлғалы, тұрпатты, ірі (адам).

**DİREKSYON** *is. Fr.* (машина, кеме т.б.) Руль, тұтқа. *direksyon sallamak (argo)* (машина т.б.) жүргізу, айдау. *direksyona geçmek* 1) рульге отыру. 2) *mec.* басқару, басшылық ету.

**DİREKT** *zf. Fr.* Түп-тура, тіке, төтесінен, бұрылмай. *Bu otobüs direkt İstanbul'a gider.* Бұл автобус тура Стамбулға барады.

**DİREKTİF** *is. Fr.* Нұсқау, деректива, тапсырма. *direktif almak* нұсқау, тапсырма алу. *direktif vermek* нұсқау, тап-

сырма беру.

**DİREKTÖR** *is. Fr.* Директор, басқарушы, жетекші. *Bölüm direktörü.* Бөлім бастығы.

**DİREKTÖRLÜK**, *-ğü is.* Дирекция, әкімшілік басқару орны.

**DİREMEK** (*-i, -e*) 1. Таяу, сүйеу, тіреу, тіреп қою, сүйеу. 2. *mec.* Қасарысу, қарсылық көрсету.

**DİRENÇ**, *-ci is.* 1. Қарсылық, қарсы тұрушылық, қарсы тұру. 2. *fiz.* Кедергі.

**DİRENÇLİ** *s.* Қарсы тұра алатын, қарсылық көрсете алатын.

**DİRENGEN S.** Қисық, қыңыр, қикар.

**DİRENGENLİK**, *-ği is.* Қырсықтық, қынырлық, қикарлық.

**DİRENİŞ** *is.* Қарсылық, қарсы тұру, қарсылық көрсету.

**DİRENMEK** (*nsz*) Қарсылық көрсету, қасарысу, илікпеу, қайтпау, табан аудармау. *Kırk lirada direnmekte mana yok.* Қырық лира үшін қасарысқаннан пайда жок. *Çantayı almak isterlerse sakın direnme, ver.* Сөмкені сатып алғылары келсе, байка, қарсылық көрсетпе, бер.

**DİREŞKEN** *s.* Табанды, тиянақты, төзімді.

**DİREŞMEK** (*nsz*) Табандылық көрсету, бетінен қайтпау, беріспеу.

**DİRETMEK** (*nsz*) Қарсылық көрсету, қасарысу, илікпеу, қасарысып тұрып алу, өз дегенінен қайтпау.

**DİREY** *is. zool.* Жан-жануарлар әлемі, фауна.

**DİRGEN** *is. hlk.* Айыр, аша.

**DİRHEM** *is. Ar. esk.* 1. Дирхем—3,12 грамм шамасындағы ауырлық өлшемі. 2. Дирхем, дирхам—күміс ақшаның бір түрі. *dirhemle söylemek (veya konuşmak)* аз немесе баппен жайлап сөйлеу.

**DİRHEM DİRHEM** *zf.* Аздап-аздап, аз-аз, аз мөлшерде.

**DİRİ** *s. ve is.* 1. Тірі, жаны бар, жанды. *Senin ölün değil bana dirin lâzım.* Сен маған өлі емес, тірідей керексің. 2. Қайратты, қуатты, күшті. *Diri bir adam.* Қайратты кісі. 3. Қурамаған, солмаған, сарғаймаған. *Diri yaprak.*

Курамаған жапырақ. 4. Шикі, піспеген. *Pirinçler biraz diri kalmış*. Күріш біраз піспей қалыпты.

**DİRİ DİRİ** *zf.* Тірідей, тірі қалпында.

**DİRİLEŞMEK** (*nsz*) Тірілу, жан біту, жан кіру, жандану.

**DİRİLİK, -ği is.** Тірілік, тірі болушылық.

**DİRİLİŞ is.** 1. Тірілу, жандану. 2. *mec.* Әлдену, күш алу, түрлену. 3. Діни сенім бойынша өлгеннен кейін тірілу, қайтадан жан біту.

**DİRİLMEK** (*nsz*) 1. Әлдену, күш алу, әл жинау, тірілу. *Bir bardak suyu içince dirildi*. Бір стакан су ішкен соң әлденді. 2. (өсімдік т.б.) Жандану, түрлену, жайнау, құлпыру. 3. (ауру адам) Денсаулығы түзелу, жақсару. 4. (өлген нәрсе) Жан біту, тірілу, жандану.

**DİRİLTİCİ s.** Тірілтетін, жан бітіретін, тіршілік беретін.

**DİRİLTMEK** (*-i*) Тірілту, жан бітіру, жандандыру.

**DİRİM is. hlk.** Өмір, тірлік, тіршілік.

**DİRİM BİLİMCİ is. bk.** *Biyolog.*

**DİRİM BİLİMİ is. bk.** *Biyoloji.*

**DİRLİK, -ği is. hlk.** 1. Тірлік, тіршілік, өмір. *Dirliğimden ölüm bana yeğdir*. Мұндай өмірден өлім артық. 2. Тыныштық, дамыл, маза. *dirlik vermemek* тыныштық бермеу, мазалау. *dirlik etmek* тату-тәтті түру.

**DİRLİK DÜZENLİK, -ği is.** Татулық, тату болушылық, жақсы сыйластық, татуластық, ынтымақтастық.

**DİRLİKSİZ s.** Сыйымсыз, сыйыспайтын.

**DİRLİKSİZLİK, -ği is.** Сыйымсыздық, сыйыспаушылық.

**DİRSEK, -ği is.** 1. Шынтақ. 2. Бұрылыс. *Yolun iki dirseği*. Жолдың екі бұрылысының арасында. 3. Киім жеңінің шынтақ тұсы. *Dirseği yurtık*. Шынтағы жыртық. 4. Иін, бүгілме, түбек. *Dirsek mili*. Иінді білік. *dirsek çürütmek* оқудың соңына түсу, кітап кеміру.

**DİRSEK KEMİĞİ is. anat.** Көрі жілік.

**DİRSEKLEMEK** (*-i*) Шынтақпен ұру, шынтақпен итеру.

**DİSİMİLÂSYON is. Fr. gr.** Диссимиля-

ция—сөз ішіндегі ұқсас дыбыстардың біреуінің озге дыбысқа айналып кетуі.

**DİSİPLİN is. Fr.** Тәртіп. *Disiplini bozmak*. Тәртіп бұзу.

**DİSİPLİN CEZASI is.** Тәртіп жоніндегі жаза.

**DİSİPLİNLİ s.** Тәртіпті.

**DİSİPLİNSİZ s.** Тәртіпсіз, тәртібі нашар.

**DİSİPLİNSİZLİK, -ği is.** Тәртіпсіздік, тәртіпсіз болушылық.

**DİSK is. Fr. sp.** 1. Диск. *Disk almak*. Диск лақтыру. 2. Грампластинка.

**DİSKALİFİYE s. Fr.** Дисквалификация. *diskalifiye etmek* дисквалификациялау, жарысқа қатысу, құқығынан айыру. *diskalifiye olmak* дисквалификациялану, жарысқа қатысу құқығынан айырылу.

**DİSK ATMA is. sp.** (атлетизмде) Диск лақтыру жарысы.

**DİSKET is. İng.** Дискета.

**DİSKO is. Fr.** Дискотека, сауық кеші.

**DİSKOTEK, -ği is. Fr.** 1. Дискотека—күй табақтар мен магнитофон жазбаларының жиынтығы. 2. Дискотека, сауық кеші.

**DİSPANSER is. Fr.** Диспансер—белгілі бір ауруды емдейтін және одан алдын ала сақтандыратын арнаулы медициналық мекеме. *Çocuk dispanseri*. Балалар диспансері.

**DİSTRİBÜTÖR is. Fr.** Таратушы, үлестіруші, бөлуші.

**DİSTRİBÜTÖRLÜK, -ğü is.** Таратушылық, үлестірушілік.

**DİŞ is.** 1. Тіс. *Diş çekmek*. Тіс жұлдыру. 2. (ара, сайман т.б.) Тіс. 3. Бөлік, пай. *Bir diş sarımsak*. Сарымсақтың бөлігі. (*birine*) *diş bilemek* тісін қайрау, өшігу, өштесу. *diş geçirmek* айтқанын ісету, айдауына жүргізу, сөзін тыңдау. *diş göstermek* күш көрсету, сес көрсету. *dişe dokunmak* жарамды, іске татырлық, іліп аларлық болу. *dişinden tırnağından artırmak* (ақша) аузынан жырып жинау. *dişini sıkamak* жоқтыққа, мұқтаждыққа төзу, шыдау, төзімділік көрсету, шыдап бағу. *dişini tırnağına takmak* қиындыққа, ауырт



палыққа шыдап бағу, төзімділік көрсету. *dişleri dökülmek* қартаюу, жасы келу.

**DIŞ AĞRISI** *is.* Тіс ауруы.

**DIŞBUDAK**, *-ği is. bot.* Шетен ағашының бір түрі.

**DIŞ ÇEKİMİ** *is.* Тіс жұлу.

**DIŞÇI** *is.* Тіс дәрігері.

**DIŞÇİLİK**, *-ği is.* Тіс емдеу; стоматология.

**DIŞ DAMAK ÜNSÜZÜ** *s. bk. Diş eti damak ünsüzü.*

**DIŞ DUDAK ÜNSÜZÜ** *is. bk. Diş eti dudak ünsüzü.*

**DIŞ ETİ** *is. anat.* Қызыл иек, тістің еті.

**DIŞ ETİ DAMAK ÜNSÜZÜ** *is. gr.* Тіс алды дауыссызы.

**DIŞ ETİ DUDAK ÜNSÜZÜ** *is. gr.* Тіс пен ерін дауыссызы: ф, в.

**DIŞ ETİ ÜNSÜZÜ** *is. gr.* Таңдай тіс дауыссызы.

**DIŞ FIRÇASI** *is.* Тіс щеткасы.

**DIŞ HEKİMİ** *is. bk. Dişçi.*

**DIŞ HEKİMLİĞİ**, *-ği is. bk. Dişçilik.*

**DIŞI** *is. ve s. anat.* 1. Ұрғашы. *Dişi kedi.* Ұрғашы мысық. 2. Әйел, қатын. 3. Әйелге тән. 4. Ойлы-қырлы болып келетін нәрселердің ойлысы. *Dişi anahtar.* Соңы жыртылай ойық кілт. *Dişi fiş.* Штепсель розетка. 5. (металл үшін) Балқығыш, тез еритін.

**DIŞI BAKIR** *is.* Тез өңделетін мыс.

**DIŞI DEMİR** *is.* Жұмсақ темір.

**DIŞİLEŞMEK** (*nsz*) Ұрғашыға (әйелге) тән қылық көрсету.

**DIŞİLİK**, *-ği is.* 1. Ұрғашылық, ұрғашы болушылық. 2. Әйелге тән болушылық, әйелдік.

**DIŞI ORGAN** *is. bot.* Өсімдік аналығы.

**DIŞLEK** *s.* 1. Тістері алға қарай шығыңқы. *Kız hafifçe dişlektir, gülünce belli olur.* Қыздың аздап тістері алға шығыңқы, күлген кезде білінеді. 2. *mec.* Азулы, мықты, күшті (адам).

**DIŞLEMEK** (*-i*) Тістесу, тісін батыру, тісімен қыршып алу, тістеп алу. *Bu elmayı kim dişledi?* Алманы кім тістеді?

**DIŞLI** *s.* 1. Тісті, тісі бар. *Dişli çark.* Тісті

доңғалақ. 2. *mec.* Азулы, күшті, мықты. 3. Шестерня, тісті доңғалақ.

**DIŞLİK**, *-ği is. sp.* Тістік—бокста тісті, ерінді соққыдан қорғау үшін тіске кигізілетін қорғаушы.

**DIŞ MACUNU** *is.* Тіс пастасы.

**DIŞSİZ** *s.* Тіссіз, тісі жоқ.

**DIŞ TABABETİ** *is. bk. Dişçilik.*

**DIŞ TABİBİ** *is. Dişçi.*

**DIŞ ÜNSÜZÜ** *is. gr.* Тіс дауыссызы.

**DIŞ TACI** *is. anat.* Тістің сырты, коронка.

**DİTMEK**, *-der (-i)* 1. (жүн, макта) Түту, копсыту, ұлпалау. 2. Майдалау, ұсақтау, ұсақтап бөлу.

**DİV** *is. Far. bk. Dev.*

**DİVAN** *is. Far.* Дуан—түрік сұлтандары кезіндегі төрелер кеңесі. 2. Жинақ—шығыс әдебиетінде шығармалардың жинағы. 3. (жиһаз) Диван, тақтай төсек. 4. *mec.* Мәжіліс. *divan durmak* қадірлі адамның алдында қолдарын айкастырып тік тұру.

**DİVANE** *s.* 1. Жынды, есі ауысқан, есінен танған. 2. *mec.* Құмар, ынтық, ынтызар, асық. *divanesi olmak* құмарту, ынтызар болу. *divaneye dönmek* қатты қайғыру.

**DİVAN EDEBİYATI** *is.* Дуан әдебиеті—XIII-XIX ғасырлар арасында тіл мен тақырыбы жағынан араб-парсы ықпалында дамыған әдебиет түрі.

**DİVANELİK**, *-ği is.* Жындылық, есі ауысқандық, есуастық.

**DİVANIHARP**, *-bi is. Far. Ar.* Әскери трибунал.

**DİVİK**, *-ği is. zool.* Термит—ыстық жакта болатын жарғақ қанатты насеком.

**DİVİT** *is. Ar. esk.* Жазу керек-жарағы.

**DİVLEK**, *-ği is. hlk.* Қалың қабықты піскен қауынның бір түрі.

**DİYABET** *is. Fr.* Диабет, қант ауруы—организмде қант алмасуының бұзылуы.

**DİYABETOLOG** *is. Fr.* Диабетолог, диабет маманы.

**DİYABETOLOJİ** *is. Fr.* Диабетология.

**DİYABET UZMANI** *is. tp. bk. Diyabetolog.*

**DİYAFRAM** *is. Fr. anat.* 1. Диафрагма—көкірек қуысын іш қуысынан бөліп

тұратын көк ет. 2. *fiz.* Диафрагма—оптикалық прибордың ішіндегі жарықты ықшамдап шашыратпай тұратын қалқан.

**DİYAGONAL** *is. Fr.* 1. Диагональ—бедері қиғаш тоқылған мата. 2. *mat.* Диагональ, қиғаш сызық.

**DİYAGRAM** *is. Fr.* Диаграмма, кесте—кез-келген құбылыстың өзгерісін көрсететін графика.

**DİYALEKT is. Fr.** Диалект—бір тілдің жергілікті ерекшеліктері.

**DİYALEKTİK, -ği is. Fr.** 1. Диалектика—табиғаттың, адам қоғамының және ойдың қозғалысы мен дамуының жалпы заңдары. 2. *s.* Диалектикалық. *Diyalektik materyalizm.* Диалектикалық материализм.

**DİYALEKTOLOG is. Fr.** Диалектолог—диалектологиямен шұғылданушы маман ғалым.

**DİYALEKTOLOJİ is. Fr.** Диалектология—тіл ғылымының жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттейтін бөлімі.

**DİYALOG is. Fr.** 1. Диалог—екі не одан да көп адамның сөйлесуі. 2. Сөйлесу, сөйлестіру түрінде жазылған әдеби шығарма. 3. *tec.* Түсінісу, түсінушілік, тіл табысушылық. *diyalog kurmak* түсінісу, ұғыну үшін өзара әңгімелесу, сөйлесу.

**DİYANET is. Ar.** 1. Құдайшылық, діншілдік, құдайға сенушілік. *Diyane sahibi bir adamdır.* Құдайға деген сенімі күшті адам. 2. Дін.

**DİYANET İŞLERİ is.** Дінмен байланысты, дінге қатысты істер. *Diyane işleri müdürlüğü.* Діни басқарма.

**DİYARÖZİTİF is. Fr.** Диапозитив—проекциялау үшін түсірілген фотографиялық сурет.

**DİYAR is. Ar.** 1. Ел, өлке, аймақ. 2. *tec.* Әлем, дүние, жиһан.

**DİYARIGURBET is. Ar.** Жат ел, жат жер. *Diyarigurbette gezmek.* Жат жерде жүру.

**DİYE zf.** 1. Деп—төл сөздің жасалуында қолданылады. *Gelerim diye bağırdı.* Келемін,—деп айқайлады. 2. (екі

сөйлем арасында) ...шығар деп, ...ойлап, ...үшін. *Bugün ders yoktur diye okula gitmedi.* Бүгін сабақ жоқ шығар деп, мектепке барған жоқ. *Gücenirsiniz diye bir şey söylemedim.* Өкпелеп қалатын шығарсыз деп ештеңе айтқан жоқпын. *Acele etmeyiniz diye telefon etmedim.* Асықпауыңыз үшін телефон соғып тұрмын. *Bu işi bitireyim diye geldim.* Осы істі бітіру үшін келдім. 3. Деген, атында, атты. *İnsaf diye bir şey kalmamış...* Қанағат деген бір нәрсе қалмаған... *Neriman diye bir dul.* Нәриман деген жесір әйел.

**DİYESEK, -ği is.** Айтатын, айтылатын сөз. *Diyeceği olmamak.* Айтатын ештеңесі болмай. *Buna diyecek yok.* Бұған айтар сөзім жоқ, ештеңе айта алмассың.

**DİYE DİYE zf.** Айта-айта, қайта-қайта айтып.

**DİYET (I) is. Ar.** Құн, айып, мал, төлем—ислам діні бойынша өлтірілген я жараланған адамнан талап етілетін төлем.

**DİYET (II) is. Fr.** Диета—жеңіл тамақ жеу тәртібі.

**DİYETETİK, -ği is.** Диетика—тамақты шақтап ішу және қандай тамақты қалай ішу жолын көрсететін ғылым.

**DİYETİSYEN is. Fr.** Диета маманы.

**DİYEZ is. Fr. müz.** Диез—дауысты жарты үн (тон) жоғарылататын нота белгісі.

**DİZ is.** Тізе—асық жілік пен ортан жіліктің түйіскен буын тұсы. *diz çökmek* 1) тізерлеп отыру. 2) бас ию, жеңілгенін мойындап бағыну. *dizlerini dövmek* санын соғу, өкініште қалу, алдану. *dize gelmek* тізе бүгу, бас ию, бағыну. *dize getirmek* тізе бүктіру, жеңілгенін мойындату.

**DİZ AÇIRŞAĞI is. hlk.** Тізе ұршығының басы.

**DİZANTERİ is. Fr. tip** Дизентерия—жүкпалы іш ауруы.

**DİZAYN is. İng.** Дизайн, көркем жобалау.

**DİZAYNCI is.** Дизайнер, көркем жобалаушы.

**DİZ BOYU** *zf.* Тізеден, тізе бойы, тізеге дейін.

**DİZ DİZE** *zf.* Тізіліп, қаз-қатар тізіліп (отыру).

**DİZE** *is.* Өлең жолы.

**DİZEL** *is. Alm.* Дизель—мұнаймен жүретін іштен жанғыш двигатель.

**DİZEM** *is. müz.* Ритм, ырғақ, қалып.

**DİZEMLİ** *s.* Ритмді, бір қалыпты, ырғақты.

**DİZGE** *is.* Жүйе, система, рет.

**DİZGELİ** *s.* Жүйелі, системалы, ретті.

**DİZGESEL** *s.* Системалы, жүйелі, ретті.

**DİZGESİZ** *s.* Жүйесіз, жүйеге түспеген, ретсіз.

**DİZGİ** *is.* Терім—баспада терілген әріптер. *Terim yanlışları.* Баспахана қатесі, басылған сөздегі қате.

**DİZGİCİ** *is.* Теруші, наборщик.

**DİZGİN** *is.* Тізгін, жүген. *dizgin vurmak* тізгін тағу, жүген кигізу. *dizginini çekmek* тізгіндеу, еркіне жібермеу. *dizginleri ele almak* тізгінді қолына алу, билік алу, ерік өзіне тию.

**DİZGİNLEMEK** *(-i)* 1. Тізгіндеу, тізгін тағу, жүген кигізу. 2. *mec.* Еркіне жібермеу, билік бермеу.

**DİZGİNSİZ** *s.* 1. Тізгінсіз, тізгіні жоқ. 2. *mec.* Тежеусіз, бетімен кеткен, тізгінсіз.

**DİZİ** *is.* 1. Қатар, сап. *İki dizi inci.* Екі қатар жіпке тізілген інжу. 2. Серия—біртекті заттардың жалғасып келетін тәртібі. 3. *ask.* Сап, қатар. 4. *mat.* Прогрессия—біркелкі арту немесе біркелкі азаю. 5. *sin.* Көп сериалды фильм.

**DİZİ FİLM** *is. sin.* Көп сериалды фильм.

**DİZİLEMEK** *(-i)* 1. Қатарластырып қою, сапка қою. 2. (жіпке) Түзу, өткізу.

**DİZİLİ** *s.* Тізулі, қаз-қатар тізілген, тізіліп қойылған.

**DİZİLMEK** *(-e)* 1. Қатарға тұру, сапка тұру. 2. Тізілу.

**DİZİM** *is.* 1. (баспахана) Теру, терім. *Kıtabın dizimi bitti.* Кітаптың әріп терімі бітті. 2. *gr.* Синтагма—сөйлемдегі сөздердің мағыналық және интонациялық тұтастығына жіктелген тобы.

**DİZİN** *is.* 1. Көрсеткіш, индекс. 2. (кі-

тап, журнал т.б.) Тізім, сан.

**DİZLİK**, **-ği** *is.* 1. Тізеқап. 2. Тізеге дейін келетін, балтырды жауып тұратын шұлық. 3. *hlk.* Шолақ дамбал. 4. *hlk.* Дамбал.

**DİZMEK** *(-i, -e)* 1. (жіпке, сымға) Тізу, тізбектеу, өткізу. *İpliğe boncuk dizmek.* Жіпке моншақ тізу. 2. Қатарластырып қою, тізбектеп қою я бірінің үстіне бірін тұрғызып қою, тізіп қою. *Odanın ortasına masayı koymuş, etrafına sandalyeleri diziyordu.* Бөлменің ортасына үстелді қойып, жан-жағына орындықтарды қатарластырып қойып жатыр еді. 3. (баспахана) Теру. *Harf dizmek.* Мәтін теру. *Harfleri dizmek.* Әріптерді теру. 4. Дайындау, әзірлеу, жасау. *Daha önce kahvaltüyü küçük masaya dizmişti.* Бұдан бұрын еретенгілік асты кішкентай үстелге әзірлеген еді.

**DOBRA DOBRA** *zf.* Тартынбай, именбей, жасқанбай, ашық айту, бүкпесіз сойлесу. *Dobra dobra konuşmak.* Ашық сойлесу.

**DOÇENT** *is. Al.* Доцент—жоғары оқу орнының оқытушыларына берілетін ғылыми атақ.

**DODURGA** *öz. is. tar.* Додурға—Оғыз түріктерінің 24 тайпасының бірінің атауы.

**DOGMA** *is.* Догма—тексерусіз, зерттеусіз соқыр сенімге ғана сүйенген, дәлелденбеген қағида.

**DOGMACI** *s.* 1. Догматтық, догмаға негізделген. 2. *is.* Догматик, догматизмге сенуші.

**DOGMACILIK**, **-ği** *is. fel.* Догматизм—теориялық және саяси мәселелерді зерттеп шешуде нақтылы жағдайларды ескермейтін абстрактілік әдіс.

**DOGMATİZM** *is. Fr. fel. bk. Dogmacılık.*

**DOĞA** *is.* 1. Табиғат, айналадағы дүние, болмыс. *Burada doğa pek zengindir.* Бұл жердің табиғаты өте бай. 2. Қала сыртындағы табиғаты бұзылмаған жер.

**DOĞA BİLGİSİ** *is.* Табиғаттану, жаратылыстану.

**DOĞA BİLİMLERİ** *is.* Жаратылыс ғы-

лымдары.

**DOĞACAK** *s.* Келесі, ендігі, алдағы. *Bu ayda olmazsa doğacak ayda.* Бұл айда болмаса, келесі айда болады.

**DOĞACI** *is. ve s.* Натуралист, табиғатты зерттеуші.

**DOĞACILIK**, *-ği is. fel.* Натурализм.

**DOĞAÇ**, *-cı is. ed.* Импровизация, суырып салып айту, өз жанынан қолма-қол өлең шығара білу.

**DOĞAÇLAMA** *is.* 1. Суырып салма. 2. *zf.* Аяқ астынан қолма-қол. *Doğaçlama şiir söylemek.* Қолма-қол өлең шығару.

**DOĞAL** *s.* 1. Табиғи. *Doğal gaz.* Табиғи газ. 2. Табиғи, жасанды емес. *Doğal sınır.* Табиғи шеғара.

**DOĞAL COĞRAFYA** *is.* Физикалық география.

**DOĞALLIK**, *-ği is.* Табиғилық, табиғи болушылық.

**DOĞAN** *is. zool.* Сүнқар.

**DOĞA ÖTESİ** *is. fel.* Метафизика—идеалистік философияда болмыстың бастапқы негізі туралы ілім.

**DOĞASEVER** *s.* Табиғатты сүйетін, табиғатты қоритын (адам).

**DOĞAÜSTÜ** *s.* Табиғаттан тыс, ғажайып. *Doğaiüstü güç.* Табиғаттан тыс күш.

**DOĞMA BÜYÜME** *zf.* Туып-өскен, шыққан тегі, жері жағынан. *O doğma büyüme İstanbullu.* Ол Стамбулда туып-өскен. 2. *tec.* О бастан, басынан бастап.

**DOĞMAK**, *-ar (nsz)* Туу, дүниеге келу. *Doğduğum yer.* Туған жерім. *Eksik doğmak.* Ерте, уақытынан бұрын туу. *Yeni doğan çocuk.* Жаңадан туған бала. 2. (күн, ай, жұлдыз) Шығу, көтерілу. 3. *tec.* Пайда болу, жарыққа шығу. *Bu sanayi branşı temlekette yeni doğdu.* Бұл өнеркәсіп саласы елімізде жаңадан пайда болды. 4. (ой, пікір т.б.) Туу, келу. *Aklıma bir fikir doğdu.* Басыма бір ой келді. *doğduğuna rişman etmek* көкесін көзіне көрсету, сазайын беру.

**DOĞRAMA** *is.* Ағаш ұсталық жұмыстары.

**DOĞRAMACI** *is.* Ағаш ұстасы, ағаш шебері.

**DOĞRAMAK** *(-i)* Турау, кесу, уату, ұсату. *Eti doğramak.* Ет турау.

**DOĞRU** *s.* 1. Теріс, кедір-бұдырсыз, түзу. *Doğru yol.* Теріс жол. 2. Дұрыс, тура. *Doğru cevap.* Дұрыс жауап. 3. Орынды, ретті, дұрыс. *Bunları sana şimdiden söylemek daha doğrudur.* Бұларды саған қазірден бастап айту ең дұрысы. 4. Шын, рас. *Doğru söz.* Шын сөз. 5. Шындық, ақиқат, дұрыстық. *İşin doğrusunu anlayamadık.* Істің ақиқатын түсіне алмадық. 6. *is. mat.* Түзу. *Ara doğrusu.* Екі нүктені қосатын түзу. 7. *zf.* Қатесіз, дұрыс, кемшіліксіз. *Adam doğru söyledi.* Адам дұрыс айтты. *Çocuk doğru okudu.* Бала қатесіз оқыды. 8. *zf.* Тура, тіке, түп-тура. 9. *-e* Қарай. *Kadın iskeleğe doğru yürüdü.* Әйел айлаққа қарай жүрді. *Bana doğru döndü.* Маған қарай бұрылды. *Eve doğru gitti.* Үйге қарай кетті. 10. *zf.* (мезгіл, уақыт) *Akşama doğru.* Кешке қарай, кешке жақын. *Saat ikiye doğru.* Сағат екіге таман, скіге қарай. *Sabaha doğru.* Таңға жуық. *doğru bulmak* дұрыс деп санау, жөн қору. *doğru çıkmak* айтқаны келу, тура шығу. *doğru durmak* 1) тік тұру, түп-түзу тұру. 2) тыныш тұру. *doğru oturmak* тыныш, шуламай отыру. *doğru sözleyeni dokuz köyden kovarlar* турасын айтқанды тоғыз ауылдан қуады — тура биде туған жоқ.

**DOĞRU AKIM** *is. fiz.* Тұрақты ток.

**DOĞRUCU** *zf.* Турадан, төтеден-төте, түп-тура. *Bu yol doğrucu oraya çıkar.* Бұл жол түп-тура сол жерге апарады.

**DOĞRUCU** *s.* Турашыл, турасын айта-тын, әділ. *doğrucu davut* туралығын айтатын адам.

**DOĞRUDAN DOĞRUYA** *zf.* Тікелей, сатысыз, тура. *Hiç bir işe doğrudan doğruya karışmaz.* Ол ешқандай іске тікелей араласпайды.

**DOĞRU DÜRÜST** *s. ve zf.* Дұрыстап, жөндеп, толықтай, мандытып. *Doğru dü-*

*rüst cevap vermedi.* Мандытып жауап бермеді.

**DOĞRULAMAK** (-i) Раптау, дұрыстығын қуаттау, дәлелдеу, мақұлдау. *Gerçekler bu iddiaları doğrulamıyor.* Болған жайттар осы пайымдауларды растамайды.

**DOĞRULMAK** (nsz) 1. Түзелу, тік тұру, түзулену. 2. (отырған немесе жатқан адам) Тұру, түзелу, жинақталу. 3. *hık.* (ақша) Қамтамасыз етілу. *Nasıl, gündelik doğruldu mu?* Қалай, ақша түсіп жатыр ма? 4. (-e) Бет алу, бағы алу, беттеу.

**DOĞRULTMAK** (-i) 1. Түзету, жазу, кепу. *Aralarında bellerini doğrultmaya-cak kadar yaşlıları da vardı.* Араларында белдерін жаза алмайтындай қарт адамдар да бар еді. 2. Түзеу, дұрыстау. *Yanlışları doğrultmak.* Қателерді жөндеу. 3. Бағыттау, бағыт беру. 4. *hık.* (ақша үшін) Табыс табу, жағдайын көтеру. *Bütçemizi doğrultur, pansiyoner olmaktan vazgeçeriz.* Қаржылық жағдайымызды көтеріп, пансионер болудан бас тартармыз.

**DOĞRULTU** *is.* 1. Бағыт, беталыс, бағдар. 2. Ұстанған жол, бағыт-бағдар.

**DOĞRULUK**, -ğu *is.* Туралық, тура болушылық, әділдік, шыншылдық, шындық, ақиқаттық. *Doğruluk yerini buldu.* Шындық жеңіп шықты.

**DOĞRUSU** *zf.* Ақиқатында, шынында, асылында, дәл мәнінде. *Doğrusu ben bunu senden beklemezdim.* Шынымды айтсам, мен сенен мұны күткен жоқпын.

**DOĞU** *is.* 1. Шығыс, күн шығатын жақ. *Doğuya doğru.* Шығысқа қарай. 2. Жер шарының күн шығысына орналасқан ел. *Uzak Doğu.* Қиыр Шығыс. *Yakın Doğu.* Таяу Шығыс. 3. *s.* Шығыс. *Doğu Anadolu.* Шығыс Анатолия, Түркияның шығысы.

**DOĞU BİLİMCİ** *is.* Ориенталист, шығыстанушы, шығысты зерттеуші—шығыстың тілі мен мәдениетін зерттеуші ғалым.

**DOĞU BİLİMİ** *is.* Шығыстану—шығысты зерттейтін ғылым саласы.

**DOĞULU** *is.* Шығыс тұрғыны.

**DOĞULULUK**, -ğu *is.* 1. Шығыстық, шығыс халқына қатыстылық. 2. *tec.* Шығыстың әдет-ғұрып, дәстүрін сақтаушылық.

**DOĞUM** *is.* 1. Туу, дүниеге келу. *Kolay bir doğum.* Жеңіл босану. 2. Туған жыл. *doğum yapmak* босану, бала табу, туу.

**DOĞUM EVİ** *is.* Перзентхана.

**DOĞUM GÜNÜ** *is.* Туған күн.

**DOĞUMLU** *s.* Туылған. 1980 *doğumlular askere çağrıldı.* 1980 жылы туылғандар өскерге шақырылды. 1939 *doğumludur.* 1939 жылы туылған.

**DOĞUM SANCISI** *is.* Толғақ—босанар алдындағы іштің қатты бүріп, белді сырқыратып ауруы.

**DOĞUM TARİHİ** *is.* Туылған күні, айы, жылы.

**DOĞUM YERİ** *is.* Туылған жері.

**DOĞURAN** *is. zool.* Тірілей туатын. *Doğuran hayvanlar.* Баласын іштен тірі туатын жануарлар.

**DOĞURANLAR** *ç. zool.* Тірілей туатын сүтқоректі жануарлар.

**DOĞURGAN** *s.* 1. Өсімтал, өсіп-өнгіш; көп туатын. *Doğurgan kadın.* Көп туатын әйел. 2. *tec.* Жемісті, өнімді, нәтижелі.

**DOĞURGANLIK**, -ğı *is.* Төлдегіштік, тұқымдылық, көбейгіштік; көп туушылық. 2. *tec.* Жемістілік, өнімділік.

**DOĞURMAK** (nsz, -i) 1. Босану, бала табу, туу. 2. *tec.* Тудыру, себепкер болу.

**DOĞUŞ** *is.* 1. Туу, дүниеге келу. *Çocuğun doğuşu.* Баланың дүниеге келуі. 2. (күн т.б.) Шығу, көтерілу. *Güneşin doğuşu.* Күннің шығуы. 3. Шығу, пайда болу. *Dillerin doğuşu.* Тілдердің шығуы.

**DOĞUŞTAN** *s. ve zf.* Туғаннан, туыстан. *Doğuştan sakat.* Туғаннан мүгедек.

**DOK** *is. İng.* Док—кемені жөндейтін порттағы құрылыс. *Dok işçisi.* Док жұмысшысы, докер.

**DOKSAN** *is.* Токсан.

**DOKSANAR** *s.* Токсаннан, тоқсан-тоқсаннан. *Her birine doksanar lira düştü.* Әрқайсысына тоқсан лирадан тиді.

**DOKSANINCI** *s.* Тоқсаныншы.

**DOKTOR** *is. Fr.* 1. Дәрігер, доктор. 2. Доктор (ғылыми атақ). *Hukuk doktoru.* Заң ғылымдарының докторы.

**DOKTORA** *is. Fr.* 1. Доктор дәрежесін алу үшін тапсырылатын емтихан. 2. Доктор ғылыми дәрежесі. *Doktora tezi.* Докторлық диссертация. *Felsefe doktorasını yapmak.* Философия докторлық диссертациясы бойынша жұмыс жасау. *Avrupa'da doktora yapmış bu doçent beye ne buyrulur?.* Еуропада докторлық дәреже алған бұл доцент мырзаға не айтуға болады?

**DOKTORALI** *s.* Доктор дәрежесін алған, докторлық диссертация қорғаған.

**DOKTORASIZ** *s.* Доктор дәрежесін алмаған, докторлық диссертациясын қорғамаған.

**DOKTORLUK**, **-ğu** *is.* 1. Дәрігерлік мамандық. 2. (кез-келген ғылым саласында) Доктор дәрежесі я ғылыми атағы.

**DOKTRİN** *is. Fr.* Доктрина—ғылыми немесе философиялық теория, саяси бағыт, ілім.

**DOKU** *is. biy.* Ткань—организм жасушаларының тобы.

**DOKU BİLİMCİ** *is.* Гистолог, гистология маманы.

**DOKU BİLİMİ** *is. biy.* Гистология—адам және көп жасушалы жануарлар тканін зерттейтін ғылым.

**DOKUMA** *is.* 1. Тоқыма. *Dokuma makinesi (tezgâhi).* Тоқыма станогы. *Dokuma sanayi.* Тоқыма комбинаты (өнеркәсібі). 2. *s.* Тоқылған, тоқып істелген (мата). 3. *is.* Тоқыма, тоқып істелген бұйым.

**DOKUMACI** *is.* Тоқымашы.

**DOKUMACILIK**, **-ğı** *is.* Тоқымашылық.

**DOKUMAHANE** *is. T. Far.* Тоқыма фабрикасы.

**DOKUMAK** **(-i)** 1. Тоқу; өру. *Halı dokumak.* Кілем тоқу. 2. *hlk.* Ағаштың жемістерін ұрып түсіру.

**DOKUNAÇ**, **-cı** *is. zool.* Қармалауыш—жәндіктердің сезу және қармау мұрты, тұмсығы, аяғы т.б.

**DOKUNAKLI** *s.* Әсерлі, көңіл жібітетін, жүрекке жылы тиетін. *Dokunaklı söz.* Шын көңілден айтылған сөз. *Dokunaklı türküler.* Жүрекке жылы тиетін әндер.

**DOKUNAKLILIK**, **-ğı** *is.* Әсерлілік, тартымдылық, ықпалдылық.

**DOKUNCALI** *s.* Зиянды, пайдасыз, залалды. *Birisine yararlı olan, başka birisine dokuncalı olabilir.* Біреуге пайдалы болған, басқа біреуге зиянды болуы да мүмкін.

**DOKUNCASIZ** *s.* Зиянсыз, зияны жоқ, залалсыз.

**DOKUNMAK (I)** **(-e)** 1. Тию, жанасу, тигізу. *Rüzgâar estikçe dal antene dokunuyor.* Жел ескен сайын бұтақ антенге тиіп кетеді. 2. Араластыру, сапырылыстыру, тиіспеу. *Bu kağıtlara kimse dokunmasın.* Бұл қағаздарға ешкім тиіспесін. 3. Алу, пайдалану, қажетіне жарату. *Buğdaydan, bulgurdan ne varsa kimse dokunmuyor, daha zor günlere saklıyordu.* Бидайдан, жармадан қанша қалса да ешкім алмайтын, бұдан да қиын күндерге сақтап қоятын еді. 4. (денсаулыққа) Зиян келтіру, кеселін тигізу. *Bu yetek bana dokunur.* Бұл тағам менің денсаулығымға зиян келтіреді. *Tütün bana dokunur.* Темекі денсаулығымға зиянды. 5. Тию, сөгу, жәбірлеу. *Çocuğa dokunmayınız!* Балаға тиемеңіз! 6. Көмекші етістік қызметінде жұмсалады. *Bana çok iyiliği dokundu.* Маған көп көмегі тиді. *Belki bir yardımın dokunur.* Мүмкін бір жәрдемім тиіп қалар. 7. Жанына тию, жанды жеріне тию, қатты тию; көңілін босату. *Haysiyete (namusa) dokunmak.* Арына тию. *Onun sözleri bana dokunmaz.* Оның сөздері маған әсер етпейді. *Bu şarkı bana dokunur.* Бұл олең менің көңілімді босатып жібереді. 8. Қатысы болу, байланысы болу. *Eğitime dokunan bir yazı.* Білім беруге қатысы бар мақала.

- DOKUNSAL** *s. biy.* Сезіну, түйсінуден байланысты.
- DOKUNULMAZ** *s. 1.* Қол сұғылмайтын, қол жетпейтін, мызғымайтын. 2. *теc.* Жауапқа тартылмайтын, сыналмайтын.
- DOKUNULMAZLIK**, *-ғи is.* 1. Тиюге, тисуге болмайтындық, жауапқа тартылмайтындық. 2. Дербес құқылық. *Kişi dokunulmazlığı.* Жеке адамның дербес құқылығы. *Milletvekili dokunulmazlığı.* Депутаттың дербес құқылығы, оның озіне уәкілдік берген жоғарғы орынның рұқсатынсыз жауапқа, сотқа тартылмайтындығы.
- DOKUNUM** *is. biy.* Түйсінуден, сезінуден.
- DOKUNUŞ** *is.* Тию, жанасу, тиіп тұру.
- DOKURCUN** *is. hlk.* 1. Мая, шөмеле, көпене. 2. *bk. Dokuztaş.*
- DOKUYUCU** *is. ve s. bk. Dokumacı.*
- DOKUZ** *is.* Тоғыз. *Dokuz buçuk.* Тоғыз жарым. *Dokuz defa gördüm.* Тоғыз рет көрдім. *Dokuz kere iki on sekiz eder.* Тоғыз жердегі екі—он сегіз. *Öğrencilerin yüzde dokuzu.* Оқушылардың тоғыз пайызы. *Dokuz canlı.* Жеті сінірлі, қасқыр тарамысты. *dokuz doğurmak* сабыры таусылу, шыдамсыздана күту.
- DOKUZAR** *s.* Тоғыздан. *Kazancı paylaştılar, dokuzar lira düştü.* Табысты бөлісті, әрқайсысына тоғыз лирадан тиді.
- DOKUZLU** *s. 1.* Тоғыз бөліктен тұратын, тоғыз даналы. 2. *is.* (карта ойыны) Тоғыздық.
- DOKUZTAŞ** *is.* Тоғызтас—тоғыз таспен ойнайтын ойын түрі.
- DOKUZUNCU** *s.* Тоғызыншы.
- DOKÜMAN** *is. Fr.* Документ, құжат.
- DOKÜMANTASYON** *is. Fr.* Документация, документтеу, документпен нығайту.
- DOKÜMANTER** *s. Fr.* Документті, документпен дәлелдейтін. *Dokümanter film.* Документті фильм.
- DOLAK**, *-ғи is.* 1. Балақ орауыш, қоныш шұлғау. 2. *hlk.* Бас орамал. 3. *hlk.* Мойын орағыш.

- DOLAMAK** *(-i, -e) 1.* Орау, орап байлау. *Başına bir şal doladı.* Ол басын шәлімен танып алды. *Beline kuşak dolamış.* Беліне белбеу орап алған, белбеу байлаған. 2. Құшақтау, қапсыра қысу. *Bu işi benim başıma doladılar.* Олар бұл жұмысты менің басыма арта салды.
- DOLAMBAÇ**, *-cı is.* 1. (жол) Ирек, бұталақ. *Bu yolun dolambaçları çoktur.* Бұл жолдың ирелені көп. 2. *anat.* Құлақтың құрышы, құлақтың ішіндегі иірім.
- DOLAMBAÇLI** *s. 1.* Ирелендеген, айналмалы, бұрылыс-бұрмасы көп. *Dolambaçlı yol.* Айналмалы жол. 2. *теc.* Шиеленісіп кеткен, шытырман, шешілуі қиын. *Dolambaçlı bir mesele.* Шиеленіскен мәселе.
- DOLAMIK**, *-ғи is.* Тор, ау.
- DOLAN** *is. bk. Yalan dolan.*
- DOLANDIRICI** *is. ve s.* Алаяқ, алдамшы, залым, қу, жылпос.
- DOLANDIRICILIK**, *-ғи is.* Алаяқтық, залымдық, қулық, жылпостық.
- DOLANDIRILMAK** *(nsz)* Алданып қалу, тұзаққа түсірілу, сақал сипап қалу, құр алакан отырып қалу.
- DOLANDIRMAK** *(-i)* Алдап соғу, алдап ұру, алдандырып отырғызып кету.
- DOLANIM** *is. ekon.* Айналым, циркуляция.
- DOLANMAK** *(-e) 1.* Орану, шырмалу, оралу. *Sarmaşık selviye dolandı.* Шырмауық кипариске шырмалып қалды, оралып қалды. 2. Айналу, айнала жүру, шыр айналу. *Akşama kadar evin etrafında dolandı.* Кешке дейін үйдің төңірегінде айналып жүрді. *Bu haber bütün şehirde dolandı.* Бұл хабар бүкіл қалаға тарайды. 3. Айналып өту, айналып шығу. *En emin yol etrafını dolanmaktadır.* Ең дұрыс жол—айналып өту.
- DOLAP**, *-бы is. Ar. 1.* Шкаф. *s. Duvar dolabı.* Қабырға шкафы. *Elbise dolabı.* Көйлек-көншек шкафы. *Sofra takımı dolabı.* Ыдыс-аяқ шкафы. 2. Шығыр. *Kuyu dolabı.* Құдық шығыры. 3. *теc.* Қақпан, тор;

интрига, кастық, жауыздық іс-әрекет. *Çevrilen dolabı sezdi.* Құрылған торды, ойластырылған қастықты сезді. *dolap çevirmek (veya döndürmek)* қастық істеу, ор қазу, тор құру. *dolaba girmek* торға түсу, алданып қалу. *dolabı bozulmak* жоспары жүзеге аспай қалу.

**DOLAPÇI** *is.* 1. Шкаф жасайтын я сата-тын адам. 2. *mes.* Интригашыл адам, қаскүнем адам, алаяқ, алдамшы.

**DOLAŞ** *is. bk. Sarmaş dolaş.*

**DOLAŞIK** *s.* 1. (шаш, жіп т.б. үшін) Шырмалып қалған, шатасып қалған. 2. (жол) Бұрма, бұрыс, айналыс; айналыс, қатпарлы. *Dolaşık yol.* Бұрма жол. 3. (мәселе, іс т.б.) Шатасқан, былыққан, шытырман, шымшытырық. *Birtakım dolaşık işleri yüzünden istifasını verip çekildi.* Бірсыпыра былыққан істеріне байланысты өтінішін беріп кетті. 4. *mes.* Тұспалды, астарлы. *Dolaşık bir deyişle benden yardım istedi.* Астарлы бір түрде менен көмек сұрады.

**DOLAŞIM** *is.* Айналым, циркуляция. *Kan dolaşımı.* Қан айналымы.

**DOLAŞMAK** (*nsz*) 1. Қыдыру, серуендеу, кезу, шарлау, аралау. *Bahçede dolaşmak.* Бау-бақша кезу. *Kayıkla dolaşmak.* Қайықпен серуендеу. 2. Айналып өту, айналып жүру, орағыту. *Bi yoldan gidersiniz, çok dolaşırsınız.* Егер осы жолмен барсаңыз, айналып көп жүресіз. *Dolaş da arka kapıdan gel.* Айналып артқы есіктен кел. 3. (қан) Ағу, жүру. 4. (аяқ) Шалысу; (тіл) күрмелу; (шаша, жіп т.б.) шатысу, шатысып қалу, ұйысу, оралып қалу. *Ayakları birbirine dolaşıyor.* Оның аяқтары бір-біріне шалысып тұр. *Dili dolaşıyor.* Тілі күрмеліп тұр. *Saçları taranmamaktan dolaşmış.* Шашы таралмағаннан ұйысып қалыпты. 5. (әңгіме, сөз) Жайылу, таралып кету, белгілі болу. *Öyle bir rivayet dolaşıyor.* Сондай бір сыбыс таралып жүр. 6. Күзету, күзетіп жүру, карауылдап жүру.

**DOLAY** *is.* Төңірек, өңір, маңай. *Ankara dolaylarında.* Анкара төңірегінде.

**DOLAYI** *is. hlk.* 1. *bk. Dolay.* 2. *e.* Сол себепті, салдарынан, болғандықтан, байланысты. *Bu sebepten dolayı.* Осы себепке байланысты. *Bundan dolayı.* Осыған байланысты. *Hastalığımdan dolayı.* Ауруыма байланысты, ауруымның салдарынан.

**DOLAYISIYLA** *z.f.* 1. Жанамалап, астыртын, тұспалдап. *Dolayısıyla onun ne düşündüğünü anlamış olduk.* Тұспалдап болса да оның не ойлағанын түсіндік. 2. *e.* Себепті, себебімен, салдарынан, арқылы. *İş dolayısıyla onunla da tanıştık.* Жұмыс себебімен онымен де таныстық. *Onu kardeşi dolayısıyla tanırım.* Оны бауыры (інісі, ағасы) арқылы танимын.

**DOLAYLAMA** *is. ed.* Астарлы сөз.

**DOLAYLI** *s.* Жанамалы, тұспалды, астарлы. *dolaylı anlatmak* тұспалдау, астарлап айту.

**DOLAYLI TÜMLEÇ, -ci** *is. gr.* Жанама толықтауыш.

**DOLAYSIZ** *s.* Тура, тікелей. *Kadının üretime dolaysız katılması, ona ekonomik özgürlüğünü sağlamaktır.* Әйелдің өндіріске тікелей араласуы, оның экономикалық еркіндігін қамтамасыз ету.

**DOLDURMAK** (*-i*) 1. Толтыру, толтыра салу, толтыра құю. *Bardağı ağzına kadar doldurdu.* Стаканды шүпілдетіп, аузы-мұрнынан шығарып толтырды. *Sandığı eşya ile doldurdu.* Сандықты затпен толтырды. 2. Оқтау, оқ салу. *Tüfeği doldurdu.* Мытықты оқтады. 3. (іс-қағаз т.б.) Толтыру, тиісті жерге мәлімет жазып беру. 4. (жасқа) Толу. *Kırk yaşını doldurdu.* Қырық жасқа толды. 5. *mes.* Зығырданын қайнату, зығырданын қоздыру, ашуын келтіру. *Biliyorum, seni o gece doldurdular.* Білемін, олар сенің сол түні зығырданынды қайнатып жіберді. 6. (иіс) Мұңқу, (дауыс) қатты шығу, жер жару. 7. Толтыру. *Boşluğu*



- doldurmak*. Бос қалған жерді толтыру; кемістікті толықтыру.
- DOLGU is.** 1. Пломба. *Diş dolgusu*. Тіс пломбасы. 2. (қазылған немесе кен алынған жерлерді толтыруда қолданылатын) Тас, топырақ т.б. нәрселер. 3. Толтыру ісі. *dolgu yapmak* 1) толтыру; 2) тісті пломбаулау.
- DOLGUN s.** 1. Толы, толтырылған, нығыздалған. *Dolgun yastık*. Нығыздалып толтырылған жастық. 2. Толық, етженді, семіздеу. *Dolgun vücut*. Етженді тұлға. 3. (ақша үшін) Көп, мол. *Dolgun aylık*. Жоғары еңбекақы. *Dolgun ücret*. Жақсы айлық. 4. *tec*. Ашу кернеген, зығырданы қайнаған. *Pek dolgun olduğu belliydi*. Қатты зығырданы қайнағаны көрініп тұрды. 5. *tec*. Үндес, сарындас, мазмұндас. *Atasözleri, çoğu zaman dolgun kaftiyelere yaslanıyorlar*. Мақал-мәтелдер көбінесе сарындас ырғақтарға сүйенеді.
- DOLGUNLAŞMAK (nsz)** Жуандау, толысу, толу, семіру.
- DOLGUNLUK, -ğu is.** 1. Толықтық, толыққандық. 2. Семіздік, күйлілік, қондылық. 3. *tec*. Наразылық, ашулылық, кеюшілік.
- DOLİKÖSEFAL, -li is.** *Yun. anat.* Ұзын басты.
- DOLMA is.** 1. Толу. *Havuzun dolması*. Бессейннің толуы. 2. Долма—кейбір көкөністердің ішіне туралған ет, күріш т.б. толтырып дайындалатын тағамның бір түрі. *Kabak dolması*. Фарш салынған кәді. *Patlıcan dolması*. Фарш салынған баклажан. 3. *s*. Үйіндімен немесе топырақпен толтырылған. *Dolma arazi*. Топырақпен толтырылған жер. 4. *argo* Алдау, өтірік, алдамшылық, суайттық, көз бояушылық. *dolma utmak (argo)* сеніп алданып қалу.
- DOLMAK, -ar (nsz)** 1. (егін, дақыл) Пісу, толу. 2. Толу, лық толу, шүпілдеу. *Oda sigara dumanı dolmuştu*. Бөлме темекі түтініне лық толған. *Havuz suyla doldu*. Бассейн сумен толды. 3. (бір жерге адамдар) Жиналу, топтау, толу. *Dükkân müşterisiyle doldu*. Дүкен сатып алушыларға толды. 4. Толу, мерзімі уақытқа жеті. *Süresi doldu*. Мерзімі жетті. *Zaman doldu*. Уақыт толды. 5. *tec*. Ашуға булығы, ыза кернеу, зығырданы қайнау. *dolup taşmak* асып-тасу, мол болу, шарасынан асу.
- DOLMEN is. tar.** Дольмен—екеуі тік тұрғызылған, үшіншісі олардың үстіне қойылған үш жалпақ тастан салынған ескі замандағы қабір.
- DOLMUŞ s.** 1. Толған, толтырылған, бос жер жоқ. 2. *is*. Долмуш—бағыттағы такси, рейсті кішкене кеме. *dolmuş yapmak* 1) жолаушыларды долмушпен тасу. 2) бірнешеуі қосылып машина жалдау.
- DOLOMİT is. Fr.** Доломит—магнезиясы мен кальцийі бар минерал.
- DOLU (I) is.** Бұршақ (жауын). *Dolu yağmak*. Бұршақ жауу.
- DOLU (II) s.** 1. Толы, лықылдап тұрған, бос емес. *Su ile dolu bir şişe*. Су толы бөтелке. 2. Қыруар мол, көп. *Dağda keklik dolu*. Тауда кекілік көп. 3. Қолы тимейтін, қолы бос болмаған. *Bugün doluyum*. Бүгін қолым бос емес, қолым тимейді. 4. Оқтаулы, оқталған. *Tabanca doludur, dikkat edin*. Тапанша оқтаулы, байқаңыз. 5. *is*. Ішімдік толтыра құйылған бокал.
- DOLU DİZGİN zf.** 1. (салт атты және ат арбасы үшін) Бар пәрменімен, бар шабысымен. 2. *tec*. Алдына жан салмай. *dolu dizgin gitmek* 1) бар шабысымен ағызу, зулау. 2) *tec*. алдына жан салмау.
- DOLUM is.** Қүю, толтыру. *Benzin dolum yeri*. Бензин құю орны.
- DOLUNAY is. astr.** Толған ай, айдың толған кезі.
- DOLUŞMAK (nsz)** Жиналу, топталу.
- DOMALMAK (nsz)** Еңкею, басын төмен салып бүгілу, иілу, тоңқаю.
- DOMATES is. bot.** Қызанак, алжұмыр, помидор.
- DOMATES SALÇASI is.** Томат тұздығы, томат соусы.

- DOMBAY** *is. hlk.* Буйвол, енеке—дала сиырының бір түрі.
- DOMESTİK** *s. Fr.* 1. Қолға үйретілген. 2. Қалааралық, аймақтық.
- DOMİNO** *is. Fr.* Домино—28 сүйекпен ойналатын ұпайлы ойын.
- DOMİNYON** *is. İng.* Доминион—Британия империясына қарайтын, бірақ басқару билігі өзіндегі елдердің аты.
- DOMUZ** *is. zool.* 1. Шошқа, доңыз. 2. *hlk.* Қырсық, қыңыр, кертақы. *domuz gibi yemek* қомағайлана асау, ашқарақтана жеу, соғу. *domuzdan kıl çekmek (veya koparmak)* сараң, дүниекор, қайырымсыз адамның қолынан бір нәрсе ала алу, тартып алғандай әрең алу.
- DOMUZ ARABASI** *is.* Қол арба.
- DOMUZAYAĞI** *is.* Тікенекті сым.
- DOMUZLAN** *is. zool.* Сасық қоңыз.
- DOMUZLAŞMAK** (*nsz*) Қасару, қыңыраю, қасарысу.
- DOMUZLUK, -ğu** *is. тес.* Қыңырлық, қасарушылық, қырсықтық. *domuzluk etmek* қырсықтану, қырсығу.
- DOMUZUNA** *zf.* 1. Қасақана, ерегісе, әдейі, қияс. 2. Әбден, мұқият, тиянақты, негізді түрде.
- DOMUZ YAĞI** *is.* Шошқа майы.
- DON (I)** *is. hlk.* 1. Киім, көйлек. 2. Дамбал, іш киім, шолақ дамбал (трусси). 3. (жануар жүні) Түс. *Bu atın donu kırdır.* Бұл аттың түсі сұр. *donuna kacırmak* бұтына жіберіп қою. *donuna yarmak* (бала) бұтына жіберу.
- DON (II)** *is.* Тон, мұз қату. *dona çekmek* (ауа райы су қататын дәрежеде) суу, салқындау. *don çözülmek* ауа райы жылынып, мұз ери бастау. *don kesmek hlk.* (өсімдік) суықтан тоңу, үсіп қалу. *don tutmak* (су) мұз жамылу, мұз қаптау, мұздану.
- DONA KALMAK** (*nsz*) Мелшиіп қалу, қимылдамай қатып қалу, сіресіп қалу.
- DONANIM** *is. den.* 1. (кеме) Желкен жабдықтары. 2. Құрал-сайман, жабдық. *Elektrik donanımı.* Электр жабдығы.
- DONANMA** *is.* 1. Теңіз флоты. 2. Флот—теңіздегі соғыс не сауда кемелерінің

жиынтығы. *Ticaret donanması.* Сауда флоты.

- DONANMAK** (*nsz*) 1. Жасану, әдемі киіну. *Gelin pek güzel donanmış.* Келін әдемі киініпті. 2. Безелу, орану, өшекейлену, өсемдену. *Baharda ağaçlar çiçeklere donandı.* Көктемде ағаштар гүлдерге оранды. *Bütün şehir bayrakla donandı.* Қала жалаумен безенді, өсемденді. 3. Жарықпен өлемілену, өшекейлену. *Baştan başa donanmış.* Бастан-аяқ жарықпен өсемденген қала. 4. Жабдыктану, саймандану, даярлану. *At donandı.* Ат жабдыктанды, даярланды.
- DONATILMAK** (*nsz*) 1. Безендірілу, өшекейлендірілген, өсемдендірілген. *Bahçe renkli ampullerle donatılmış.* Бақша түрлі-түсті лампылармен безендірілген. 2. Жабдыкталу, құралдандырылу, саймандандырылу. *Bu sanayi işletmelerinin hepsi en modern teknikle donatılmıştır.* Бұл өнеркәсіп кәсіпорындарының барлығы қазіргі заманның талабына сай құралдармен жабдықталған.
- DONATIM** *is.* 1. Жабдық, сайман. 2. Жабдықтау, қамдау.
- DONATMAK** (-i) 1. Киіндіру, әдемі киіндіру. *Gelini donatmak.* Келінді әдемі киіндіру. 2. Өшекейлеу, өлемілеу, безендіру. *Misafir salonunu donatmak.* Қонақ бөлмесін безендіру, өшекейлеу.
- DONDURMA** *is.* 1. Тондыру, мұздату. 2. Балмұздақ. *Kaymaklı dondurma.* Қаймақтан жасалған балмұздақ. *Meuveli dondurma.* Жеміс қосылған балмұздақ.
- DONDURMACI** *is.* Балмұздақшы—балмұздақ жасайтын я сататын адам.
- DONDURMAK** (-i) Тоңазыту, мұздату, қатыру, тондату.
- DONDURUCU** *s.* Мұздататын, тондыратын, үсітетін.
- DONE** *is. Fr. bk. Veri.*
- DON GÖMLEK** *zf. tkz.* Көйлек-дамбал киген бойда, ішкіімшен, жеңіл-желпі, желен, жалаң қабат.

**DONKİŞOTLUK**, *-ğu is.* Донкихоттық— керексіз жерде батырсыну, күлкілі кылық көрсету.

**DONLU s.** Дамбал киген, дамбалшан.

**DONMAK, -ar (nsz)** 1. Мүз боп қату, мүздану. *Sular dondu.* Сулар мүз боп қатты. 2. (суықтан, аяздан) Қатып, үсіп өлу. 3. Тону, үсу. 4. Қату, қатаю, беріштену. *Çimento ve alçı çabuk donar.* Цемент пен гипс тез қатып қалады. 5. *mec.* Сілею, мелшиіп қатып қалу, қалшию. *Solonun içinde kimse kimildayamadı. Hepsi olduğu yerde dondu.* Залда тұрғандардың ешқайсысы өрекет ете алмады. Бәрі тұрған жерлерінде мелшиіп қалды.

**DONRA is. hlk.** 1. Қайызғақ. 2. (денедегі) Баттасып қалған кір.

**DONSUZ s.** 1. Дамбалсыз, дамбал кимеген. 2. *mec.* Кедей, жарлы.

**DONUК s.** 1. Күңгірт, көмескі. 2. (көз) Сөнік, жігерсіз, өлімсіреген. 3. *mec.* Жігерсіз, жабырқанқы, жалықтыратын.

**DONUKLAŞMAK (nsz)** 1. Күңгірттену, қараңғылану, сөну, өшу. 2. (терезенің шынысы) Булану, терлеу.

**DONUКLUK, -ğu is.** 1. Күңгірттік, көмескілік, сөнікшілік. 2. Босандық, әлсіздік, солғындық, бостық.

**DON YAĞI is.** 1. Тон май. 2. *mec.* Сүйкімсіз, жиренішті (адам).

**DOPDOLU s.** Топ-толы, толып тұрған, шүпілдеп толып тұрған.

**DOPING is. İng.** Допинг—организмді сергітетін дәрі-дәрмек. *doping uyar-tak* допинг қолдану.

**DOPINGLEMEK (-e)** Допинг алу, қолдану.

**DORU s. ve is.** Торы (жылқы түсі).

**DORUK, -ğu is.** 1. (тау, төбе т.б.) Шын, ұшар басы, биік жері. 2. *mec.* (еңбектің, шығармашылықтың т.б.) Шыңында, биігінде болушылық.

**DORUKLAMAК (-i)** Толтыру, кенересіне жете толтыру, үйіп-төгіп, аузы-мұрнынан шығарып толтыру.

**DORUM is. hlk.** Бота.

**DOSDOĞRU s.** 1. Өте дұрыс, орынды. 2. *zf.* Түп-тура, түп-түзу, еш бұрмасыз,

ауытқусыз. *Dosdoğru bu yoldan gider-seniz oraya çıkarsınız.* Түп-тура осы жолмен жүре берсеңіз, сол жерден шығасыз.

**DOST is. ve s. Far.** 1. Дос, жолдас, жора-жолдас, сырлас, жақын адам. *Can dostum.* Жақын жолдасым. *Kırk yıllık dost.* Қырық жылдық дос, айрылмас, жан дос. 2. *s.* Сыйлас, тату, ынтымақ-ты (адамдар). *Yüzleri tath, dilleri tath, dost insanlardı bunlar.* Бұлар жүздері жылы, тілдері балдай, араларынан қыл өтпейтін адамдар еді. 3. *is.* Ашына, көңілдес. 4. Жанашыр, камқоршы, жақтас, жақтаушы, қолдаушы. *Çocuk dostu.* Балалардың камқоршысы. *Kitap dostu.* Кітап құмар, кітап жинағыш. *dost ağılatır, düşman güldürür (veya dost sözü acıdır).* дос жылатып айтар, дұшпан күлдіріп айтар. *Dost başa düşman ayağa bakar* Дос басқа, дұшпан аяққа қарайды. *dost kara günde belli olur.* Досынның кім екендігін басына іс түскенде білерсін, дос қиын-қыстау күнде белгілі болар. *dost olmak* дос болу, достасу. *dost tutmak* дос қору, дос тұту, жақын тарту, көңілі түсу. *dosta düşmana karşı* дос-дұшпанға таба болмай, таба етпей.

**DOSTÇA s. ve zf.** Досша, досқа ұқсап, дос сияқты.

**DOST DÜŞMAN zf.** Дос-дұшпан, алыс-жақын адамдар.

**DOST KAZIĞI is. tkz.** Дос таяғы—дос адамның алдап кетуі, алдап соғуы, сатқындығы т.б. жайлы айтқанда қолданылады.

**DOSTLAŞMAK (nsz)** Достасу, дос болу, дос ету.

**DOSTLUK, -ğu is.** Достық, жора-жолдастық, жақындастық, ниеттестік. *Dostluk başka, alış veriş başka.* Достықтың орны басқа, сауда-саттық жасау басқа. *dostluk kurmak* достық құру.

**DOSTSUZ s. ve zf.** Досы жоқ, доссыз, жолдассыз.

**DOSYA is. Fr.** 1. Досье—белгілі бір істің

құжаттар жинағы. 2. Іс-қағаздар, құжаттар папкасы.

**DOYA DOYA** *zf.* Тойғанша; құмары қанғанша, мауқы басылғанша. *Doya doya sevdim.* Мауқым басылғанша сүйдім.

**DOYASIYA** *zf. bk. Doya doya.*

**DOYGUN** *s.* Ток, тойған, тойынған.

**DOYGUNLUK**, **-ğu** *is.* Токтық, тойғандық, тоқ болушылық немесе көңіл тоқтығы.

**DOYMAK**, **-ar** (*nsz*) 1. Тою, тойып ішіп-жеу. *Doydum, başka bir şey yiyemet.* Тойдым, енді ештеңе жей алмаймын. *Karnım doydum.* Қарным тойды. 2. *mec.* Қану, қанағаттану, тою. *Dünyanın parasını kazandı, hâlâ doymadı.* Күреkteп ақша тапты, әлі тойған жоқ. 3. *(-e)* Қану, қанып ішу. *Toprak suya doydum.* Жер суға қанды.

**DOYMAZ** *s.* Тойымсыз, қанағатсыз, ашқарақ, нысапсыз.

**DOYMAZLIK**, **-ği** *is.* Тойымсыздық, қанағатсыздық, нысапсыздық.

**DOYUM** *is.* Тойым, қанағат, нысап. *doyum olmamak* тойым болмау, құмары қанбай, жалықпау.

**DOYUNMAK** (*nsz*) Тою, тоя ішіп-жеу.

**DOYURMAK** *(-i, -e)* 1. Тойдыру, тойғызу. *Karnımı doyurmak isterim.* Қарнымды тойғызым келеді. 2. Тойғызу, күнелтуін, тіршілік кешуін қамтамасыз ету. *Bu topraklar milyonlarca kişiyi doyurabilir.* Бұл жерлер миллиондаған адамдарды тойғыза алады. 3. *mec.* Қанағаттандыру, көңіл тойдыру, риза болдыру. *Elli yıl gecikmeyle yapılan bu açıklamanın insanı doyuracak bir yanı yok.* Елу жылдан кейін жасалған бұл мәлімдеменің адамды қанағаттандыратын жағы жоқ.

**DOYURUCU** *s.* 1. Нәрлі, жұғымды, құнарлы, тойдыратын. 2. *mec.* Нанарлық, дәлелді, бұлтартпас, көңілге қонымды. *Soruma doyurucu bir cevap vermediniz.* Сұрағыма көңілге қонымды жауап берген жоқсыз.

**DOZ** *is. Fr.* 1. Доза—дәрінің бір ішім, бір салым мөлшері. 2. *mec.* (іс-әрекет)

Шек, мөлшер, меже. *dozunu kaçırmak* шектен шығу, шамадан тыс кету: *Şakanın dozu kaçmıştı.* Қалжың шегінен шығып кеткен еді.

**DOZAJ** *is. Fr.* Мөлшерлеу, дозалау. *Çimento dozajı.* Цементті мөлшерлеу.

**DOZER** *is. İng. bk. Bulldozer.*

**DÖKME** *is.* 1. Төгу, құю, ақтару. 2. *s.* Құйылған, тогілген. *Dökme su* (бір ыдыстан бі ыдысқа) Құйылған су. 3. Жерде төгіліп, ақтарылып жатқан немесе машинаға, вагонға бос тиелген, ақтарыла тиелген. *Dökme buğday.* Үйіліп-төгіліп жатқан бидай. 4. *s.* Құйма, құйылған. *Dökme çelik.* Құйма болат. *dökme su ile değirmen dönmez* шелектеп құйылған сумен диірмен айналмайды.

**DÖKMESİ** *is.* Құюшы.

**DÖKME DEMİR** *is.* Шойын.

**DÖKMEK** *(-i, -e)* 1. Тогу, құю, ақтару. *Çiçeklere su dökmek.* Гүлдерге су құю. 2. Ағызу, төгу, сорғалату. *Göz yaşını dökmek.* Көз жасын төгу, жылау. *Ter dökmek.* Тер төгу, терлеу. 3. *(-e)* Шашу, себу. *Tavuklara yem dökmek.* Тауықтарға жем шашу. 4. *(-i)* Тастау, түлеу, түсу. *Tavuk tüyünü döküyor.* Тауық түлеп жатыр. *Yapraklarını dökmüş söğüt ağacı.* Жапырақтары түсіп жатқан тал. 5. *(-i)* (денеге бөртпе, ірің т.б.) Шығу, бөртіп шығу. *Çiçek dökü.* Шешек бөртіп шықты. *Kırmızı lekeler dökü.* Қызыл дақтар пайда болды. 6. *(-i)* Құйып жасау, құйып дайындап шығару. *Harf dökmek.* Әріп құйып шығару. 7. *(-i)* (камырдан жасалатын тағамдарды табада) Қызарту, қуыру. *Kadayıf dökmek.* Дөңгелек бүйрекше пісіру. 8. *(-i)* Шоғырлау, жинау, топтау. *Sınıra asker dökmek.* Шекараға әскер жинау. 9. Есепсіз шашу, орынсыз жұмсау. *Para dökmek.* Есепсіз ақша жұмсау. 10. Ұзақ уақыт түсіндіру, айту. *Dil dökmek.* Қайта-қайта айтып түсіндіру. 11. Жок ету, құрту, жою. *Satılmayan hamsileri denize dökü.* Олар сатылмаған шабақтарды теңізге төгіп

жоқ қылды. 12. (оқушылардың көбін емтиханда) Құлату, өткізбеу. *Sınıfin yarisim döktüler.* Сыныптың жартысын өткізбей тастады, құлатты. 13. (іс-әрекеттің бағытын, әңгіменің желісін) Өзгерту, бұрып жіберу. *Bahsi kavgaya dökmek.* Әңгімені ұрысқа айналдырып жіберу. *İşi alaya dökmeyin!* Істі қалжыңға айналдырмаңыз! *döküp saçmak* төгіп шашу, жұмсап тауысу.

**DÖKÜK** s. 1. (шаш) Тарқатылған, жіберілген. *Saçları omuzlarına dökkük.* Шашы иығына төгілген. 2. Қираған, ескірген, бүлінген.

**DÖKÜLMEK** (nsz, -e) 1. Төгілу, құйылу; шашылып қалу, төгіліп қалу. *Çorba döküldü.* Сорпа төгілді. *Çuvaldan arpa döküldü.* Қаптан арпа төгілді, шашылды. 2. Шоғырлану, топтану, топырлап жиналу. *Bahar o sene erken gelmiş, herkes tarlalara dökülmişti.* Сол жылы көктем ерте келіп, бәрі тегіс егіс даласына кеткен еді. 3. (nsz) mec. Тозу, тозығы жету, ескіру. *Evin dökülüyor.* Оның үйі құлайын деп тұр. *Paltosu artık dökülmiş.* Пальтосы қатты тозып кетіпті. 4. (мата) Төгіліп тұру. 5. Шаршап болдыру, шаршап-шалдығу, діңкесі құру. *Bugün dökülüyorum hiçbir iş yapacak değilim.* Бүгін қатты шаршап тұрмын, ешбір іске зауқым жоқ. 6. (өңгіме, іс-әрекет) Басқа бағыт алу, өзгеру. *Sonu kavgaya döküldü.* Соңы ұрыс-керіспен бітті. 7. (өзен) Құйылу. *Denize dökülme.* Теңізге барып құйылу. *dökülüp saçılmak* 1) жалаңаштану, жартылай жалаңаш киіну. 2) көп ақша жұмсау, ысырап қылу, зая кетіру.

**DÖKÜM** is. 1. Балқыту, қорыту, еріту, құю. *Döküm kalıbı.* Құю қалыбы. 2. Талдама, есептеу, пайымдау. *Hesabın dökimü* 1) (мыс., сағып алынған тауар) Толық талданған тізім. 2) Кіріс, шығын есебі. 3. Түсетін, құйылатын кезең. *Yaprak dökimü.* Жапырақ түсетін уақыт.

**DÖKÜMCÜ** is. Құюшы.

**DÖKÜM EVİ** is. bk. *Dökümhane.*

**DÖKÜMHANE** is. T. Far. Құю кәсіпорны, құю заводы. *Top dökümhanesi.* Зеңбірек құю заводы.

**DÖKÜMLÜ** s. Оңай кесіп-пішілетін (мата).

**DÖKÜNMEK** (-e) Құйыну, өзінің үстіне құю. *Su dökünmek.* Су құйыну.

**DÖKÜNTÜ** is. 1. Қокыс, қокыр-соқыр, қокыр, қоксык. 2. (қоғамның дамуынан) Кейін қалғандар, артта қалғандар, мешеу қалғандар. 3. (денеге жаңадан шыға бастаған) Бөртпе, есекжем, сыздауық т.б. жаралар. *Ellerde ekzeme tarzında döküntüler.* Қолдарда есекжемге ұқсайтын бөртпелер. 4. s. Жаман, нашар, керексіз. *Şoföre önce kentin en döküntü mahallelerinin adını söylediler.* Ол шоферға алдымен қаланың ең нашар аудандарының атын айтты. 5. s. mec. Азғын, шіріген, опасыз, сатқын.

**DÖL** is. 1. Ұрпақ, жұрағат, өулет. *Macarların çoğunun bize benzeyişinin bir nedeni de bu döl karışmasıdır.* Мадиярлардың көбінің бізге ұқсауының бір себебі де, ұрпақтардың араласқұралас болуында. 2. Төл; нәресте. *döl almak* (асыл тұқымды малдан) төл алу. *döl vermek* төл беру, төлдеу, балалау.

**DÖL AYI** is. Төл алу науқаны.

**DÖL DÖŞ** is. Ұрпақ, тұқым, нәсіл.

**DÖLEK, -ği** s. hlk. Байсалды, салмақты, өзін-өзі ұстай білетін.

**DÖLLEMEK** (-i) biy. Ұрықтандыру.

**DÖLLENMEK** (nsz) Ұрықтану.

**DÖLÜT** is. biy. Эмбрион, ана құрсағындағы ұрық.

**DÖNDÜRMEK** (-i, -e) 1. Айналдыру, дөңгелету, үйілдіру. *Çarkı döndürmek.* Дөңгелекті (маховик) айналдыру. 2. mec. Айналдыру, ыркына көндіру, басқа күйге түсіру. *Beni serseme döndürdü.* Мені жынды қылып қойды. *Aslanı döve döve kediyе döndürmüşler.* Арыстанды ұрып-ұрып мысыққа айналдырыпты. 3. Сыныпта қалдыру, емтиханнан құлату. *İmtihanda döndürmüşler.* Ол қайта емтихан тапсыруға қалыпты. 4. Істі басқару, жұмыс

жүргізу. *Tek başına bütün evi döndürüyor.* Жалғыз өзі үйдің барлық жұмысын алып жүр. *Tek başına koca daireyi döndürüyor.* Жалғыз өзі үлкен бөлімді басқарады.

**DÖNEÇ**, -ci is. fiz. Ротор—электр машинаның қозғалмалы бөлігі.

**DÖNEK**, -ği is. ve s. Өзгерімпаз, құбылымпаз, сөзінің тұрағы жоқ (адам).

**DÖNEKLİK**, -ği is. Өзгерімпаздық, құбылымпаздық, тұрақсыздық.

**DÖNEM** is. 1. Дәуір, кезең, заман, мезгіл. *Hayatının yeni bir dönemine giriyor.* Өмірінің жаңа бір кезеңіне аяқ басып отыр. *Cumhuriyet dönemi.* Республика дәуірі. *Hazırlık dönemi.* Дайындық кезеңі. 2. Сессия—жылына екі рет қайталанып отыратын, жоғары оқу орындарындағы студенттердің емтихан тапсыру мерзімі. *Kış dönemi sınavları.* Қысқы сессия сынақтары. 3. sp. Раунд.

**DÖNEMEÇ**, -ci is. Бұрылыс, бұрылма, айналмалы бұрылыс, бұлтарыс. *Sert dönemeç.* Шұғыл бұрылыс.

**DÖNENCE** is. astr. Тропик—жер шарының экваторынан солтүстікке және оңтүстікке қарай 23-27 градус қашықтықта орналасқан жер бетіндегі екі жорымал параллель шеңбер. *Oğlak dönencesi.* Ешкі мүйіз тропигі (оңтүстік тропик). *Yengeç dönencesi.* Рак тропигі (солтүстік тропик).

**DÖNER** s. 1. Айналмалы, айналатын. 2. is. Дөнер—тік қойылған істікке өткізілген еттерді айналдыра отырып отқа қақтап дайындаған кәуап түрі.

**DÖNER SERMAYE** is. tic. Айналым капиталы.

**DÖNMEK** (nsz) 1. Айналу, дөңгелену. *Başım dönüyor.* Басым айналып тұр. *Tekerlek dönüyor.* Дөңгелек айналып тұр. 2. (-den, -e) Қайту, қайтып келу. *İstanbul'dan ne zaman döndünüz?* Стамбулдан қашан қайттыңыз? 3. (-e) Бұрылу, бұрылып қарау, бет бұру. *Bana dönerek cevap verdi.* Маған бетін бұрып жауап берді. 4. (-den, -i) Бұрылу, қайырылу, айналу.

*Arkasını dönmek.* Артына қарай бұрылу. *Atlılar köşeyi döndüler.* Аттылар бұрылыстан бұрылды. 5. (-e) Ұқсай, айналу, өзгеру. *Bahçeye emek verilince cennete döndü.* Бақшаға көп еңбек сіңіргеннен кейін, ол жұмаққа айналды. *Kavgadan çıkmış horaza dönmüştü.* Ол ұрыстан шыққан қоразға ұқсап қалыпты. 6. Сыныпта қалу, екінші жылға қалу. 7. Безу, қайту, тану. *Sözünden döndü.* Ол өз сөзінен танып кетті. *dönüp dolaşmak* 1) ұзақ уақыт қыдыру, серуендеу. 2) *tec.* қарастыру, іздеу, іздестіру, әрекет ету.

**DÖNÜK** s. 1. Теріс қарап тұрған, сыртын беріп тұрған. *Ayağa kalkmıştı. Arkası bana dönüktü.* Орнынан тұрып еді. Сол кезде маған теріс қарап тұрған болатын. 2. *tec.* Бағытталған, арналған. *Halka dönük bir eğitim.* Халыққа арналған білім беру.

**DÖNÜM** is. 1. Донім—1000 м.кв. тең жер өлшемі. 2. (кезең, мезгіл, уақыт) Айналып оралу, қайта оралу. *Yıl dönümü.* Жылдық.

**DÖNÜM NOKTASI** is. Үлкен өзгеріс кезеңі, ұлы өзгеріс сәті. *Savaşın dönüm noktası.* Соғыста үлкен өзгерістерге бастау болған сәт.

**DÖNÜŞ** is. 1. Қайту, қайтып келу, кері қайту, шегініс. *Dönüşü olmayan yol.* Шегінісі жоқ жол. *Muhalefete dönüş.* Оппозицияға қайта оралу. 2. Бұрылыс. *dönüşte* 1) қайтар жолда, қайтып келе жатқанында. 2) бұрылыста.

**DÖNÜŞLÜ** s. 1. Қайтатын, қайтып келетін. 2. gr. Өздік (етістік).

**DÖNÜŞLÜ ÇATI** is. gr. Өздік етіс.

**DÖNÜŞLÜ FİİL** is. gr. Өздік етістік.

**DÖNÜŞLÜ ZAMİR** is. gr. Өздік есімдік.

**DÖNÜŞMEK** (-e) Өзгеру, айналу, ауысу. *İstanbul güz mevsiminde yalnız yeşillikten oluşan bir çayıra dönüştü.* Стамбул күзгі маусымда тек жасыл жиектен тұратын көк шалғынға айналды.

**DÖNÜŞÜM** is. Өзгеру, айналу, ауысу; трансформация.

**DÖNÜŞÜMCÜLÜK**, -ğü is. *biy.* Трансформизм—өсімдік пен жәндіктердің өзгеруі және басқа түрге ауысуы жөніндегі ылым.

**DÖNÜŞÜMLÜ** s. Ауыспалы, кезектесіп ауысып тұратын

**DÖRDER** s. Төртеуден, төрт-төрттен.

**DÖRDÜNCÜ** s. Төртінші.

**DÖRDÜZ** s. 1. Төртті бірге туған. 2. is. Бірге туған төрт егіз бала.

**DÖRT**, -dü is. 1. Төрт. 2. Төрт саны кейде “түгел, тегіс, бәрі” мағыналарында қолданылады. *dünyanın dört bucağında* әлемнің барлық жерінен, жан-жақтан. *dört bir taraf* дүниенің төрт бұрышы, бүкіл әлем. *dört dönme* шақшадай басы шарадай болу, не істерін білмей дал болу, басы қату. *dört elle sarılmak (veya yarışmak)* бір іске жан-тәнін салып берілу, кірісу. *dört gözle beklemek* сарылып ұзақ тосу, көп күту.

**DÖRT AYAK**, -ği is. 1. Төрт аяқты жануар. 2. *zf.* Төрт аяқтап. *Dört ayak yürümek.* Төрт аяқтап, еңбектеп жүру.

**DÖRTGEN** is. *mat.* Төртбұрыш. *Dik dörtgen.* Тік төртбұрыш. *Eşkenar dörtgen.* Ромб—төрт қабырғалы жазық төртбұрыш. *Paralel kenar dörtgen.* Параллелограмм—қарама қарсы қабырғалары параллель және тең болатын төртбұрыш.

**DÖRT GÖZ** is. *tkz.* Төрт көз, көзілдірікті адам.

**DÖRT İŞLEM** is. *mat.* Төрт амал—есеп шығару тәсілдері: қосу, алу, көбейту, бөлу.

**DÖRTKENAR** is. *geom. bk.* *Dörtgen.*

**DÖRT KÖŞE** s. Квадрат формалы, төрт бұрышты. *İçerde, penceresiz, dört köşe odanın içine otuz beş kişiyi yığivermişler.* Олар ішке, терезесіз, төрт бұрышты бөлменің ішіне, отыз бес кісіні жинап алыпты.

**DÖRTLÜK**, -ğü is. 1. Төрттік, төрт нәрсеңнің бірігуі, төрт нәрседен тұруы. 2. *müz.* Ширектік—бүтін нотаның төрттен біріне жұмсалатын уақыт мөлшері. 3. *ed.* Төрт жолды өлең шумағы.

**DÖRTNAL** is. 1. Шоқырақ, текірек—аттың ширақ, тез шоқытқан жүрісі. *Dörtнал atı çok yorar.* Шоқырақтап шабу атты қатты шаршатады. 2. *tec.* Бір істі тез, өте жылдам жасау, атқару.

**DÖRTNALA** *zf.* (ат үшін) Шоқырақтап, шоқытып, текіректеп. *dörtнала kaldırmak* шоқытып ала жөнелу. *dörtнала kalkmak* шоқыта желу, шоқыту.

**DÖRT YOL** is. Төрт жол, төрт жолдың түйіскен жері.

**DÖRT YÜZLÜ** is. *ve s. mat.* Төрт жақты (геометриялық дене).

**DÖŞ** is. *hfk.* Төс, кеуде, көкірек. *Bana yastık olsan döşlerin güzel.* Маған жастық болсын сәнді кеуден.

**DÖŞEK**, -ği is. Төсек, кереует. *Odadakileri uyandırmamak için yavaşça döşekten indi.* Бөлмедегілерді ояндырып алмау үшін ақырын ғана төсектен тұрды. *döşeye düşmek* төсек тарту.

**DÖŞELİ** s. 1. Төселген, жабылған (кілем т.б.), төсеніш, төселген (тас төселген). *Halı döşeli bir salon.* Кілем төселген зал. *Muşamba döşeli bir oda.* Линолеум төселген бөлме. 2. Жиһазбен жабықталған. *dayalı döşeli* жиһазбен жақсылап жабықталған.

**DÖŞEM** is. Құрылғы, қондырғы. *Elektrik döşemi.* Электр қондырғысы.

**DÖŞEME** is. 1. Төсеу, жаю, салу. 2. еден, төсем. *Döşeme tahtası.* Еден тақтайы. *Mermer döşeme.* Мәрмәр еден. *Tahta döşeme.* Тақтай еден. 3. (пәтер, үй) Жиһаз, жабықтар. *Döşeme takımı.* Жиһаз гарнитурасы. 4. Қаптағыш зат (диванға, креслоға қапталатын зат). *Döşemesi yırtılıp somyaları dışarı fırlamış bir koltuk.* Қаптағышы жыртылып, серіппесі сыртына шығып кеткен кресло.

**DÖŞEMECİ** is. *ve s.* 1. Паркетші. 2. Жиһаз сатушы.

**DÖŞEMEK** (-i) 1. (тас, ағаш т.б.) Төсеу. *Kaldırım döşemek.* Тротуарды таспен төсеу. *Mermer döşemek.* Мәрмәрмен қаптау. 2. (кілем т.б.) Төсеу, салу, жаю. *Salona halı döşemek.* Залға кілем

- tөсеу. 3. Жиһазбен жабдықтау. *Ev döşemek*. Үйді жиһазбен жабдықтау.
4. Құру, салу, жасау. *telefon hattı döşemek* телефон көбелін құру, жүргізу.
- DÖŞEMELİK**, -ғи *s. ve is.* 1. Еденге төсөлетін материал. 2. *s.* (диван, кресло үшін) Қаптайтын, каптауға арналған. *Döşemelik kumaş*. Қаптайтын мата.
- DÖTERYUM** *is. Fr.* Дейтерий—ауыр сүтек.
- DÖREÇ**, -ci *is. hlk.* Ағаш келі.
- DÖVİZ** *is. Fr.* 1. Девиза—халықаралық есеп айырысуда қолданылатын чек, вексель, қаражат қағазы. 2. Валюта, шетел ақшасы. *Malî döviz bölgesi*. Валюталық аймақ.
- DÖVME** *is.* 1. Ұру, соғу. 2. Денені әшекейлеу немесе адам денесіне салынған әшекей сурет. 3. *s.* Соғылған, қақталған (темір т.б.). *Dövme demir*. Соғылған темір. *dövme uapmak*. денеге әшекей сурет салу.
- DÖVMEK**, -er (-i) 1. Ұру, соғу, сабау, ұрып-соғу, тоқпақтау, түйгіштеу. *Onu döversem elim kurulsın*. Оны сабасам, қолым сынсын. 2. (киіз, төсеніш т.б.) Таяқпен ұрып қағу, тазарту. 3. Түю, жармалау, ұнтақтау. *Döveçle kara biber dövmek*. Келіге салып кара бұрыш ұнтақтау. 4. (жұмыртқа т.б.) Шайқау, көпіршіту. *Yumurtayı iyi dövmeli*. Жұмыртқаны жақсылап шайқау керек. 5. Соғу, басу, қақтау. *Demir dövmek*. Темір соғу. 6. Атқылау, оқ жаудыру. *Düşman sipperlerini dövmek*. Дұшпан окоптарына оқ жаудыру.
- DÖVÜNMEK** (*nsz*) 1. Өзін-өзі тоқпақтау, соғу, өкініште қалу. *Bir kadın dokuz çocukla bir viranenin içinde çırılçıplak kaldım diye dövünüyordu*. Бір әйел тоғыз баламен қараусыз жерде жалаңаш қалдым деп өзін-өзі тоқпақтап жатыр еді. 2. *mes.* Қатты қайғыру, қапа болу, қан жұту, қайғы-қасірет шегу. *Yaptığına çok pişman olmuş dövünüyor*. Ол істеген ісіне қатты өкініп қайғырып отыр.
- DÖVÜŞ** *is.* 1. Ұру, соғу, сабау. 2. Төбелес, ұрыс. *Onunla dövüşse kalksa iki tokatla onu yere serer*. Онымен төбелесетін болса, екі шапалақпен жерге жалп еткізеді.
- DÖVÜŞKEN** *s.* Өжет, өткір; сотқар, төбелескіш.
- DÖVÜŞMEK** (*nsz, -le*) 1. Төбелесу, тартысу, арпалысу. 2. Соғысу, ұрысу, шайқасу. 3. *sp.* Бокстасу.
- DRAGON** *is. Fr.* 1. Айдаһар, аждаһа. 2. *tar.* Драгун—соғыс кезінде аттан түсіп те соғысатын атты әскерлердің бір түрі.
- DRAHMİ** *is. Yun.* Драхма—грек теңгесі.
- DRAJE** *is. Fr.* 1. Сырты тәтті дәрі. 2. Драже—ішінде мейіз бар, ұсақ домалақ кәмпит.
- DRAM** *is. Fr. tiy.* 1. Драма—әдеби жанр. 2. *mes.* Ауыр жағдай, қайғылы оқиға.
- DRAMATİK** *s. Fr.* 1. Драмалық, драма жанрында жазылған. 2. *mes.* Аянышты, жан ашырлықтай.
- DRAMATURG** *is. Fr. tiy.* Драматург—сахнаға арнап шығарма жазатын жазушы.
- DRENAJ** *is. Fr.* 1. Дренаж—өсімдіктерге зиян келтіретін артық суды ағызып жіберу арқылы жерді құрғату. 2. *tp.* Дренаж—жараның іріңін түтік арқылы шығару.
- DREZİN** *is. Fr.* Дрезина—темір жол рельсі бойынша мотормен я қолмен жүргізілетін кішкене арба.
- DUA** *is. Ar.* 1. Құдайға жалыну, жалбарыну, дұға оқу. 2. Дұға—құранның аяттары. *dua etmek* дұға ету, құдайға жалбарыну. *duası tutmak* дұғасы қабыл болу, тілегі орындалу. *duasını almak* алғысын алу.
- DUACI** *is.* (біреу үшін) Дұға оқып амансаулық тілеуші, тілектес болушы.
- DUAHAN** *is. Ar. Far.* Дұға оқушы.
- DUBA** *is.* 1. Жайпақ түп кеме, түбі жалпақ, сүйретпе жүк кемесі. 2. Жүзбелі көпір, қалқымалы көпір, понтон. *duba gibi* бөшке сияқты домаланған семіз (адам).
- DUBARA** *is.* 1. 2:2—ойында ортаға тасалған тастардың екі шұңқыры бар жағы үстіне келуі. 2. *argo* Көз бояу-



шылық, алдамшылық, алаяқтық.

**DUBLĀJ** *is. Fr. sin.* Дубляж—фильмді түсірілгеннен кейін барып дыбыстандыру немесе шетел фильмдерін жергілікті я басқа бір тілге аудару ісі. *Türkçeye dublaj* (фильмді) түрік тіліне дубляж жасау.

**DUBLE** *is. Fr.* Екі есе, екеулік. *Bana bir double bira!* Маған екеулік сыра (өкел, бер, құй)!

**DUBLEKS DAİRE** *is.* Баспалдағы ішінде екі қабатты бір пәтер.

**DUBLÖR** *is. Fr.* Дублер—бір рөлді ойнайтын көмекші ойыншы.

**DUÇAR** *s. Far. esk.* Душар болған, ұшыраған, шалдыққан. *duçar olmak* душар болу, тап болу, шалдығу.

**DUDAK**, **-ği** *is. 1.* Ерін. *2. mec.* Ауыз. *dudak бүkmek* ернін шығару, ұнатпаған, жақтырмаған кейіп білдіру. *dudağa gelmek* сүйісу, өбісу. *dudak sarkıtmak* бүртію, өкпелеу. *dudak ucuyla söylemek* аузын жыбырлату, әрең, зорға сөйлеу. *dudak ısırtmak* таңғалдыру, қайран қалдыру. *dudağının ucuna gelmek* тілінің ұшында тұру.

**DUDAK BENZEŞMESİ** *is. gr.* Ерін үндестігі.

**DUDAK BOYASI** *is.* Далап, помада.

**DUDAK ÜNSÜZÜ** *is. gr.* Еріндік дауысыз.

**DUDU (I)** *is. Far. 1.* Ханым. *Ayşe dudu.* Айше ханым. *2.* Егде, тартқан армян әйел.

**DUDU (II)** *is.* Тоты құс.

**DUDU DİLLİ** *s.* Өңгімешіл, сөзшен, сөзуар.

**DUHUL**, **-lî** *is. Ar. esk.* Кіру, ену.

**DUHULİYE** *is. Ar. esk.* Кіру ақысы.

**DUL** *s. ve is.* Жесір, тұл әйел немесе әйелі өлген я әйелінен ажырасқан ер адам. *dul kalmak* (әйел немесе ер адам үшін) жұбайы, қосағы өлу.

**DULAVRAT OTU** *is. bot.* Түйежапырақ.

**DULDA** *is. hlk. 1.* Қалқа, таса, ық. *2. hlk.* Қамқорлық, қамқор болушылық, пана болушылық.

**DULLUK**, **-ğu** *is.* Жесірлік, тұлдық.

**DUMA** *is. Rus.* Дума, құрылтай, кеңес.

**DUMAN** *is. 1.* Түтін. *Duman borusu.* Пештің түтін шығатын мойны. *2.* Тұман. *Köyülün üstüne boz bir duman çökmüştü.* Ауылының үстін бұлыңғыр тұман басқан еді. *3. argo* (іс т.б.) Сенімсіз, соңы қауіпті, жаман. *İşi (durumu) duman!* Оның ісі (жағдайы) жаман. *4. argo* Есірткі, наркотик. *duman almak* 1) тұман басу, тұман қаптау. 2) темекінің түтінін ішке сору. *duman etmek* 1) берекесін, шырқын бұзу, быт-шыт қылу, тас-талқан ету. 2) жену, женіп шығу.

**DUMANLI** *s. 1.* Түтінді. *Dumanlı barut.* Түтінді дәрі. *2.* Тұманды, мұнарлы, бұлыңғыр. *Dumanlı hava.* Тұманды күн.

**DUMANSIZ** *s.* Түтінсіз. *Dumansız barut.* Түтінсіз дәрі.

**DUMUR** *is. Ar. fizy.* Сему, солу, атрофия. *dumura uğramak* семіп қалу, жансыздану.

**DURAĞAN** *s.* Жылжымайтын, қозғалмайтын, қимылсыз.

**DURAĞANLIK**, **-ği** *is.* Қимылсыздық, қозғалмайтындық, қатып қалушылық.

**DURAK**, **-ğı** *is. 1.* Аялдама. *İlk durakta otobüsten atlayarak geriye döndüm.* Бірінші аялдамада автобустан секіріп түсіп кейін қайттым. *2. ed.* Пауза, тыныс, үзіліс.

**DURAKLAMAK** (*nsz*) *1.* (қозғалыс кезінде қысқа бір уақыт) Кідіру, тоқтау, бөгелу. *Bir dakika araba yerinde durakladı.* Машина бір минут кідіріс жасады. *2. mec.* Мүдіру, сөзден тосылу, бір мезет үнсіз қалу, үн шығармау. *Rüstem hayret içinde durakladı.* Рүстем аң-таң боп сөзден мүдіріп қалды.

**DURAKSAMAK** (*nsz*) Күмәндану, күдіктену, сенімсіздік білдіру, жалтақтау, тайсақтау.

**DURAKSIZ** *zf.* (автобус үшін) Тоқтамастан, аялдамаларда тоқтамастан.

**DURALAMAK** (*nsz*) *bk. Duraklamak.*

**DURDURMAK** (**-i**) Тоқтату, кідірту. *Elini kaldırarak otobüsü durdurdu.* Қолын көтеріп автобусты тоқтатты.

**DURGUN** *s.* 1. Тыныш, тынық, тым-тырыс. *Deniz bugün durgun.* Теңіз бүгін тынық, толқынсыз. 2. *tec.* Жабырқанқы, тұнжыранқы, көңілсіз. *Sizi durgun görüyorum.* Сіз шаршап-шалдыққан, жабырқанқы көрінесіз. 3. *tec.* Тоқыраған, тоқырауға ұшыраған. *Bugün alış veriş pek durgun.* Бүгін сауда жүрмей тұр, тоқырап тұр.

**DURGUNLAŞMAK** (*nsz*) 1. Тыныштану, саябырлану, басылу. *Deniz durgunlaştı.* Теңіз тыныштанды. 2. *tec.* Тұнжырау, жабырқау, қалың ойға бату. *Acı haberi alınca birden durgunlaştı.* Қайғылы хабарды алысымен, оның бірден қабағы түсіп кетті. 3. *tec.* Тоқырау, дағдарысқа ұшырау.

**DURGUNLUK**, *-ğu is.* 1. Тыныштық, дамыл, тыным. 2. Әлсіздік, босандық, солғындық. 3. Тоқырау, тоқтап қалу. *Kan durgunluğu.* Қан тоқтап қалу. *Piyasa durgunluğu.* Сауда-саттықтың, тауар айырбасының тоқырап қалуы. *Sanayi durgunluğu.* Өнеркәсіптің тоқырап қалуы.

**DURMAK**, *-ur (nsz)* 1. Тұру, тұрып қалу, тоқтап тұру. *Sen biraz burada dur.* Сен біраз осы жерде тұра тұр. 2. Тоқтап қалу, тұрып қалу, жұмыс істемеу. *Bileğimdeki saat durmuş.* Қолымдағы сағат тоқтап қалыпты. 3. Тоқтау, кідіру, аялдау. *Yolda neredе çeşme gördümse durdum, elimi yüzümü yıkadım, su içtim.* Жол-жөнекей қай жерден бұлақ көрсем аялдап, беті-колымды жудым, су іштім. 4. (жаңбыр т.б.) Тоқтау, басылу. *Yağmur durdu.* Жаңбыр басылды. 5. Бар болу, ғұмырлы болу, жасау. *Türklerin yüzlerce yıl önceki kitabeleri hâlâ duruyor.* Түріктердің жүздеген жыл бұрынғы жазба есекрткіштері әлі жасап келеді. 6. Бар болу, бола тұру, болу. *Bu kadar dersim dururken sinemaya nasıl gideyim?* Осыншама дәрістерім бола тұра, киноға қалай барамын? 7. Күту, тосу, күтіп тұру. *Oturacak değil, ayakta duracak yer yok.*

Отырып күтпек түгілі, аяқта тұратын жер жоқ. 8. Өмір сүру, тіршілік ету. *Anneannen duruyor nu?* Әжең тірі ме? 9. Тұру, бір жерде тұру, жету. *Kitaplar masanın üzerinde duruyor.* Кітаптар үстелдің үстінде тұр. *durmuş oturmuşluk* жетілу, толысу, кемеліне келу. *durup dinlenmeden* тоқтаусыз, толассыз, үздіксіз. *durup dururken* 1) жайдан-жай, құр бекерге, бостан-босқа. 2) кенеттен, бірден, күтпеген жерден.

**DURU** *s.* 1. Мөлдір, тұнық. *Duru su.* Мөлдір, таза су. 2. (дене) Кіршіксіз, таза.

**DURULMAK** (*nsz*) 1. Тұнықтану, тұну, мөлдірлену, түп-тұнық болу. *Bulanık su duruldu.* Лай су тұнды. 2. (шу, әрекет, жаңбыр, жел үшін) Басылу, тыйылу, тоқтау. *Kar ve fırtına durulmuş, hava birden açivermişti.* Қар мен дауыл басылып, ауа райы кенеттен ашылып кетті. 3. *tec.* Тынышталу, сабасына түсу, басылу.

**DURULUK**, *-ğu is.* 1. Тұнықтық, мөлдірлік. 2. *tec.* (тілді қолданғанда, сөйлегенде) Тазалық, таза сөйлеушілік.

**DURUM** *is.* 1. Жағдай, жай-күй, хал-ахуал, қалып. *Durumu incelemek.* Жағдаймен танысу, байқап білу. *Coğrafya durumu.* Географиялық жағдай. *Sağlık durumu.* Денсаулық күйі. *Hastanın durumu çok ağırdır.* Аурудың хал-ахуалы өте ауыр. 2. Кісінің қоғамдағы орны, қызметі, мәртебесі. 3. *gr.* Септік. *Yalın durum.* Атау септік. *Belirtme durumu.* Табыс септігі. *durumu bozulmak* әлеуметтік жағдайы нашарлау. *durumu düzelmek* әлеуметтік жағдайы жақсару.

**DURUM EKİ** *is. gr.* Септік жалғау.

**DURUM ORTACI** *is. gr. bk. Sıfat-fiil.*

**DURUM ULACI** *is. gr. bk. Zart-fiil.*

**DURUŞ** *is.* Тұрыс, тұру қалпы, өзін ұстау манерасы. *Duruşundan bir derdi olduğu belli.* Тұрған тұрысынан оның бір уайымы бар екені көрініп тұр.

**DURUŞMA** *is. huk.* Сотқа жататын іс. Сот процесі.

- DUŞ** *is. Fr.* Душ. *Duş almak (veya yap-mak)*. Душка түсу, душқа шомылу.
- DUŞ KABİNİ** *is.* Душка түсетін кабина.
- DUT** *is. Fr. bot.* 1. Тұт—жапырағын жібек құрты жейтін ағаш. 2. Тұт ағашының жемісі. *dut gibi* 1) мас болу, есірікте-ну. 2) ұялу, қызару.
- DUVAK**, **-ği** *is.* Келін фатасы, жаулығы. *duvağına doymamak* (қыз) келін болып түсе салысымен өліп кету немесе күйеуінен ажырап қалу.
- DUVAR** *is. Far.* 1. Қабырға. 2. Дуал, қоршау. *Bahçe duvarı*. Бақ дуалы. 3. *mec.* Кедергі. *İki arkadaşın arasında aşılmasa bir duvar vardı*. Екі достың арасында бітпейтін бір кедергі бар еді. *duvar çekmek* 1) дуал тұрғызу, қабырға көтеру. 2) бет көріспей кету, қарымқатынасын үзу. *duvar gibi* саңырау, керең.
- DUVARCI** *is.* Кірпіш, тас қалаушы.
- DUVAR GAZETESİ** *is.* Қабырға газеті.
- DUVAR SAATİ** *is.* Қабырға сағаты.
- DUY** *is. Fr.* Электр патроны.
- DUYARLI** *s.* Сезгіш, әсерленгіш, сезімтал.
- DUYARLIK**, **-ği** *is.* Сезімталдық, сезгіштің, сезімділік; байқағыштық, білгіштік.
- DUYGU** *is.* 1. Сезім, сезіну, көңіл-күй. *Duygu organı*. Сезім мүшесі. *Ödev duygusu*. Борыш сезімі. *Sorumluluk duygusu*. Жауапкершілік сезімі. 2. Сүйіспеншілік. *Vatan duygusu*. Отанға деген сүйіспеншілік. *duyguları açığa vurmak* әсерін, пікірін бүкпелемей ашық айту. *duygularıyla davranmak* байыппен емес, сезімнің күшіне бағынып, сезімге беріліп әрекет ету.
- DUYGULANIM** *is.* Әсер, ықылас, мейірім. *Ona en azından iyi duygulanımlar vermem gerekirken üzüyorum onu*. Ең болмаса оған жақсы әсер қалдыруға тырысудың орнына, мен оны ренжітемін.
- DUYGULANMAK** (*nsz*) Көңілі босау, қобалжу, толқу, елжіреу, көзіне жас алу. *Bu güzel davranışınızdan çok duygulandım*. Сіздің ізгі ниетті іс-әре-

кетіңіз көңілімді босатып жіберді.

**DUYGULU** *s.* 1. Сезімтал, сезгіш, әсершіл, әсерленгіш. 2. Қайырымды, кішіпейіл, зейінді.

**DUYGULULUK**, **-ğu** *is.* 1. Сезімталдық, сезгіштік, әсершілдік, әсерленгіштік. 2. Қайырымдылық, кішіпейілділік, зейінділік.

**DUYGUSAL** *s.* 1. Сезімтал, әсерленгіш, сезімді, сезімшіл, сезімге берілгіш, әсершіл. 2. Көңіл босататын, толқытатын, елжірететін (шығарма немесе адам).

**DUYGUSALLIK**, **-ği** *is.* Сезімталдық, сезімділік, сезімге берілгіштік.

**DUYGUSUZ** *s.* Сезімсіз, ойсыз, түйсіксіз.

**DUYGUSUZLUK**, **-ğu** *is.* Сезімсіздік, сезімі жоқтық, түйсіксіздік.

**DUYMAK**, **-ar (-i)** 1. Есту, құлаққа шалыну. *Kulağımla duydum*. Өз құлағыммен естідім. 2. Құлақтану, хабардар болу, білу. *Yaptıklarımı duydum*. Істеген істерінен хабардар болдым. 3. *mec.* Сезу, байқау, білу. *Yıllar nasıl geçti, duymadım*. Жылдар қалай өте шықты, сезбедім. 4. (сезім мүшелері арқылы) Сезіну, байқау, сезу. *Vicdan azabı duymak*. Ұжданы алдында азап шегу. *Elinin üzerinde bir böceğin gezdiğini duydum*. Қолымның үстінде құрт-құмырсқа жыбырлап жүргенін сездім. *Yemeğin kokusunu duydum*. Тамақтың иісін сездім.

**DUYMAMAZLIK**, **-ği** *is. bk. Duymazlık*.

**DUYMAZLIK**, **-ği** *is.* Естімегенсу; немқұрайдылық, селкостық, селсоқтық, немқұрайды қараушылық. *duymazlıktan gelmek* көңіл бөлгісі келмегендіктен естімегенсу, немқұрайды қарау.

**DUYU** *is.* Түйсік, түйсіну, сезу. *Aşırı duyuy*. Аса сезімталдық. *İşitme duyuları*. Есту түйсіктері.

**DUYUM** *is.* 1. Хабар, мәлімет. 2. Сезім, түйсік.

**DUYURMAK** (**-i, -e**) Естірту, хабарлау, айту. *Söyledim ama, ağır işittiği için duyuramadım*. Айттым, бірақ құлағы ауыр еститіндігінен жеткізе алмадым.

**DUYURU** *is.* Хабарландыру, құлақтанды-

- ру.  
**DÜBBÜEKBER** *öz. is. Ar. astr.* Жетікарақшы.  
**DÜDEN** *is. coğr.* Үңгір, жарық, жарылған жер.  
**DÜDÜK**, -*ğü is.* 1. Ысқырық. *Ben düdük sesi işitir gibi oldum.* Мен ысқырық даусын естіген сияқты болдым. 2. *s. argo* Ақылсыз, ақылы кем, жаңғалақ. 3. Сигнал гудогы. *düdük gibi* (киім) тар, денеге жабысып тұратын.  
**DÜDÜKLEMEK** (-*i*) 1. *argo* Жыныстық қарым-қатынасқа түсу. 2. *argo* Алдау, алдап кету. 3. *argo* Арзанқол бір затты алдап, отірік айтып қымбат бағаға сату.  
**DÜELLO** *is. İt.* Дуэль, жекпе-жек ұрыс. *Düelloya çağırmaq, düelloya davet etmek.* Дуэльге шақыру.  
**DÜĞME** *is.* 1. Түйме. *Düğme deliği.* Түйме ілмегі. 2. Кнопка—саусақпен басу арқылы электр тоғын, әр түрлі механизмдерді іске қосу үшін я токтату үшін қолданылатын жылжымалы түйме. *Elektrik düğmesi.* Электр сөндіргіші.  
**DÜĞMECİ** *is.* Түймеші—түйме жасайтын немесе сағатын адам.  
**DÜĞMEK**, -*er (-i) hlk.* Түю, түйіп байлау.  
**DÜĞMELEMEK** (-*i*) Түймелеу, түймесін салу, ілгектеу.  
**DÜĞMELENMEK** (*nsz*) Түймелену, түймесі салыну, ілгектену.  
**DÜĞMELİ** *s.* Түймелі, түймесі бар, түйме қадалған.  
**DÜĞMESİZ** *s.* Түймесіз, түймесі жоқ.  
**DÜĞÜM** *is.* 1. Түйін, түйілген жер; торап. *Demiryolu düğüm noktası.* Темір жол торабы. 2. *tec.* Шиеленіскен, шешілуі қиын жағдай. 3. *ed.* Шиеленісу. *düğüm atmak* түйіндеу, айқастыра тартып байлау, түйін жасау. *düğümünü çözmek* 1) түйінді шешу, түйінін тарқату. 2) шиеленіскен бір мәселенің мәнісін ашып айқындау, ұйғарымға келу.  
**DÜĞÜMLEMEK** (-*i*) Түйіндеу, түйіндеп байлау, айқастыра тартып байлау.  
**DÜĞÜN** *is.* Үйлену тойы. *Düğün hediyesi.* Үйлену тойына арналған сыйлық.

*Düğün yapmak.* Үйлену тойын жасау.  
 2. Сүндет той.

- DÜĞÜNCÜ** *is.* 1. Той иесі. 2. Тойға шақырушы. 3. Тойға шақырылғандар.  
**DÜĞÜNCÜBAŞI** *is.* Той басы, асаба.  
**DÜĞÜN PİLÂVI** *is.* Той палауы, тойға жасалған палау.  
**DÜK**, -*kü is. Fr.* Герцог—Батыс Еуропадағы жоғары дәрежелі дворяндық атақ.  
**DÜKKÂN** *is. Ar.* 1. Дүкен, магазин. *Bakkal dükkânı.* Бақал дүкені, азық-түлік сатылатын дүкен. 2. Тігінхана, ұстахана, шеберхана. *Berber dükkânı.* Шаштараз. *Çilingir dükkânı.* Ұста дүкені.  
**DÜLDÜL** *is. Ar.* 1. Дүлдүл—пайғамбардың Хазіреті Әлиге сыйға тартқан қашырдың аты. 2. *şaka* (қалжың ретінде айтылады) Нашар, жаман ат. 3. *şaka* Ескі машина.  
**DÜLGER** *is. Far.* Ағаш ұстасы.  
**DÜLGERLÜK**, -*ği is.* Балташылық, ағаш шеберлігін кәсіп етушілік.  
**DÜMBELEK**, -*ği is. Far.* 1. Дүмбелек—беті қон терімен қапталған, дабылға ұқсайтын музыкалық аспап. 2. *s. hlk.* Меніреу, дүлей, дәкір, жарымес.  
**DÜMDÜZ** *s.* 1. Теп-тегіс, кедір-бұдыры жоқ, жазық. *Dümdüz bir yol.* Теп-тегіс жол. 2. *tec.* Қарапайым, қатардағы (адам), жұпыны, жай. 3. *tec.* Өресіз, ой-өрісі тар, білімсіз (адам).  
**DÜMEN** *is. İt.* 1. Тұтка, руль—кеме, ұшақ т.б. механизмді басқару тетігі. 2. *argo* Алаяқтық, залымдық. 3. *tec.* Басқару, басшылық ету. *dümen çevirmek* алаяқтық ету, қулық-сұмдық жасау. *dümen kırmak* бағытын өзгерту.  
**DÜMENCİ** *is.* 1. Тұтқашы—кемеде рульді басқарушы. 2. *argo* Жалқау, үлгермейтін, артта қалған оқушы. 3. *argo* Алаяқ, залым, қу, алдамшы.  
**DÜN** *is.* 1. Кеше. *Dün akşam.* Кеше кешке. *Düne kadar buradaydı.* Ол кешеге дейін осында еді. 2. Өткен уақыт, өткен күндер. *Büğünü anlamak için dünü Bilmek gerek.* Бүгінді жете түсіну үшін өткенді білу шарт керек. 3. *zf.*

Кеше ғана, таяу арада, өткенде ғана.  
**DÜN DEN** *zf.* 1. Кешегі, бұдан бір күн бұрынғы, кешеден. *Dünden kalma yemek.* Кешеден қалған тамақ. 2. Көптен, баяғыдан, бұрыннан. *dünden bugüne* қысқа уақыт ішінде, тез арада. *dünden hazır (veya razı)* өзіне жасалған ұсынысқа шын көңілімен риза болу, қуана-қуана келісу. *dünden ölmüş* жұмысқа, еңбектенуге зауқы жоқ, ынтасы қалмаған.

**DÜNKÜ** *s.* 1. Кешегі, бұдан бір күн бұрынғы. *Dünkü yağmur.* Кешегі жаңбыр. 2. Кешегі, бұдан бұрынғы, өткендегі. 3. *mes.* Жаңа келген, тәжірибесіз, ысылмаған. *O daha dünkü temurdur.* Ол әлі ысылмаған қызметкер.

**DÜNÜR** *is.* Құда,құдағи. *dünür gitmek* құда түсу.

**DÜNÜRCÜ** *is. hlk.* Қызды көруге барушы, жаушы.

**DÜNÜRLEŞMEK** (*nsz, -le*) *hlk.* Құдандаласу, қыз алысып-берісу, құдаласу.

**DÜNÜRLÜK, -gü** *is.* 1. Құдалық, құда болушылық, құда түсушілік. 2. Жекжаттық, сүйек шатыстық.

**DÜNYA** *is. Ar.* 1. Дүние, дүние жүзі, жер шары. 2. Дүние, әлем, дүние жүзі, жиһан. *Dünyanın her tarafına gitmek.* Жер жаһанды кезу. 3. Дүние, өмір, тіршілік. *Dünyayı anlamak.* Өмірді түсіну. 4. Жұрт, ел-жұрт, халық. *Dünya önünde.* Ел-жұрттың алдында. *Dünya ne söylerse söylesin onun umrunda olmuyor.* Жұрт не десе десін, оның ойына кіріп шықпайды. 5. Дүние, орта, топ. *Ressamlar dünyasında onun yeri ayrıdır.* Суретшілер дүниесінде оның орны ерекше. *dünya başına yıkılmak* өмірден түңілу, безу, торығу. *dünya durdukça* мәңгілік, мәңгі бақилық, өмірлік. *dünya yüzü görmemek* күн көзін көрмеу, жабық бір жерде ұзақ уақыт қалу. *dünyadan haberi olmamak* дүниеден, әлемде болып жатқан нәрселерден хабары болмау. *dünyanın dört bucağı* дүниенің төрт

бұрышы. *dünyaya gelmek* дүниеге келу. *dünyayı haram etmek* дүниені қарап қылу, тас-талқан ету.

**DÜNYADA** *zf.* Ешқашан, ешбір заман. *Bu kitabı dünyada kimseye vermem.* Бұл кітапты ешқашан ешкімге бермеймін.

**DÜNYA EVİ** *is.* Үйлену. *Dünya evine gitmek.* Үйлену, тұрмыс құру; әйел алу.

**DÜNYALIK, -ğı** *is.* Дүние, мүлік, дүниемүлік, жиһаз. *dünyalığı doğrultmak* өміріне жететін дүние-мүлік табу,жинау.

**DÜNYANIN YEDİ HARİKASI** *is.* Әлемнің жеті кереметі.

**DÜPEDÜZ** *zf.* 1. Теп-тегіс, кедір-бұдыры жоқ. 2. Тіке, тура, тік. *Adam düpedüz ona diyor.* Адам оның бетіне тіке айтып тұр.

**DÜRBÜN** *is. Far.* Дүрбі, бинокль. *dürbünün tersiyle* елемей, мән бермей, назар аудармай.

**DÜRMEK** (*-i*) Шиыршықтап орау, жұмырлап дөңгелете білемелеп орау. *Halıyı dürmek.* Кілемді шиыршықтап бүктеу. *Kağıdı dürmek.* Қағазды шиыршықтап орау. 2. Бүктеу, бүктеп жинап қою.

**DÜRTMEK, -ar (-i)** 1. (ұшы бар бір нәрсемен) Шұқу, шұқып қалу, тұрту, тұртп қалу. 2. (біреуді шынтақпен, қолмен) Итеру, итеріп жіберу, нұқу. *Dirseğiyle dürttü.* Шынтақпен итеріп жіберді. 3. *mes.* Итермелеу, қайрау, айдап салу. 4. *mes.* Ескерту, алдынала сақтандыру, алдын-ала ескертпін қою.

**DÜRTÜ** *is. psikol.* Қоздырушы, туғызушы, қозғаушы; тұрткі, қозғау, ояту.

**DÜRTÜKLEMEK** (*-i*) 1. Тұрткілеу, қайта-қайта тұрту, шұқылау. 2. *mes.* Біреуді бір іске айдап салу, итермелеу немесе біреуге алдын-ала ескерту жасау.

**DÜRTÜŞLEMEK** (*-i*) Бірнеше қайтара тұрту, тұрткілеу, тұртпектеу.

**DÜRÜLMEK** (*nsz*) 1. Түрілу, қайырылу, шиыршықталу, шиыршықтап оралу.

**DÜRÜM** *is.* Шиыршықтап орау, жұмырлап дөңгелете білемелеп орау, түтіктеп орау.

**DÜRÜMLEMEK** (-i) Шиыршықтау, бір шетін қайырып, жұмырлап дөңгелете орау.

**DÜRÜST** s. *Far.* 1. Әділ, шыншыл, дұрыстықты жақтайтын, шындықты сүйетін (адам). *Dürüst bir adam.* Әділ адам. 2. Дұрыс, қатесіз, кемшіліксіз. *Dürüst bir ifade.* Тура, қатесіз айтылу.

**DÜRÜSTLÜK**, -ğü is. 1. Әділдік, дұрыстық, шындық, турашылық. 2. Дұрыстық, дәлме-дәл келушілік.

**DÜSTUR** is. *Ar. esk.* 1. Ереже, құрал. 2. Заңдар жинағы, кодекс.

**DÜŞ** is. 1. Түс, түс көру. 2. *mec.* Қиял, орындалуы қиын, шындыққа жанаспайтын арман. 3. *mec.* Арман, мақсат, тілек. *düş görmek* түс көру. *düş kurmak* қиялдау, армандау, көксеу.

**DÜŞÇÜ** is. Қиялшыл, арманшыл адам.

**DÜŞÇÜLÜK**, -ğü is. Қиялшылық, қиялға берілгіштік, қиялдағыштық.

**DÜŞE KALKA** zf. Жығылып-сүрініп, бір құлап, бір тұрып, өрең-өрең, зордың күшімен, оліп-талып, зорға.

**DÜŞEY** is. *Far.* Тік, вертикаль.

**DÜŞEYAZMAK** (*nsz*) Құлап қала жаздау, құлай жаздау, жығылып қала жаздау, сүрініп кету.

**DÜŞ GÜCÜ** is. Қиял ұшқырлығы, ой ұшқырлығы.

**DÜŞKÜN** s. 1. Құмар, әуес, құштар. *Giyi-nişe düşkün.* Әдемі киінуді жақсы көретін, жақсы киінуге әуес. *İçkiye düşkün.* Араққұмар, ішкіш. *Lükse düşkün.* Сән-салтанатқа, қымбат нәрселерге құмар, сән қуғыш. *Şöhrete düşkün.* Атаққұмар, мансапқор. 2. *mec.* Абыройы түскен, қадір-қасиетінен айрылған, беделі төгілген. *Düşkün kadın.* Бұрынғы абыройынан, беделінен айрылған әйел. 3. Кедейленген, жағдайы нашарлаған, бейшаралық халге түскен. *Eski arkadaşının düşkün bulunduğu hâlimden anlaşılyordu.* Ескі досының тұрмысының нашарлағаны түрінен көрініп тұр еді. 4. (кәрілік, науқастық себептерімен) Кемтар, жарымжан күйге түскен, жұмыс істеу қабілетінен айрылған, әлі кеткен, күш-қуаттан айырылған. *düşkün*

*olmak* құмар болу, көксеу, қызығу, аңсары ауу.

**DÜŞKÜNLÜK**, -ğü is. 1. Құмарлық, әуесқойлық, ынтықтық. *Alçak gönüllü bir aydın. Hiç gösteriş düşkünlüğü yok.* Ол қарапайым бір зиялы адам. Ешқандай сән-салтанатқа әуесқойлығы жоқ. 2. Жабырқанқылық, селкостық, көңілсіздік. 3. Абыройсыздық, қадірсіздік, маскаралық, ұят жағдай. *Şerefyle, askerce ölüvermiş olsaydı bu düşkünlüğü görmeyecekti.* Намысымен, жауынгерше өле салғанда, бұл маскаралықты көрмес еді. 4. (акша жағынан) Тарығушылық, жоқшылық көрушілік, қысылушылық, мұқтаждық.

**DÜŞLEMЕК** (-i) Елестету, елес құру, ой-елегінен өткізу.

**DÜŞMAN** is. *ve s. Far.* Дұшпан, өштескен, қастасқан адам, қас. *Baş düşman.* Негізгі жау. *Can düşmanı.* Қас дұшпан. *Düşman eline düşmek.* Жау қолына түсу. 3. *mec.* (бір нәрсені көп мөлшерде) Жеп бігіретін, тауысатын. *Ekmek düşmanı.* Нанның жауы. *düşman çatlatmak* жауының ішін күйдіру, қызғандыру. *düşman kesilmek* дұшпандасу, қастасу, өштесу.

**DÜŞMANCA** s. *ve zf.* Дұшпанша, қас адамша, қасша.

**DÜŞMANLIK**, -ğü is. Дұшпандық, өшпенділік, қастық, жаулық.

**DÜŞMEK** (-e) 1. Құлау, түсу. *Ağaçtan yere bir yaprak düştü.* Ағаштан жерге бір жапырақ түсті. *Çocukken ağaçtan düşüp ayağım kırılmıştı.* Бала кезімде ағаштан құлап, аяғым сынған еді. 2. Құлау, жығылу, сүрініп етпетінен түсу. *Çocuk koşarken yere düştü.* Бала жүгіріп бара жатып, жерге мұрттай ұшты. 3. Жауу, түсу. *Dağlara kar düştü.* Тауға қар түсті. *Buraya yağmur düşmedi.* Бұл жерге жаңбыр жауған жоқ. 4. Мезгілсіз, уақытынан бұрын, ерте (өлі) туу. 5. Ықыласы ауу, көңілі түсу, аңсары ауу. *Sen bu işin üstüne çok düştün.* Сен бұл іске ықыласың қатты ауып кетті. 6. Бойын билеу, үйіру, бөй ұру, берілу. *Şüpheye düş-*

*mek.* Күдіктену, секем алу, күмәндану. *Kadınlar telâşa, korkuya düştüler.* Әйелдердің бойын қобалжу, үрей биледі. 7. Дәл келу, жарасу, үйлесу, тура келу. *Bu resim buraya iyi düştü.* Бұл сурет осы жерге дәл келді. 8. Жауапты болу, мойнына жүктелу, міндеттелу. *Vana arada bir bakkaldan tuz, limon almak düşüyor, o kadar.* Маған анда-санда дүкеннен тұз, лимон әкелу жүктеледі, небәрі осы. 9. Түсу, тап болу, ұшырасу. *Çocuk iyi bir öğretmeneye düştü.* Бала жақсы бір мұғалімнің қолына түсті. 10. Тию, бұйыру, нәсіп болу. *Mirastan ona bu ev düştü.* Мирастан оған осы үй тиді. 11. (ақша) Құнсыздану, құнын жоғалту; (жылдамдық) бәсеңдеу, баяулау. *Arabanın hızı düştü.* Машинаның жылдамдығы азайды. *Paranın değeri düştü.* Ақша құнсызданды. 12. Кедейлену, кедейленіп қалу, ойсырап қалу, қайыршылық күйге түсіп қалу. *Babam balıkçı amma, vaktiyle zenginmiş. Sonradan düşmüş.* Әкем балықшы, бірақ кезінде бай болған екен. Кейіннен кедейленіп кетіпті. 13. Түсу, болу. *Yorgun düşmek.* Шаршау, қалжырау. *Zayıf düşmek.* Арықтау, азып кету. *Şehit düşmek.* Шейіт болу, құрбан болу. *Esir düşmek.* Тұтқынға түсу.

**DÜŞÜK, -ğü s. ve is.** 1. Түсіңкі, төмен түскен, салбыраңқы. *Düşük omuz.* Салбыраңқы иық. 2. Аз, төмен. *Düşük faiz.* Аз пайыз. *Düşük fiyat.* Төмен баға. 3. Құнсызданған, құны төмендеген, құнсыз. *Düşük para.* Құнсыз ақша. 4. Жатық емес, үйлесімсіз. *Düşük cümle.* Дұрыс құрылмаған сөйлем. 5. (өкімет, билік) Бұрынғы, өткен. *Düşük idare.* Бұрынғы басшылық. *Düşük iktidar.* Бұрынғы өкімет. 6. is. Түсік. *düşük уармак түсік тастау.*

**DÜŞÜNCE is.** 1. Ой, ойлау, ойлану, толғану. *Bunda bir art düşünce yoktur.* Мұнда тұрған ешқандай жаман ой жоқ. 2. Пікір, көзқарас, тұжырым, пайымдау. *Düşünce birliğine varmak.*

Бір пікірге келу. *Çeşitli düşünceler.* Түрлі пікірлер, көзқарастар. *İki düşünce çarpıştı.* Екі көзқарас бір-біріне кереғар келді. 3. Уайым, қайғы, қам. *Sınıfta kalma düşüncesi uykumu kaçırды.* Сыныпта екінші жылға қалып қою уайымы ұйқымы қашырды. *düşüncesini açmak* ойын, пікірін білдіру. *düşünceye dalmak* ойға бату, ойға шому.

**DÜŞÜNCELİ s.** 1. Ойлы, ойы бар. *Kötü düşünceli.* Арам ойы бар, жаман ойлайтын. 2. *mec.* Қайғылы, қайғысы бар, уайымды. *Kadın biraz düşünceli görünüyor.* Әйел біраз уайымды, мұңды көрінеді. 3. Ұғымтал, түсінігі мол, түсінімпаз.

**DÜŞÜNCESİZ s.** 1. Ойсыз, зердесіз, санасыз. 2. *mec.* Бейқам, уайымсыз, қайғысыз, жайбарақат; жеңілтек.

**DÜŞÜNCESİZLİK, -ği is.** 1. Ойсыздық, зердесіздік, санасыздық. 2. *mec.* Бейқамдық, уайымсыздық, жайбарақаттық, алаңғасарлық, жеңілтектік.

**DÜŞÜNDÜRMEK (-i).** 1. Ойландыру, ойға қалдыру. 2. *mec.* Көңілін тыншытпау, маза бермеу, тынышын алу.

**DÜŞÜNDÜRÜCÜ s.** Ойландыратын, ойға қалдыратын. *Güldürücü ama aynı dercede de düşündürücü hikaye.* Күлдіргі, бірақ та сонымен бірге ой тастайтын, ойға қалдыратын әңгіме.

**DÜŞÜNMEK (-i)** 1. Ойлау, ойланып-толғану. *Ben bunu hiç düşünmemiştim.* Мен мұны ешқандай ойлаған жоқ едім. *Hep sizi düşündüm.* Ылғи да сізді ойладым. 2. Ақылға салу, алдын-ала ойлап алу, ойлап байқау, бағдарлау, ой елегінен өткізу. 3. Ойлап табу, лажын табу, жол табу. *Bu iş için ben bir çare düşündüm.* Бұл мәселеге байланысты мен бір шара ойлап таптым. 4. Қамын ойлау, қамын жеу. *Bizim şirket memurlarını düşünür.* Біздің фирма қызметкерлерінің қамын ойлайды. *Yalnız kendini düşünüyor.* Тек өз қамын ғана ойлайды. 5. Ниет ету, ойлану, ұйғару. *Bir makale yazmayı düşünüyor.* Мақала жазуға

дайындалып жүр. *düşünür taşınmak* ойланып-толғану.

**DÜŞÜNÜR** *is.* Ойшыл, данышпан, дана. *Bu ülkenin düşünürleri az değil.* Бұл елдің ойшылдары аз емес.

**DÜŞÜNÜRLÜK**, **-ğü** *is.* Ойшылдық, данышпандық, даналық.

**DÜŞÜRMEK** **(-e)** 1. Түсіру, түсіріп алу. *Cüzdanımı düşürdü.* Әмиянын түсіріп алды. 2. (баға) Кеміту, түсіру, азайту. *Malın fiyatını düşürmek.* Тауардың бағасын түсіру. 3. (денеден) Түсіру, шығарып тастау, босану. *Çocuk düşürmek.* Түсік тастау, іш тастау. *Çocuk, solucan düşürüyor.* Баланың ішек құртын түсіріп жатыр. 4. Түсіру, ұрып түсіру, қағып түсіру, құлатып кету. *Ağaçtan yemіш düşürdü.* Ағаштан жемісті ұрып түсірді. *Çocuğa çarpıp düşürdü.* Баланы қағып құлатып кетті. 5. **(-i, -den)** (бағалы, қымбат бір затты) Қолға түсіру, ие болу, алу. *Bu güzel halıyı çok ucuzа düşürdüm.* Бұл әдемі кілемді өте арзанға сатып алдым. 6. Аздырып-тоздыру, жүдету, жүдеп-жадату, арықтату. *Annemi verem iyiden iyіye düşürmüştü.* Анамды өкпе ауруды күннен-күнге жүдетіп жіберген еді.

**DÜTTÜRÜ** *s.* 1. Әдеттен тыс, оғаш киінген. 2. *is.* Қысқа әрі тар киім. *düttürü Leylâ* оғаш, тар және шолтиып киінген әйел.

**DÜVEN** *is.* Астық басатын машина.

**DÜYEK** *is.* *Far. müz.* Түрік музыкасындағы ырғақтың бір түрі.

**DÜZ** *s.* 1. Жалпақ, жазық, тегіс. *Düz тала.* Тегіс тақтай. 2. Түзу, тура. *Düz çizgi.* Түзу сызық. 3. Тегіс, кедір-бұдырсыз, жап-жазық. *Düz arazi.* Тегіс жер. 4. Өкшесіз, қысқа окшелі, жай табан. *Düz ayakkabı.* Жай табан аяқкиім. 5. Тайтақ, жайпақ. *Düz tabak.* Жайпақ тәрелке. 6. (шаш) Түзу, бұйрасыз. 7. Қарапайым, жай, жеңіл. *Düz bir anlatım.* Қарапайым тілмен түсіндіру. 8. Бір түсті, бірынғай түсті. *Düz bir kumaş.* Бір түсті мата. 9. *is.* Жазық, тегіс жер.

**DÜZELMEK** **(nsz)** 1. Түзелу, тегістелу, кедір-бұдыры азаю. *Burada toprak basıla basıla düzelmiş.* Бұл жерде топырақ әбден басылып тегістеліп кеткен. 2. Түзелу, тәртіпке келу, жөнге келу, реттелу. *İşler düzeldi.* Іс алға басты. *Oda düzeldi.* Бөлме ретке келді. 3. (ауа райы) Түзелу, жылыну. *Hava düzeldi.* Ауа райы түзелді. 4. (ауру, сырқат) Жақсару, түзелу. *Sihhati düzeldi.* Оның денсаулығы жақсарды.

**DÜZELTME İŞARETİ** *is. gr.* Диакритикалық таңба—дыбысты дәл көрсету үшін әріптің үстіне қойылатын белгі: *kağıt, ilâç* қағаз, дәрі.

**DÜZEN** *is.* 1. Тәртіп, жон, рет; жүйе. *Düşüncelerine bir düzen verdi.* Ойларын жүйеледі. 2. Орналастыру, жайғастыру, рет, қойылу тәртібі. *Odanın düzenini beğenmedim.* Бөлменін жайғастыру тәртібін ұнатпадым. 3. *sos.* Режим, мемлекеттік құрылыс. *Çok partili düzen.* Көп партиялық қоғамдық құрылыс. 4. *müz.* Аккорд. *Düzeni bozuk.* (муз.аспап) Күйленбеген, күйге келтірілмеген. 5. *mec.* Алаяқтық, бұзықтық. *düzen kurmak* 1) ретке, жөнге келтіру. 2) құру, жасау, орнату. *düzen vermek (düzene koymak veya düzene sokmak)* реттеу, ыңғайлау, тәртіпке келтіру.

**DÜZENBAZ** *s. T. Far.* Алаяқ, айлакер, қу, залым.

**DÜZENBAZLIK**, **-ği** *is.* Алаяқтық, айлакерлік, қулық-сұмдық, залымдық.

**DÜZENCİ** *s. bk. Düzenbaz.*

**DÜZENLEMEK** **(-i)** 1. Реттеу, жөнге келтіру, тәртіпке келтіру, жүйелеу. 2. Ұйымдастыру, жасау. *Basın toplantısı düzenlemek.* Баспасөз кездесуін ұйымдастыру. *Grev düzenlemek.* Ереуіл ұйымдастыру. 3. (муз.аспап) Аккорд ету, күйін келтіру.

**DÜZENLEYİCİ** *is.* Ұйымдастырушы, реттеуші.

**DÜZENLİ** *s.* Ретті, жүйелі, тәртіпті.

**DÜZENLİLİK**, **-ği** *is.* Реттілік, жүйелілік, тәртіптілік.



**DÜZENSİZ** *s.* Ретсіз, жүйесіз, жүйеге түспеген, жөнсіз.

**DÜZENSİZLİK, -ği** *is.* Ретсіздік, жүйесіздік, жүйелі тәртіптің жоқтығы.

**DÜZEY** *is.* 1. Деңгей, шек. *Su düzeyi.* Су деңгейі. 2. *mec.* Дәреже. *Eğitim düzeyi.* Білім дәрежесі. *Kültür düzeyi.* Мәдениеттілік дәрежесі.

**DÜZEYLİ** *s.* Мәдениетті, мәдени дәрежесі дамыған, мәдениеті жоғары.

**DÜZEYSİZ** *s.* Мәдениетсіз, мәдениеті жоқ, мәдениеті дамымаған.

**DÜZEYSİZLİK, -ği** *is.* Мәдениетсіздік, мәдениеті жоқтық, мәдени дәрежесі төмендік.

**DÜZGÜ** *is. fel.* Ереже, тәртіп, қағида.

**DÜZGÜN** *s.* 1. Тегіс, кедір-бұдырсыз, жазық. *Düzgün yol.* Тегіс жол. 2. Мінсіз, кем-кетігі, міні жоқ. *Düzgün bir yazı.* Қатесіз жазу. *Düzgün bacaklar.* Түзу аяқ. *Eli yüzü düzgün delikanlı.* Сымбатты, мүсінді бозбала. 3. Ережеге сай. *Düzgün konuşuyor.* Ережеге сай, дұрыс сөйлейді. 4. *mat.* Дұрыс. *Düzgün altıgen.* Дұрыс алтыбұрыш. 5. *is.* (бет үшін) Опа.

**DÜZGÜNLÜK, -ğü** *is.* 1. Тегістік, жазықтық. 2. Реттілік, жүйелілік, тәртіптік.

**DÜZGÜSÜZ** *s.* Қалыптан тыс, ережеге сай емес, бейнормал.

**DÜZİNE** *is. it.* 1. Дюжина. *Bir düzine mendil.* Бір дюжина (он екі дана) қол орамал. 2. *s. mec.* Көп, бірсыпыра. *Bir düzine söz etti.* Бірсыпыра өңгіме айтты.

**DÜZLEM** *s.* 1. Жазық, теп-тегіс. 2. *is. mat.* Жазықтық. *Yatay düzlem.* Көлденең, горизонталь жазықтық.

**DÜZLEMEK (-i)** Тегістеу, теп-тегіс ету, қыртысын жазу, кедір-бұдырын кетіру.

**DÜZLENMEK (nsz)** Тегістелу, жайпақталу, қыртысы жазылу, кедір-бұдыры кету.

**DÜZLEŞMEK (nsz) bk.** *Düzlenmek.*

**DÜZLÜK, -ğü** *is.* 1. Тегістік, тегіс болушылық, жазықтық. 2. Тегіс жер, тегіс алан.

**DÜZMECE** *s.* Қолдан жасалған, өтірік, жасанды, бояма; ойдан шығарылған, жалған. *Düzmece söz.* Ойдан шығарылған сөз.

**DÜZMEK (-i)** 1. Әзірлеу, дайындау. *Çeyiz düzmek.* Қыздың жасауын дайындау. *Ev düzmek.* Үй тұрғызу. 2. Реттеу, жөнге келтіру, жүйелеу. 3. Ойлап табу, ойдан шығару. *Bu haberi kendisi düzmüştür.* Бұл хабарды оның өзі ойдан шығарған. *Yalan düzmek.* Өтірік ойлап табу. 4. *kaba.* Жыныстық қатынасқа түсу.

**DÜZTABAN** *is. anat.* 1. Жалпақ табан, тегіс табан. 2. *s.* Майтабан ауруымен ауыратын, майтабан ауруы бар. 3. *mec.* Бақытсыз, сорлы.

**DÜZ TÜMLEÇ, -ci** *is. gr.* Тура толықтауыш.

**DÜZ ÜNLÜ** *is. gr.* Езулік дауысты дыбыс.

**DÜZ YAZI** *is.* Проза; қара сөзбен жазылған көркем шығарма.

- Е**, **е** түрік әліпбиінің алтыншы әрпі; жінішке, дауысты дыбыс.
- Е** *ünl.* 1. Сөйлемнің басында келіп, “ендеше”, “олай болса”, “демек” сияқты шарт мағыналы сөйлемдердің орнына жұмсалады. *E, git-sin.* Барса, барсын. *E, şimdi bu olmayacak mı?* Е, енді бұл болмайтын болды ма? 2. Таңырқау, әуес, сұрау, келісім, ризалық мағыналарында жұмсалады. *E, artık bu söze diyecek yok.* Иә, енді бұл сөзге айтылар ештеңе жоқ.
- ЕВАТ**, **-dı** *is. Ar.* Көлем, мөлшер, үлкендік, кендік. *ebadında* көлемінде, мөлшерінде, үлкендігінде.
- ЕВЕ** *is.* Кіндік шеше, босануға жәрдем беретін әйел. *Ebe hekim.* Акушер, босанатын әйелге жәрдем ететін дәрігер.
- ЕВЕДІ** *s. Ar.* Мәңгілік, өмірлік, өшпейтін.
- ЕВЕДІЛЕШМЕК** (*nsz*) Есте мәңгі сақталу, мәңгі ұмытылмау.
- ЕВЕДІЛІК**, **-ği** *is.* Мәңгілік, мәңгі-бақилық, өмірлік.
- ЕВЕДІ УYКУ** *is.* Өлім, ажал. *ebedî uykuya dalmak* өлу, өмірі таусылу.
- ЕВЕДИYЕН** *zf.* Өмір бойы, өмір бақи, әрқашан.
- ЕВЕДИYЕТ** *is. Ar.* Өмірлік, мәңгілік, өмір бақилық. *Bu iyiliğini ebediyete kadar unutmuyacağıм.* Бұл жақсылығыңды өмір бойы ұмытпаймын.
- ЕВЕГÜMECİ** *is. bot.* Құлқайыр, мальва.
- ЕВЕКУŞAĞI** *is.* Кемпірқосақ.
- ЕВЕЛІК**, **-ği** *is.* Акушерлік немесе акушерлік қызмет, акушерлік мамандығы.
- ЕБЕСİZ** *s.* Акушерсіз, акушер көмегінсіз.
- ЕВЕТ**, **-di** *is. Ar. esk.* Мәңгілік, өмірлік, шексіздік.
- ЕВЕVEYN** *is. Ar. esk.* Ата-ана, әке-шеше. *Ebeveynim çok bedbaht insanlardı.* Әке-шешем өте бақытсыз жан-дар еді.
- ЕВЛЕН** *s. Ar. esk.* Ақылсыз, ақылы кем, ақымақ.
- ЕВЛЕНЛЕŞМЕК** (*nsz*) Ақылсыздану, есалаңдану, нақұрыстану.
- ЕВЛЕНLİK**, **-ği** *is.* Ақылсыздық, ақымақтық.
- ЕCDAT**, **-dı** *ç. is. Ar.* Ата-баба, арғы ата.
- ЕCE** *is.* Сұлу әйел; ханша, ханша қыз.
- ЕCEL** *is. Ar.* Ажал, олім, қаза. *ecel şerbeti içmek* өлу, өмірі таусылу. *eceli gelmek* ажалы келу, дәмі таусылу. *eceliyle ölmek* ажалы жетіп, жасы келіп қайтыс болу.
- ЕCİNNİ** *is. bk. Cın.*
- ЕCİŞ BÜCÜŞ** *s.* Бүкірейген, бүкшиген, мықшиған. *eciş бүcüş olmak* бүкірею, мықшию.
- ЕCNEBİ** *s. Ar.* 1. Шетелдік, жат жұртық (азамат). 2. *is.* Шетел, ботен ел, ботен мемлекет.
- ЕCZA** *is. Ar.* Дәрі-дәрмек құрамдары, химиялық құрамдар—химиялық жолдармен алынып, дәрі-дәрмек жасауда немесе өндірісте пайдаланылатын химиялық заттардың жалпы атауы.
- ЕCZACI** *is.* Дәріханашы, аптекашы.
- ЕCZACILIK**, **-ği** *is.* 1. Фармакология—дәрілік заттар және олардың организмге тигізетін әсерін зерттейтін ғылым. 2. Дәріханашы қызметі я дәріханашы мамандығы.
- ЕCZA DOLABI** *is.* Дәрі қобдиша, аптечка.
- ЕCZAHANE** *is. Ar.* Дәріхана.
- ЕCZANE** *is.* Дәріхана.
- EDA (I)** *is. Ar.* 1. Әрекет, манера, үлгі, қылық. *Sevimli bir eda.* Жағымды қылық. *Alaylı bir eda ile soruyorum.* Кекесін түрде сұрап тұрмын. 2. Сөйлеу үлгісі.

**EDA (II)** *is. Ar.* 1. Төлеу, төлем. 2. (намаз) Оқу, қылу. *eda etmek* 1) қарызын төлеу. 2) намаз оқу.

**EDAT** *is. Ar. gr.* Шылау.

**EDAT GRUBU** *is.* Шылаулы тіркес.

**EDAT TÛMLEÇ, -ci** *is. gr.* Шылаулар арқылы жасалған тіркес. *Çocuk gibi.* Бала сияқты.

**EDEBİ** *s. Ar.* Әдеби, көркем шығармаға қатысты, әдебиетке тән.

**EDEBİ ESER** *is. ed.* Әдеби шығарма.

**EDEBİYAT** *is. Ar.* 1. Әдебиет. 2. Жалпы баспа бетінде шыққан еңбектердің жиынтығы. *Hekimlik edebiyatı.* Медициналық әдебиет. 3. *mes.* Бос әңгіме, құр сөз. *edebiyat yapmak* құрғақ жалаң сөз сөйлеу.

**EDEBİYAT BİLİMİ** *is.* Әдебиеттану ғылымы.

**EDEBİYATÇI** *is.* 1. Әдебиет зерттеуші, әдебиеттану ғылымының маманы. 2. Әдебиет пәнінің мұғалімі.

**EDEBİYATSEVER** *s.* Әдебиет сүйер, әдебиетшіл, әдебиетті жақсы көретін.

**EDEP, -bi** *is. Ar.* Әдептілік, сыпайылық, көргенділік, ізеттілік, әдеп. *Demokrasi demek edep demektir, büyüğe hürmet demektir, küçüğe haddini bilmek demektir.* Демократия дегеніміз—әдептілік, яғни үлкенге құрмет көрсету, кішінің өз жолын білуі керек деген сөз. *edep etmek* ұялу, қысылу. *edepdir söylemesi* айтуға ұят, осылай айтқаныма кешірсіз.

**EDEPLİ** *s.* Әдепті, сыпайы, көргенді.

**EDEPLİ EDEPLİ** *zf.* Әдеппен, сыпайы, сызылып.

**İCAZET** *is. Ar. esk.* 1.Рұқсат, келісім. 2.*esk.* Диплом. *ıcazet almak* 1)рұқсат алу. 2)диплом алу.

**İCAZETNAME** *is. Ar. Far.* 1.Рұқсат қағаз. 2.Аттестат; диплом.

**İCBAR** *is. Ar. esk.* Еріксіз көндіру, күштеу, мәжбүр ету. *ıcbar etmek* мәжбүрлеу, мәжбүр қылу, еріксіз міндеттеу.

**İCMAL**, **li** *is. Ar. esk.* Түйін, резюме; қысқа мазмұны; қысқа шолу жасау. *ıcmal etmek* түйіндеу, корытындылау, жинақтау.

**İCRA** *is. Ar.* 1.Орындау, атқару, жүзеге асыру. *İcra komitesi.* Атқару комитеті. 2.*müz.* Музыкалық шығарманың орындалуы. *Şarkının icrası.* Әннің орындалуы. 3. *huk.* Сот үкімінің орындалуы. *İcra dairesi.* Сот үкімін атқарушы орган. *İcra emri.* Үкім қағазы. *ıcra etmek* 1)орындау, жүзеге асыру. 2)музыкалық шығарманы орындау. *ıcraya vermek* алашағыны қайтарып алу үшін сотқа өтініш жасау.

**İÇ** *is.* 1.Іш, іш жақ. *Evin içi.* Үйдің іші. 2.Қуыс, ішкі жағы, арасы, ортасы. *Borunun içi.* Құбырдың іші. *Kutunun içi.* Қораптың ішкі жағы. 3.Өзек, дән, балдыры, жұмсағы. *Ağacın içi.* Ағаштың өзегі. *Ceviz içi.* Жанғақтың дәні. *Ektek içi.* Нанның жұмсағы. *Karpuz içi.* Қарбыздың балдыры. 4.Ойық, шұңқыр жер. *Avuç içi.* Алақан. *Tabağın içi.* Табақтың шұңқыр жері. 5.Іш, асқазан, құрсақ. *İçi sürmek.* Асқазаны ауыру. *Çocuğın içi sürüyor.* Баланың іші өтіп жатыр. 6.Жан, адамның ішкі сарайы, жан дүниесі, көңіл. *İçimde bir heyecan vardı.* Көңілімде бір қобалжу бар еді.

*İçimde hafif bir ümit vardı.* Көңілімде болмашы үміт бар еді. 7. *s.* Ішкі. *İç kapı.* Ішкі есік. *İç hastalıkları.* Ішкі аурулар. 8. Ішінде, арасында. *Parti içi disiplini.* Партияның ішкі тәртібі. *Şehir içi haberleşme.* Қала ішіндегі байланыс. *Şehir içi otobüsü.* Қала ішінде жүретін автобус. 9.Мазмұн, түйінді ой. *іçi açılmak* көңілі жайлану, көңілі орнына түсу. *іç çekmek* аһылап-уһілеу, қайғыру, қамығу. *іç tutmak (veya іç bağlamak)* (жеміс) түйнек салу, түйнек байлау, түйіндеу. *іçi kazanmak* іші шұрқырау, тамақ ішкісі келу, қарны ашу. *іçi bulanmak* жүрегі айну, құсқысы келу. *іçi daralmak* іші пысу, зерігу, жалығу. *іçi içine siğmatmak* өзін қоярға жер таппау, өзін қайда қоярын білмеу. *іçi ısınmak* жақын тарту, жақсы көру, ұнату. *іçi kan ağlamak* іші-бауыры өртену, қайғыдан өртену, қатты қапалану. *іçi rahat etmek* жаны жайлану, көңілі орнына түсу. *іçi yanmak* 1)шөлдеу, сусау, таңдайы кебу. 2)өзегі өртену, күйіну, қатты қайғыру, қапалану. *іçinden gelmek* бір нәрсені істеуге көңілі ауу, ықпалы түсу, өз еркімен қалау. *іçinden konuşmak* сыбырлау, басқаға естіртпей ақырын айту. *іçinden okumak* ішінен оқу. *іçine hüžün çökmek* көңіліне қайғы толу, жүрегіне дерт, құса ұялау. *іçine kapanmak* томаға-тұйық жүру, ешкіммен аралас-құраласы болмау, оқшау жүру. *іçine kurt düşmek* ішін иттей кеміру, мазасы қашу, ішін жегідей жеу, тынышы кету. *(birini) içine sokacağı gelmek* (біреуді) жан-тәнімен сүю, құлай сүю. *іçini açmak* мұңын шағу, көрген қиыншылығын, қайғы-қасіретін айтып, көңілдегі шерін кетіру. *іçini dökmek* мұң мен зарын (шерін) тарқату, сырын шерту. *іçini karartmak* іш құса болу, қайғыру, ішінен тыну.

**İÇ ASALAK**, -**ğı** *is. zool.* Эндопаразит.

**İÇ BULANTISI** *is.* Жүрегі айну.

**İÇBÜKEY** *s.* Ойыс, батыңқы, шүңқыр, иілген. *İçbükey ayna.* Ойыс айна.

**İÇ CEP,-bi** *is.* Іш қалта.

**İÇ CÜMLE** *is. gr.* Төл сөз. *Bakan, aylıklar yılbaşından önce verilecektir, dedi.* Айлық жаңа жыл болмай беріледі, - деді министр.

**İÇ ÇAMAŞIRI** *is.* Ішкіім.

**İÇESEK,-ği** *is.* 1. Сусын. *Burada yiyecek içecek her şey var.* Бұл жерде тамақ та, сусын да бар. 2. *s.* Ішетін, ішерлік. *İçecek su.* Ауыз су. *Bize içecek bir şey getiriniz.* Бізге ішетін бір нәрсе әкеліңіз.

**İÇE KAPANIK,-ği** *is. ve s.* Тұйық, бұйығы.

**İÇE KAPANIKLIK,-ği** *is.* Тұйықтық, бұйығылық.

**İÇERİ,-yi** *is.* 1. Іш, іш жак. *İçeri(ye) gir!* Ішке кір, төрлет! *Evin içerisi boyalı.* Үйдің іші боялған. *Evin içerisi sıcak.* Үйдің іші ыстық. *Odanın içerisi bu kadar adam almaz.* Үйдің ішіне мұнша адам сыймайды. 2. *zf.* Ішке қарай. *Çocuk içeri kaçtı.* Бала ішке қарай қашты. *Sular içeri akıyor.* Су ішке қарай ағып жатыр. *içeri girmek* 1) шығынға ұшырау, зиян шегу: *Bu işte bir milyar lira içeri girdim.* Бұл істе бір миллиард лира шығындандым. 2) түрмеге түсу, қамалу. *içeriye atmak* қамату, түрмеге отырғызу, абақтыға жабу. *içeriye dalmak* баса-көктеп кіру, лап қою.

**İÇERİK,-ği** *is.* Мазмұн. *Biçim ve içerik.* Форма мен мазмұн.

**İÇERİKLİ** *s.* Белгілі бір тақырыпта, мазмұнда жазылған. *Bilimsel içerikli.* Ғылыми тақырыпта жазылған.

**İÇERİSİ,-ni** *is. bk.* *İçeri.*

**İÇERLEMEK (-e)** Кек сақтау; өкпелеу; ашулану, ызалану.

**İÇERMEK (-i)** Ішіне алу, құрамына қосу, енгізу, қосу.

**İÇGÜDÜ** *is. psikol.* Түйсік, ырықсыз сезім.

**İÇ GÜVEY** *is.* Күшік күйеу. *İç güveyi girmek* қыздың қасына күшік күйеу

боп кіріп алу.

**İÇ HASTALIKLARI** *ç. is. bk.* Ішкі аурулар.

**İÇ HAT,-ttı** *is.* Ішкі транспорт қатынасы.

**İÇİCİ** *is. mec.* Ішкіш, арақ-шарапты көп ішетін маскүнем. *Çok içicidir.* Ол – маскүнем.

**İÇİCİLİK,-ği** *is.* Ішкіштік, ішкілікке салынғандық, маскүнемдік.

**İÇ İÇE** *s. ve zf.* 1. Көршілес, жақын, шектес. *İç içe iki oda.* Іргелес екі бөлме. 2. Бірінің ішіне бірі салынған, ішіне салынған. *İç içe kutular.* Бірінің ішіне бірі салынған қорапшалар.

**İÇİ DAR** *s.* Сабырсыз, шыдамсыз, тағаты жоқ.

**İÇİ GENİŞ** *s.* Қамсыз, жайбарақат, бейқам.

**İÇİM** *is.* 1. Бір жұтым, бір ұрттам, бір жұтарлық. *Bir içim su.* Бір жұтым су. 2. (сусын, түтін т.б.) Дәм, татым. *Bu çayın rehgi yok, ama içimi iyi.* Бұл шайдың рені нашар, бірақ дәмі жақсы.

**İÇİMLİ** *s.* 1. Дәмі бар. *Ağır içimli.* Татымы жоқ, дәмсіз. *Güzel içimli.* Дәмі жақсы, татымды. 2. Дәмді, татымды.

**İÇİN** *e.* 1. Үшін, сол үшін. *Söylemek için geldim.* Айтуға келдім, айту үшін келдім. 2. Арнайы, әдейілеп, арнап. *Sizin için bir kitap getirdim.* Сіз үшін бір кітап әкелдім. 3. Сол себепті, салдарынан, болғандықтан, сондықтан. *Doğru söylediğim için kızdı.* Шындықты айтқаным үшін ашуланды. *Hasta olduğu için.* Ауру болғандықтан. 4. Жайында, туралы, жөнінде. *Atatürk için yeni bir kitap.* Ататүрік туралы жазылған жаңа кітап. *Bundan sonrası için düşünelim.* Осыдан кейін не болатынын ойланайық.

**İÇİNDE** *zf.* 1. Ішінде. *İçinde kırılacak eşya vardır!* Ішінде сынатын зат бар. *Orman içinde.* Орманда. 2. Ішінде, аралығында. *Bütün ömrü içinde.* Бүкіл

өмір бойы. *İki yıl içinde bir defa olsun uğramadı.* Екі жыл ішінде бір рет те болса келіп кеткен жоқ

**İÇİNDEKİLER** *ç. is.* Мазмұны.

**İÇİN İÇİN** *zf.* Іштей, естіртпей, білдірмей. *için için ağlamak* ақырын жылау. *için için sevmek* іштей жақсы көру.

**İÇİRMEK** *(-i)* Ішкізу. *Çay içirmek.* Шай ішкізу. *Onları yedirdiler, içirdiler.* Оларды ішкізіп, жегізді. *Akşamüstü kaynanasına ilâçlar getirdi, kendi eliyle içirdi.* Кешқұрым қайын енесіне дәрі-дәрмек алып келіп, өз қолымен ішкізді.

**İÇ İŞLERİ** *is.* Ішкі істер. *İç işleri Bakanı.* Ішкі істер министрі. *İç işleri Bakanlığı.* Ішкі істер министрлігі.

**İÇ KAPAK,-ği** *is.* (кітаптың т.б.) Ішкі мұқаба.

**İÇKİ** *is.* 1.Ішімдік. 2.Ішімдік ішу. *Kocasının içkisinden bıkmış.* Ол күйеуінің ішкіштігінен әбден жалығыпты.

**İÇKİ ÂLEMİ** *is.* Арақ-шарап ішіп көңіл көтерушілік.

**İÇKİCİ** *is.* 1.Ішімдік сататын адам. 2. s. Ішкіш, араққұмар, ішкілікке салынған, алкаш.

**İÇKİCİLİK,-ği** *is.* 1.Арақ-шарап ішімдік сатушылық. 2.Араққа салынушылық, ішкіштік, маскүнемдік.

**İÇKİSİZ** *s.* 1.Ішкілік ішпеген, мас емес. 2.Ішкіліксіз, арақ-шарап ішілмейтін. *İçkisiz eğlence yeri.* Ішкіліксіз көңіл көтеретін орын.

**İÇ LÂSTİK,-ği** *is.* Камера – ішіне ауа толтырылатын шинаның резеңкелі қабаты. *Otomobil iç lâstigi.* Автомашина камерасы.

**İÇLEM** *is. man.* Ұғым.

**İÇLENMEK** *(nsz)* Құса болу, сары уайымға салыну, дертке бату, қайғыру.

**İÇLER ACISI** *s.* Аянышты, жан ашырлықтай, қайғылы.

**İÇLİ** *s.* 1.(жаңғақ, өрік т.б.) Дәнегі бар, дәні толық, дәнді. 2.*mes.* Нәзік,

сезімтал, көңілшек, көңіліне алғыш, өкпешіл. *İçli kız.* Сезімтал қыз. 3.*mes.* Әсерлі, көңіл жібітетін, жүрекке жылы тиетін. *İçli sözler.* Жылы сөздер.

**İÇLİ DIŞLI** *s.* Сырлас, көңілі жақын, сыр бүкпейтін. *İçli dışlı bir dost.* Сырлас дос. *Yolcularla içli dışlı olduk.* Жолаушылармен жақын танысып, араласып кеттік.

**İÇLİK,-ği** *is. hlk.* Іштен килетін, іш көйлек. *İçlik astar.* Киімнің астары.

**İÇLİLİK,-ği** *is.* Нәзіктік, сезімталдық, сезімге берілгіштік, әсершілдік.

**İÇMEK,-er** *(-i)* 1.Ішу, жұту, ұрттау. *Yemeklerini yemişler, ayakta kahvelerini içiyor, konuşuyorlar.* Олар тамактанып болыпты, кофелерін түрегеліп тұрып ішіп, әңгімелесіп тұр. 2. (темекі т.б.) Шегу, тарту. *Sigara içmek.* Темекі тарту. 3. Сіңіру, сорып алу. *Toprak suyu içer.* Топырақ суды сіңіріп алады. 4.*(nsz)* (ішімдік) Ішу, қолдану. *Çok içer.* Ол ішкілікті көп ішеді.

**İÇ MERKEZ** *is. jeol.* Гипоцентр – жер сілкінісінің жер астындағы басталған орны.

**İÇME SUYU** *is.* Ауыз су.

**İÇ MİMAR** *is.* Декоратор.

**İÇ PAZAR** *is.* Ішкі сауда.

**İÇ POLİTİKA** *is.* Ішкі саясат.

**İÇ SALGI** *is. anat.* Ішкі секреция.

**İÇ SALGI BEZİ** *is. anat.* Ішкі секреция бездері.

**İÇ SALGI BİLİMİ** *is. biy.* Эндокринология – ішкі секреция бездері туралы ғылым.

**İÇ SES DÜŞMESİ** *is. gr.* Синкопа – сөз арасында дыбыстың түсіп қалуы.

**İÇTEN** *s.* 1. Шынайы, адал, таза, ақ жүрек, ақ көңіл. *İçten bir dilek.* Ақ тілек, адал тілек. *İçten minnettarlık.* Шын алғыс. 2. *zf.* Іштей, ішімізге кіріп алып, білдірмей. *Amaçları bizi içten yukmak.* Олардың мақсаты бізді іштей құрту.

**İÇTEN İÇE** *zf.* Іштей, білдірмей,

астыртын.

**İÇTENLİK,-ği** *is.* Ақ пейілділік, шын жүректік, ақ ниеттік.

**İÇTENLİKLE** *zf.* Шын жүректен, шын көңілмен, адал ниетпен.

**İÇTİHAT,-dı** *is. Ar. esk.* 1. Көзқарас, ой-пікір, пікір. *Benim içtihadım böyledir.* Менің пікірім осындай. 2. *huk.* Юриспруденция.

**İÇTİMAİ** *s. Ar. esk.* Қоғамдық, әлеуметтік.

**İÇTİMAİYATÇI** *is.* Әлеуметтанушы, социолог.

**İÇ TÜZÜK,-ği** *is.* (мекеме, жұмыс орындарының т.б.) Ішкі жұмыс тәртібі, жарғысы. *Meclis iç tüzüğü.* Мәжіліс жарғысы.

**İÇYAĞI** *is.* Ішмай.

**İÇ YARIÇAP** *is.* Апофема – көп бұрыштың ортасынан кез-келген бұрышка тартылған перпендикуляр сызық.

**İÇ YÜZ** *is.* (істің, оқиғаның) Жасырын жағы, теріс жағы, белгісіз, күмәнді жағы. *іç yüzünü meydana çıkarmak* әшкере болу, сыры ашылып әйгілену, құпиясы ашылу.

**İDAM** *is. Ar.* Өлім жазасы, дарға асу. *idam etmek* асу, ату, дарға асып өлтіру.

**İDAM CEZASI** *is. huk.* Өлім жазасы.

**İDAM SEHPASI** *is.* Дар ағашы.

**İDARE** *is. Ar.* 1. (ұшақты т.б.) Басқару, жүргізу. *İdare sistemi.* Басқару жүйесі. 2. Басшылық, басқарушылық, жетекшілік етушілік. *İdaresi altında.* Басшылығымен. 3. Басқару, басқарма. *İdare şekli.* Басқару формасы. *Kendi kendini idare.* Өзін-өзі басқару. *Memleket idaresi.* Мемлекетті басқару ісі. 4. Әкімшілік, мемлекет басқарудағы басты органдар. *İdare binası.* Әкімшілік ғимараты. 5. Ұқыптылық, құнттылық, үнемшілдік. *idare etmek* 1) басқару, басшылық ету. 2) ұқыпты пайдалану, үнемдеп жұмсау. 3) ыңғайлы келу, сай келу, қолайлы келу: *Bu kumaşı yirmi*

*liraya veremem, idare etmez.* Бұл матаны жиырма лираға бере алмаймын, саудама тура келмейді. *idaresini bilmek* орнымен жұмсау, үнемдеп жарату.

**İDARECİ** *is.* 1. Басқарушы, басшы, жетекші; меңгеруші, мекеменің басқарушысы. 2. *s.* Үнемдегіш, үнемшіл.

**İDARECİLİK,-ği** *is.* Басқарушылық, жетекшілік етушілік.

**İDAREHANE** *is. Ar.* 1. Редакция. 2. Кеңсе, мекеме.

**İDARE KANDİLİ** *is. esk.* Керосин шамы.

**İDARE LÂMBASI** *is. bk.* *İdare kandili.*

**İDARELİ** *s.* 1. Жақсы басқара білетін, істі жүргізе білетін. 2. Үнемді, ұқыпты, шаруақор. *İdareli kadın.* Шаруақор (есепшіл) әйел.

**İDARESİZ** *s.* 1. Басқара алмайтын, басқару, жетекшілік қабілеті төмен, бос, сылбыр (адам). 2. Ұқыпсыз, салақ, шаруа емес.

**İDARESİZLİK,-ği** *is.* 1. Бостық, босандық, болбырлық. 2. Ұқыпсыздық, салақтық, шаруаға қырсыздық.

**İDARİ** *s.* Басқару мен байланысты, басқаруға қатысты, әкімшілік.

**İDDİA** *is. Ar.* 1. Пікір, көзқарас, тұжырым, пайымдау. *Bu adamın iddiası bana doğru göründü.* Бұл адамның пайымдауы маған шындыққа жақын болып көрінді. *Delilsiz iddialar.* Дәлелсіз, құрғақ пайымдаулар. 2. Дәмелену, орынсыз әрекеттену. *Birincilik iddiası.* Біріншілікке таласу. *Onda bilginlik iddiası var.* Онда ғалым болам деген үміт бар; ол өзін ғалыммын деп санайды. 3. Айтқанынан қайтпаушылық, қыңырлық, қикарлық, қасарысқандық. *Bu kadar da iddia olur mu?* Осынша қыңырлық көрсетуге бола ма? *iddia etmek* айтқанынан қайтпау, жалтармау.



**İDDİACI** *s.* 1. Бірбет, айтқанынан қайтпайтын, қыңыр, қырсық. 2. Таласқыш, ерегеспе, даукес.

**İDDİALİ** *s.* 1. Даулы, талас тудыратын. *İddiali bir söz.* Талас тудыратын әңгіме. 2. Өзіне сенімді, өзіне қатты сенетін. *İzmir'in en iddiali takımı.* Измирдің бірінші орынға үміткер командасы.

**İDDİANAME** *is. Ar. Far. huk.* Айыптау қорытындысы, ойыптау акті.

**İDDİASIZ** *s.* Даусыз, дау-дамайсыз; қарапайым, сыпайы. *Küçük, iddiasız bir otel.* Кішкентай, қарапайым ғана қонақүй.

**İDEA** *is. Yun. fel.* Пікір, ой, идея.

**İDEAL,-li** *is. Yun.* 1. Арман, мұрат. 2. *s.* Ең жоғарғы, мінсіз, мүлтіксіз, тамаша. *İdeal evlilik.* Үлгілі отбасы.

**İDEALİST** *s. Fr.* Идеалист.

**İDEALİZM** *is. Yun.* Идеализм.

**İDEALLEŞTİRMEK** *(-i)* Дәріптеу, мадақтау.

**İDEFİKS** *is. Fr. psikol.* Идефикс – миға қонған, орнап қалған ой, тұрақты пікір.

**İDENTİK** *s. Fr. mat.* Ұқсас, бірдей, пара-пар, тең.

**İDEOLOG,-ğu** *is. Fr.* Идеолог.

**İDEOLOJİ** *is. Yun.* Идеология.

**İDEOLOJİK,-ği** *s. Fr.* Идеологиялық, идеологияға тән, соған қатысты.

**İDMAN** *is. Ar.* 1. Жаттығу, дене шынықтыру. *Sabah idmanı.* Таңертеңгі гимнастика. 2. Машықтану, дағдылану, үйрену. *Yolculuğa idmanım eskidir.* Жол жүруге бұрыннан үйреніп кеткенмін. *idman etmek* жаттығу, дене шынықтыру.

**İDMANCI** *is.* Спортшы, спортпен шұғылданушы.

**İDMANLI** *s. ve is.* 1. Жаттыққан, шыныққан. 2. *mec.* Үйреншікті, дағдылы. *O, bu gibi sözlere idmanlıdır.* Ол мұндай сөздерге көндігіп кеткен.

**İDMANSIZ** *s.* 1. Жаттықпаған, шынықпаған. 2. *mec.* Үйренбеген, көндікпеген, ысылмаған.

**İDRAK-ki** *is. Ar.* 1. Таным; ұғыну, түсіну, аңғару. *İdrak kabiliyeti.* Таным, ұғыну қабілеті. 2. Жету, кезге келу. 3. *fel.* Түйсік, түйсіну. *idrak etmek* 1) түсіну, ұғыну, танып білу. 2) белгілі бір жасқа келу, кезге келу, толтыру. *Cumhuriyetin yetiş beşinci yılını idrak ettik.* Республиканың жетпіс бесінші жылын толтырдық.

**İDRAKSIZ** *s.* Ұғымсыз, топас, байымсыз.

**İDRAKSİZLİK,-ği** *is.* Ұғымсыздық, топастық, байымсыздық.

**İDRAR** *is. Ar.* Несеп, зәр. *İdrar söktürücü.* Несеп айдағыш. *İdrar tahlili.* Зәр анализі. *İdrar torbası.* Қуық. *İdrar yolları.* Несеп жолы.

**İFA** *is. Ar.* 1. Орындау, іске асыру. 2. (борышты т.б.) Толеу.

**İFADE** *is. Ar.* 1. Баяндау, айтып беру; түсіндіру, ұғындыру. *Güzel bir ifade.* Мәнерлеп, әдемілеп айтып беру. *Kuru bir ifade.* Құрғақ сөзбен баяндау, әсерсіз, қызықсыз мазмұндау. 2. Сөз орамы, сойлемше, қалыптасқан сөз. *Diğer bir ifade ile.* Басқа сөзбен айтқанда, басқаша айтқанда 3. (адамның) бет әлпеті, жүз өзгерісі, бет кескіні. *Bu artistin mimiklerindeki ifadeler çok kuvvetlidir.* Бұл әртістің жүз өзгерісі өте айқын. 4. *huk.* Куәгерлік, куәгердің жауабы. *Onun ifadesine göre bu iş bu kadarla da kalmamış.* Оның айтқанына қарағанда іс осымен ғана бітпепті. *ifade etmek* 1) түсіндіру, баяндау. 2) *mec.* маңызға, мәнге ие болу: *Dostluk benim için çok şey ifade eder.* Достықтың мен үшін үлкен маңызы бар. *ifade vermek huk.* куәгерлік ету, сотқа жауап беру. *ifadesini almak.* жауап алу.

**İFFET** *is. Ar.* 1. Тазалық, бұзылмағандық, пәктік, күнәсіздық, қыз абыройы. 2. Абырой, ар, ұят.

**İFFETLİ** *s.* 1. Таза, бұзылмаған, пәк, күнәсіз. 2. Абыройлы, арлы, ұяты бар.

**İFFETSİZ** *s.* Азғын, өнегесіз, адамшы-

- лықтан кеткен. *İffetsiz kadın*. Жеңіл жүрісті әйел; пасық әйел.
- İFFETSİZLİK,-ği** *is.* Азғындық, ұятсыздық, өнегесіздік.
- İFİLDEMEK** (*nsz*) *hlk.* 1.Сәл ғана дірілдеу, қалтырау. 2.(жел) Ақырын есу, баяу соғу.
- İFLÂH** *is. Ar.* Оңғы басу, түзелу, дұрысталу, оңалу. *iflâh olmak* оңалу, түзелу. *iflâhi kesilmek* амалы құру, не істерін білмеу.
- İFLÂS** *s. Ar.* Төлем қабілетсіздігі, банкроттық. *iflâs etmek* 1)банкроттану, төлем қабілетсіздігіне ұшырау. 2)*mec.* сәтсіздікке ұшырау, құнсыздану.
- İFRAT** *is. Ar.* Тым шектен тысқарылық, шектен шығушылық, шамадан тыстық. *ifrata kaçmak* шектен шығу, шамадан тыс кету, артық кету.
- İFRAT DERECEDE** *zf.* Тым, артық, аса, өте.
- İFRİT** *is. Ar.* 1.Әзәзіл, пері. 2.*mec.* Жынды, есерсоқ, есалаң. *ifrit kesilmek (veya olmak)* ашуға міну, бұлқанталқан болу, қаһарлану.
- İFRİTLEŞMEK** (*nsz*) Ашулану, ызалану, долдану.
- İFŞA,-ı** *is. Ar.* Жұртқа жаю, дабырлау. *ifşa etmek* жұртқа жаю, дабыра қылу, жария қылу.
- İFTAR** *is. Ar.* 1.Ауыз ашу, оразасын бұзу. 2.Ауызашар – ораза ұстаған адамның кешкі тамақ ішер мезгілі. 3.Ораза күндеріндегі кешкі тамақ.
- İFTARLIK,-ğı** *is.* 1.Ауыз ашу үшін дайындалған тағам. 2.*s.* Ауыз ашуға, ораза күндерінде жеуге жарайтын, жеуге татымды. *İftarlık reçel*.Ауыз ашуға татымды тосап.
- İFTAR VAKTİ** *is.* Ораза ұстаған адамның кешкі тамақ ішер мезгілі, ауызашар.
- İFTİHAR** *is. Ar.* Мақтаныш, абырой. *iftihar etmek* мақтану, мақтаныш ету.
- İFTİRA** *is. Ar.* Жала, жалған, нақақ тағылған айып, бәле. *iftira etmek (veya atmak)* жала жабу, нақақ кінә тағу.
- iftiraya uğramak* нақақтан-нақақ айыпқа бату, босқа күйю, кінәлі болу.
- İFTİRACI** *s. ve is.* Жалақор, жала жапқыш, бәлекор, бәлеқуғыш.
- İFTİRACILIK,-ğı** *is.* Жалақорлық, жала жапқыштық, бәлекорлық.
- İĞ** *is.* 1.Ұршық; қалбағай. 2.*hlk.* Білік, белдік, белағаш.
- İĞCİ** *is.* Ұршық иіретін, жасайтын я сататын адам.
- İĞDE** *is. bot.* Жиде.
- İĞDİR** *öz.is. tar.* Оғыз түріктерінің 24 тайпасының бірі.
- İĞDIŞ** *s. Far.* Пішілген, піштірілген. *ığdiş etmek* пішу, ақтау, еркек малдың енін сылып алып тастау.
- İĞFAL,-li** *is. Ar.* 1.Алдау, алдап кету, өтірік айту. 2.Азғыру, жолдан тайдыру.
- İĞNE** *is.* Ине. 1.*İğneye iplik geçirmek*. Жіпті иненің көзінен өткізу, сабақтау. 2.Түйреуіш. 3.Тіл. *Saat iğnesi*. Сағаттың тілі. 4.Бізгек, шанышқы, шаншар. *İğnesini batırmak*. Шағып алу, шағу. *Akrebin iğnesi*. Шаянның бізгегі. *Arının iğnesi*. Араның инесі. 4.Шприц. 5.Дәрі жіберу, укол салу. *Çocuk iğneden korkuyor*. Бала уколдан қорқады. 6.Қармақ. *Balık iğnesi*. Балық аулайтын қармақ. 7.(қарағай, шырша т.б.) Қылқан. *iğne ile kuyu kazmak* инемен құдық қазу. *iğne ipliğe dönmek* қу сүйегі қалу, азып кету. *iğne uarmak (veya vurmak)* укол салу.
- İĞNE ARDI** *is.* Тігістің бір түрі.
- İĞNECİ** *is.* Ине жасайтын я сататын адам.
- İĞNE DELİĞİ** *is.* Иненің көзі. *iğne deliği gibi* иненің көзіндей, құртақандай, кішкентай.
- İĞNELEMEK** (-i, -e) 1.Түйреу, түйреп қою, инемен қадау. 2.(-i) *mec.* Шағып сөйлеу, кекесін айту, сықақ қылу.
- İĞNELEYİCİ** *s. mec.* Шақпа, қағытпа, шымшыма (сөз).
- İĞNELİ** *s.* 1.Инегі, инесі бар. 2.Инемен қадалған, түйреп қойған. 3.*mec.*

Шақпа, қағытпа, шымшыма (сөз т.б.). *İğneli bakış*. Көзімен атып қарау. *İğneli söz*. Ащы сөз, жанына тиетіндей етіп айтылған сөз.

**İĠNELİK, -ği** *is.* Инеқап, ине түйрейдін зат. *İğneli söz*. Шымшыма сөз, қағытпа сөз.

**İĠNE YASTIĞI** *is. bk. İğnelik*.

**İĠNE YURDU** *is. hlk. bk. İğne deliği*.

**İĠRENÇ, -ci** *s.* Жеркенішті, жиренішті, жек көрінішті. *İğrenç bir koku*. Жеркенішті бір иіс.

**İĠRENÇLİK, -ği** *is.* Жеркеніштілік, жиреніштілік, жеркнүшілік, жек көрушілік.

**İĠRENGEN** *s. hlk.* Жеркеншек, жиреншек, жеркене бергіш.

**İĠRENGENLİK, -ği** *is. hlk.*

Жиіреншектік, жиреншектік.

**İĠRENMEK** (-den) Жиірену, жирену.

**İHALE** *is. Ar.* Тендер. *ihaleye çıkarılmak* тендерге шығарылу.

**İHANET** *is. Ar.* 1.Опасыздық, сатқындық. *Vatan ihaneti*. Отанына жасалған опасыздық. 2.Жарына опасыздық етушілік. *ihanet etmek* 1)опасыздық ету, сатқындық жасау. 2)(ерлі-зайыпты үшін) тұрлаусыздық істеу, алдау.

**İHBAR** *is. Ar.* Хабарлау, хабардар ету, хабар беру; ескерту, ескертіп қою. 2. Мәлімет беру, ақпар тасу, айтып бару. *ihbar etmek* 1)хабарлау, хабар беру. 2)(қылмысты іс, қылмысты адам туралы) жасырын ақпар беру, ұстап беру, мәлімдеу.

**İHBARNAME** *is. Ar. Far.* Хабарландыру қағаз, ескерту хат.

**İHLÂL, -li** *is. Ar.* Зиян беру, шығынға ұшырату. *ihlâl etmek* шығынға батыру, зиян шектіру.

**İHLÂS** *is. Ar.* 1.Шынайлық, ақ жүректік, ықылас, жақсы ниет. 2.Құранның 112-ші сүресінің атауы. 3.Шынайы ғибадат.

**İHMAL, -li** *is. Ar.* Селқостық, немқұрайдылық, енжарлық, салғырттық.

*ihmal etmek* селқостану, немқұрайды қарау, ықылас қоймау, көңіл бөлмеу.

**İHMALCI** *s.* Өз міндетіне немқұрайды, селқос, салқын қарайтын.

**İHMALCILIK, -ği** *is.* Селқостық, немқұрайдылық, немкеттілік.

**İHRACAT** *ç. is. Ar.* Экспорт – шетелге өндірілген өнімдер мен тауарды немесе капиталды шығару.

**İHRACATÇI** *is. ve s.* Экспортшы, экспортпен шұғылданатын адам немесе мекеме.

**İHRACATÇILIK, -ği** *is.* Экспортпен шұғылданушылық.

**İHRAÇ, -cı** *is. Ar.* 1.Шығару, шығарып жіберу, тысқа шығару. 2.Экспорт, шетке шығару. *Sermaye ihracı*. Капиталды шетке шығару. *ihraç edilmek* шығарылу: *Partiden ihraç edildi*. Партия қатарынан шығарылды. *ihraç etmek* 1)шығару, шығарып жіберу. 2)шетке тауар шығару.

**İHRAM** *is. Ar.* 1.Ихрам – қажылықта киетін ақ жамылғы. 2.Жүн төсеніш. *ihrama girmek* қажылық парызын өтеу үшін ихрам кию. *ihramdan çıkmak* қажылық парызын өтегеннен кейін ихрамын шешу.

**İHRAZ** *is. Ar.* Жету, қол жеткізу, алу. *ihraz etmek (veya eylemek)* жету, қол жеткізу, алу.

**İHSAS** *is. Ar.* Ишара, ым, тұспал. 2.*fiz.* Сезім, сезіну. *ihsas etmek* тұспалдау, ишаралау, мезгел түсіндіру.

**İHTAR** *is. Ar.* Ескерту, ескертіп қою, күні бұрын білдіру; алдын-ала сақтандыру, сақ болдыру. *ihhtar etmek* ескерту, есіне салып қою, ескертіп қою.

**İHTARNAME** *is. Ar. Far.* Жазбаша хабарландыру, ескерту хат, шақыру қағаз.

**İHTİDA** *is. Ar. esk.* Басқа діннен шығып, мұсылман болу, исламды қабылдау.

**İHTİLÂF** *is. Ar.* Алауыздық, келіспеушілік, келісе алмаушылық, ынтымақсыздық.

**İHTİLÂL, -li** *is. Ar.* 1. Төңкеріс, революция. *Fransız ihtilâli.* Француз төңкерісі. 2. Бүлік, қақтығыс, сойқан, бүліншілік. *ihtilâl çıkarmak* бүлік шығару. *ihtilâl yapmak* 1) төңкеріс жасау. 2) бүлік салу, бүлік шығару.

**İHTİLÂLCİ** *is. ve s.* Төңкерісші, революционер.

**İHTİMAL, -li** *is. Ar.* 1. Ықтималдық, мүмкіндік. 2. *zf.* Мүмкін, ықтимал, бөлкі.

**İHTİMAM** *is. Ar.* 1. Ықылас, ынта, ыждағат. 2. Қамқоршылық, қамқорлық. *ihitimam göstermek* қамқорлық көрсету, қамқор болу, қамын жеу.

**İHTİRA, -ı** *is. Ar.* Жаңалық ашу.

**İHTİRA BERATİ** *is.* Патент – белгілі бір ғылым, өнер салаларында жаңалық ойлап тапқан адамды растайтын куәлік қағаз.

**İHTİRAM** *is. Ar.* Сый, құрмет.

**İHTİRAS** *is. Ar.* 1. Қомағайлық, ашкөздік, тойымсыздық. 2. Құштарлық, құмарлық, ынтықтық.

**İHTİRASLI** *s.* Құмар, ынтық, ынтызар.

**İHTİSAR** *is. Ar. esk.* 1. Қысқаша айту, қысқа баяндау. 2. (мәтінді) Қысқарту, ықшамдау.

**İHTİSAS (I)** *is. Ar.* 1. Сезім, сезіну. 2. Өсерлену, сезімге берілу.

**İHTİSAS (II)** *is. Ar.* Мамандандыру, мамандыққа үйрету, мамандану. *ihhtisas yapmak* мамандану.

**İHTİSASLAŞMAK (-de)** Мамандану.

**İHTİŞAM** *is. Ar.* Сәнділік, көріктілік, көздің жауын алушылық.

**İHTİŞAMLI** *s.* Сәнді, салтанатты, әдемі.

**İHTİVA** *is. Ar.* Қамту, құрамына алу. *ihhtiva etmek* қамту, қосу, кірістіру.

**İHTİYAÇ, -cı** *is. Ar.* 1. Қажеттілік, керектілік, мұқтаждылық. *Oyun, çocuklar için bir ihtiyacıdır.* Ойын ойнау – балалар үшін қажеттілік. *O, ailenin bütün ihtiyacılarını görüyordu.* Отбасына қажетті нәрселердің бәрін өзі қамтамасыз ететін-ді. 2. Жоқшылық, кедейшілік, жетіспеу-

шілік. *İhtiyaç adamcağızın belini бүktü.* Жоқшылықтан байғұстың бөлі бүгілді. *ihhtiyaç duymak* қажетсіну, қажет ету, керексіну. *ihhtiyaca cevap vermek* қажетін өтеу. *ihhtiyacı olmak* зәру болу, керек болу, қажетсіну.

**İHTİYAR (I)** *s. Ar.* Кәрі, қартайған, жасы келген, егде тартқан. *Yaşlı adam.* Қарт, шал, ақсақал. *ihhtiyar olmak* қартаю, жасы келу.

**İHTİYAR (II)** *is. Ar.* Ықтияр, ерік, қалау.

**İHTİYAR HEYETİ** *is.* Ақсақалдар кеңесі.

**İHTİYARLAMAK (nsz)** 1. Қартаю, жасы келу. 2. Кәрі көріну.

**İHTİYARLATMAK (-i)** Қартайту.

**İHTİYARLIK, -ği** *is.* Кәрілік, қартайғандық, жасы ұлғайғандық.

**İHTİYAR MECLİSİ** *is. bk.* *İhtiyar heyeti.*

**İHTİYARSIZ** *zf.* Ықтиярсыз, еріксіз, өз қалауынсыз.

**İHTİYAT** *is. Ar.* 1. Сақтық, қырағылық, абай болушылық. *İhtiyat tedbirleri.* Сақтық шаралары. 2. Қор, запас, резерв. *Altın ihtiyatı.* Алтын қоры.

**İHTİYATKÂR** *s. Ar. Far.* Сак, қырағы, абай; үнемшіл, үнемдегіш.

**İHTİYATKÂRLIK, -ği** *is.* Сақтық, қырағылық; үнемшілдік.

**İHTİYATLI** *s.* Сақ, мұқият, алды-артын ойлайтын. *ihhtiyatlı davranmak* сақтану, сақ болу.

**İHTİYATSIZ** *s.* Абайсыз, аңғырт, аңғыл.

**İHTİYATSIZLIK, -ği** *is.* Аңғалдық, істің алды-артын бағдарламаушылық, аңғалақтық.

**İHYA** *is. Ar. esk.* 1. (қайтадан) Жандардыру, жан бітіру, тірілту. 2. Жақсарту, жетілдіру, күшейту. 3. Үмітін, сенімін қайтадан жандандыру.

**İKAMET** *is. Ar.* Тұратын жері, тұрағы. *ikamet etmek* тұру.

**İKAMETGÂH** *is. Ar. Far.* Мекен-жай, мекен, қоныс. *İkametgâh değiştirmek.* Мекен-жайын ауыстыру.

**İKAMETGÂN KAĞIDI** *is.* Бір жерде тұруға белгі қағаз.

**İKAZ** *is. Ar.* Ескерту, ескертпе. *ikaz etmek* ескерту, ескертпе жасау.

**İKBAL,-li** *is. Ar.* 1.Табысқа жету, жоғары дәрежеге қол жеткізу. 2.*esk.* Тілек, қалау. *Çaya ikbal yok mu?* Шай ішкіңіз келе ме?

**İKBAL DÜŞKÜNLÜĞÜ** *is.* Бақ дәулеті қашып, кедейшілік күйге түсушілік.

**İKEN** *zf.* Кезде, шақта. *Ben Kuzeyde iken.* Мен солтүстікте жүрген кезімде. *Ben öğrenci iken.* Мен студент болып жүргенде, менің студент кезімде.

**İKİ** *is.* 1.Екі. *İki dilde yazılmış sözlük.* Екі тілді сөздік. 2.Екілік, екі (баға). *Edebiyattan iki aldı.* Әдебиет сабағынан екі алды. *iki ateş arasında (kalmak)* екі оттың арасында (қалу), шешім қабылдауда (қиналу). *iki ayağını bir rabuca sokmak* екі аяғын бір етікке тығу, састыру, апшысын қуыру. *iki çift lâf etmek* екі ауыз сөз айту. *iki gözü iki çeşme ağlamak* ботадай боздау, еңіреу, ағыл-тегіл көзінің жасын бұлау. *iki lâfi bir araya getirememek* екі ауыз сөздің басын құрай алмау, ойын жүйелі жеткізе алмау. *iki paralık etmek* беделін түсіру, қадірін кетіру, атына кір келтіру. *iki paralık olmak* беделі түсу, қадірі кету.

**İKİ CANLI** *s. hlk.* Жүкті, аяғы ауыр, екі қабат (әйел).

**İKİ CANLILIK,-ğı** *is.* Жүктілік, аяғы ауырлық.

**İKİCİ** *is. ve s. fel.* Дуалист, дуализм идеясын жақтаушы.

**İKİCİLİK,-ği** *is. fel.* Дуализм – дүниенің негізгі бір-біріне тәуелсіз екі бастама – материя мен рух дейтін философиялық ағым.

**İKİ DİLLİ** *s.* Екі тілді. *İki dilli sözlükler.* Екі тілді сөздіктер.

**İKİLEM** *is. man.* Дилемма.

**İKİЛЕМЕК** *(-i)* 1.Екі есеге арттыру, екі есе көбейту, екі есе үлкейту. *Vitesi ikilemek.* Жылдамдықты арттыру.

2.Қайталау, қайыра істеу. 3.*hlk.* (жерді) Екі рет айдау.

**İKİLEŞMEK** *(nsz)* Екі есе арту, екі есе көбею.

**İKİLİ** *s.* 1.Қос, екі бөлшектен т.б. тұратын. 2.Екі жақты. *İkili anlaşma.* Екі жақты келісім. 3.*müz.* Дуэт. *ikili oynamak* екі жүзділік істеу, екі жақпен де ойнау.

**İKİNCİ** *s.* 1.Екінші. *İkinci Dünya Savaşı.* Екінші дүниежүзілік соғыс. 2.Екінші дәрежелі. *İkinci plânda kalmak.* Екінші кезекте тұру.

**İKİNCİ ÇAĞ** *is. jeol.* Мезозей эрасы – жер дамуының тарихындағы бір кезең; бұл кезде құстар, сүтқоректілер, алып зор кесірткелер пайда бола бастаған.

**İKİNCİL** *s.* Екінші дәрежелі, екінші.

**İKİNDİ** *is.* 1.Екінді – бесін мен ақшам арасындағы мезгіл. 2.Екінді кезінде оқылатын намаз.

**İKİNDİ NAMAZI** *is.* Екінді намазы.

**İKİ PARALIK,-ğı** *s.* Қадірсіз, қадір-қасиеті жоқ. *iki paralık olmak* қадір-қасиетінен айырылу, қадірсіздену, сыйы кету.

**İKİRCİL** *s. fel.* Екі мәнді, екі ұшты. *Kara ikincil bir kelimedir.* «Қара» сөзінде екі ұшты мағына бар.

**İKİŞER** *s.* Екі-екіден. *ikişer olmak* екі-екіден қатарға тұру.

**İKİ TELLİ** *is.* Екі ішекті саз.

**İKİ YAŞAYIŞLI** *s. biy.* Амфибия – суда да, құрғақта да жүретін жәндік.

**İKİ YÜZLÜ** *s.* Екі жақты, екі бетті.

**İKİYÜZLÜ** *s.* Екі жүзді, опасыз.

**İKİYÜZLÜLÜK,-ğü** *is.* Екіжүзділік, опасыздық, сатқындық, оңбағандық.

**İKİZ** *s.* Егіз. *İkiz çocuk.* Егіз бала. *İkiz erkek kardeşler.* Егіз туған ер балалар. 2.Ұқсас, үйлес.

**İKİZKENAR** *s. mat.* Тең бүйірлі.

**İKİZKENAR ÜÇGEN** *is.* Тең бүйірлі үшбұрыш.

**İKİZLER** *ç. öz. is. astr.* Егіздер.

**İKİZLİ** *s.* 1. Егіз балалары бар (ана). 2. Қос, екі бөлшектен тұратын.

- İkizli şamdan.* Қос шамдал.
- İKLİM** *is. Yun. coğr.* Климат, аяу райы.
- Ilman iklim.* Орташа климат.
- İKLİM BİLİMİ** *is.* Климатология – аяу райын зерттейтін ғылым.
- İKMAL,-li** *is. Ar.* 1.Толықтыру, кем-кетігін толтыру. 2.Бітіру, тамамдау, аяқтау. *ikmal etmek* 1)толықтыру, жетілдіру. 2)бітіру, аяқтау.
- İKMAL İMTİHANI** *is.* Қайта емтихан алу, емтиханды қайтадан тапсыру.
- İKNA,-ı** *is. Ar.* Сендіру, нандыру. *ikna etmek* сендіру, нандыру, көзін жеткізу, иландыру. *ikna olmak* сену, илану, нану.
- İKON** *is. Yun.* Икона – христиан дініндегілер сиынатын «құдайлардың», «әулиелердің» суреті.
- İKONA** *bk. İkon.*
- İKRAH** *is. Ar. esk.* Жеркену, жирену. *ikrah etmek* жеркену, тіксіну.
- İKRAM** *is. Ar.* 1.Қонақ күту, қонақты жылы қабылдау, қарсы алу. 2.Сыйлық, тарту-таралғы. 3.(баға) Түсіру, жеңілдік жасау. 4.(қонақты) Ішкізіп-жегізу, сыйлау. *Ev sahibi bize sigaralar ikram buyurdu.* Үй иесі бізге темекі ұсынды. *ikram etmek* 1)(қонақты) күту, сыйлау. 2)(бағада) жеңілдік жасау, түсіру.
- İKRAMCI** *s.* Береген, біреуге бір нәрсе бергенді жақсы көретін, қолы ашық.
- İKRAMİYE** *is.* 1.(жалақадан бөлек берілетін) Сыйлық ақша, ақшалай жәрдем. 2.(лотереядан шыққан) Ірі ақшалай ұтыс я зат.
- İKRAMİYELİ** *s.* 1.(лотереяда) Ұтысы бар, ұтыс шыққан. 2.Жеңілдетілген, түсірілген (баға). *İkramiyeli fiyat.* Жеңілдік жасалған баға.
- İKSİR** *is. Ar.* Эликсир.
- İKTİDAR** *is. Ar.* 1.Күш, күш-қуат, ерік, жігер. *Senin iktidarındadır.* Бұл сенің еркінде. 2.Өкімет, билік. *iktidardan ayrılmak* биліктен айырылу. *iktidar başında bulunmak (veya olmak)* билік басында болу, өкімет басында болу. *iktidar başına gelmek* өкімет

- басына келу. *iktidardan düşmek* биліктен кету.
- İKTİDARSIZ** *s.* 1.Олак, ебедейсіз, еспіз, іске икемі жоқ. 2.*is.* Импотент, әтек, белсіз адам.
- İKTİDARSIZLIK,-ğı** *is.* 1.Олақтық, ебедейсіздік, іске икемі жоқтық. 2.Импотенция, әтектік, еркектіктің әлеіреуі.
- İKTİSADEN** *zf. Ar.* Экономика тұрғысынан, экономикалық жақтан. *İktisaden bağımsız duruma gelmek.* Экономика тұрғысынан тәуелсіз болу. *İktisaden geri kalmış.* Экономика жағынан артта қалған.
- İKTİSADİ** *s. Ar.* Экономикалық, шаруашылық. *İktisadî abluka.* Экономикалық блокада. *İktisadî kriz (buhran).* Экономикалық тоқырау, (дағдарыс). *İktisadi coğrafya.* Экономикалық география.
- İKTİSADİİYAT** *ç. is. Ar. esk.* Мемлекеттің экономикалық жағдайы.
- İKTİSAT,-dı** *is.* Экономика. *iktisat etmek (veya yapmak)* үнемдеу, үнемдеп жұмсау.
- İKTİSATÇI** *is. ve s.* Экономист.
- İKTİSATLI** *s. ve is.* Ұқыпты, үнемшіл, құнтты.
- İKTİSATSIZ** *s. ve is.* Ысырапшыл, ысырапқа жол бергіш, ысырапқор.
- İL** *is.* Уәлаят, аймақ, өлке, өңір.
- İLÂÇ,-cı** *is. Ar.* 1.Дәрі, дәрі-дәрмек. 2.*mec.* Шара, амал, лаж. *ilâç yapmak (veya hazırlamak)* дәрі жасау (дайындау). *ilâç yazmak* рецепт жазу.
- İLÂÇLAMAК** *(-i)* 1.Дәрі жағу, бальзамдау. *Ölüyü ilâçlamak.* Өлікті бальзамдау. 2.Дәрілеу, дәрі себу.
- İLÂN** *is. Ar.* 1.Құдай, тәңір. 2.*s. mec.* Мықты, керемет. *Müzik dünyasının ilâhı.* Музыка әлемінің ең кереметі.
- İLÂNÎ** *s. Ar.* 1.Құдайға тән. 2. *mec.* Керемет, өте жақсы, асып түсетін.
- İLÂNİİYAT** *ç. is. Ar.* Теология, дін білімі.
- İLÂNİİYATÇI** *is.* Теолог, теологиямен шұғылданушы.

**İLÂM** *is. Ar. esk. huk.* Сот шешімі, сот қарары.

**İLÂN** *is. Ar.* Хабарландыру; жарнама. *ilân etmek* хабарлау, жария ету, мәлімдеу: *Gazeteye ilân vermek.* Газетке хабарландыру (күлақтандыру) беру.

**İLÂNEN** *zf. Ar.* Хабарландыру, күлақтандыру арқылы.

**İLÂN TAHTASI** *is.* Хабарландыру тақтасы.

**İLÂVE** *is. Ar.* 1.Қосу, үстеу. 2.Қосымша, үстеме, қосалқы. *Not ve ilâveler.* Ескертпелер мен қосымшалар. 3.s. Қосымша, үстеме. *İlave masraflar.* Қосымша шығындар. *ilâve etmek* қосу, үстеу.

**İLÂVELİ** *s.* 1.Толықтырылған, үстемеленген. *İlâveli ikinci baskı.* Толықтырылған 2-ші басылымы. 2. *tec.* Әсірелеп, асырып айтылған, жанынан қосып айтылған.

**İLÂVETEN** *zf. Ar.* Қосымша ретінде, үстеме ретінде.

**İLÇE** *is.* аудан – әкімшілік-территориялық жағынан бөлінген бөлік, уезд.

**İLE** *e. ve bağ.* 1.Істің қимылға ортақтығын, амалын білдіреді. *Bu haberin gelmesiyle iş bozuldu.* Бұл хабар жете салысымен іс теріс кетті. 2. *e.* Көмектес септіктің қосымшасы тұлғасында жұмсалады. *Bıçakla kesmek.* Пышақпен кесу. *Çiçeklerle bezemek.* Гүлдермен өшекейлеу. *Mektubu kurşunkalem ile yazdım.* Хатты қарандашпен жаздым. 3. *bağ.* Жалғаулық шылау қызметінде жұмсалады. *Annesi ile babası geldiler.* Әкесі мен шешесі келді. *Bu yol köy ile orman arasından geçer.* Бұл жол ауыл мен орман арасынан өтеді.

**İLBET** *zf. Ar.* Мәңгі бақи, мәңгілік.

**İLENÇ,-ci** *is.* Қарғыс, қарғау, лағынет.

**İLENMEK** (-e) Қарғау, лағынеттеу, лағынет айту.

**İLERİ** *is.* 1.Алды, алдыңғы жағы. *Kafilenin ilerisinde yürüyorduk.*

Саптың алдыңғы жағында кетіп бара жатыр едік. 2.Болашақ, келешек.

*İleride ne olacağını kimse bilmez.*

Келешекте не болатынын ешкім білмейді. 3. *s.* Алдыңғы жақтағы, алдыңғы. *İleri karakol.* Күзет бекеті,

күзет заставасы. 4. *s.* (сағат) Ілгері кеткен, алда тұрған. *Saat beş dakika ileridir.* Сағат бес минут алда. 5. *s.*

*tec.* Алдыңғы қатардағы, прогресшіл, дамушы. *İleri fikirler.*

Прогресшіл идеялар. *ileri geçmek*

1)алға шығу, алдыңғы шепке шығу.

2)қызметте жоғарылау. *ileri gitmek*

(veya varmak) шектен шығу, шамадан

тыс кету.

**İLERİCİ** *s. ve is.* Прогресшіл, алдыңғы қатарлы, озық ойлы.

**İLERİCİLİK,-ği** *is.* Прогресшілдік, озық ойлылық.

**İLERİDE** *zf.* 1.Алда, ілгеріде, алдыңғы жақта. 2.Келешекте, болашақта, алдағы уақытта.

**İLERİ GERİ** *zf.* Ұқыпсыз, бейберекет, қалай болса солай. *ilerisini gerisini düşünmemek* алды-артын ойламау,

түбін ойламау, абайламау. *ileri geri konuşmak* ойланбай қойып қалу,

алды-артын пайымдамай айта салу.

**İLERLEMЕК** (*nsz, -e*) 1.Ілгерілеу, ілгері басу, алға қарай жүру. 2.(уақыт) Өту, өтіп кету. 3.Даму, арту, өсу. *İhsan Bey'in şüphesi günden güne ilerliyordu.*

Ихсан мырзаның күдігі күннен-күнге арта түсті. 4.(қызметте т.б.)

Жоғарылау, өсу, табысқа жету.

**İLERLEYİCİ** *s.* Прогресшіл, алдыңғы қатарлы, озық ойлы.

**İLERLEYİCİ BENZEŞME** *is. gr.* Ілгерінді ықпал.

**İLETİ** *is.* Жолдау.

**İLETİM** *is. fiz.* Өткізу қабілеті, өткізгіштік.

**İLETİŞİM** *is.* 1.Хабарласу, қатынас. 2.(радио, телефон т.б. үшін)

Коммуникация, байланыс.

**İLETİŞİM AĞI** *is.* Байланыс торабы.

**İLETİŞİM ARAÇLARI** *ç. is.* Ақпарат

кұралдары.

**İLETKEN** *s. fiz.* Өткізгіш. *Yarı iletken.*

Жартылай өткізгіш.

**İLETKENLİK, -ği** *is.* Өткізгіштік. *Isı iletkenliği.* Жылу өткізгіштік.

**İLETKİ** *is. mat.* Бұрыш өлшеуіш, транспортир.

**İLETMEK** *(-i)* 1. Жеткізу, алып бару, апару. 2. (сәлем, хабар т.б.) Жеткізу, айту, айтып бару. *Ahmet Bey'e selamlarınızı ilettim.* Сіздің сәлеміңізді Ахмет мырзаға айттым. 3. *fiz.* (электр, газ) Өткізу, жүргізу.

**İLGEÇ, -ci** *is. gr. bk. Edat.*

**İLGI** *is.* 1. Байланыс, қатынас, қатыс. *Dış dünya ile bütün ilgisini kesmiş.* Сыртқы дүниемен барлық байланысын үзген. *Onun bu işle ne ilgisi var?* Оның бұл іске қандай қатысы бар? 2. Қызығушылық, ынтығушылық, назар, ықылас. *ilgi çekmek (toplamak veya uyandırmak)* айналасындағылардың назарын, ықыласын өзіне аудару. *ilgi duymak* қызығушылық таныту, қызығу. *ilgisini kesmek* байланысын, қатынасын үзу.

**İLGI ÇEKİCİ** *s.* Тартымды, сүйкімді, қызықтыратын.

**İLGİLENDİRMEK** *(-i, -le)* 1. Қызықтыру, керек болу, ынталандыру. *Bu beni ilgilendirmez.* Бұл мені қызықтырмайды, бұл мәселе маған қатысты емес. 2. Қатысы болушылық, байланысы болушылық, қатысты, байланысты. *İşçileri ilgilendiren bir karar.* Жұмысшыларға қатысты шешім. 3. Қызықтырып әкету, қызығушылығын туғызу, назарын аудару. *Çalışmanız bizi ilgilendiriyor.* Сіздің істеп жатқан жұмыстарыңыз біздің қызығушылығымызды туғызды.

**İLGİLENMEK** *(-le)* 1. Қызығу, көңіл қою, назар аудару. *Bu işe çok ilgilendim.* Бұл іске көп көңіл бөлдім. *Okulda ilgilendiği tek ders İngilizceydi.* Оның мектепте көңіл қойып оқыған жалғыз сабағы ағылшынша болатын.

**İLGİLİ** *s.* Қатысты, қатысы бар, байланысты.

**İLGİLİLİK, -ği** *is.* Қатыстылық, қатысы барлық, байланыстылық.

**İLGİNÇ, -ci** *s.* Қызықты, тартымды, қызықтыратын, қызығушылық тудыратын, қызық.

**İLGİNÇLİK, -ği** *is.* Қызықтылық, тартымдылық, әсерлілік.

**İLGİSİZ** *s.* 1. Қатыссыз, қатысы жоқ, қатынассыз, байланыссыз. 2. Немқұрайды, селқос, селсоқ.

**İLGİSİZLİK, -ği** *is.* 1. Қатыссыздық, қатысы жоқтық. 2. Немқұрайдылық, селқостық, селсоқтық.

**İLHAM** *is.* Шабыт, көңіл күйдің ерекше ықыласты, әсерлі сәті, шабыттылық, рухтанушылық. *ilham vermek (veya etmek)* шабыттандыру, рухтандыру, дем беру.

**İLHAN** *is. tar.* (монғолдарда) Хан, ильхан, ел билеуші.

**İLİK, -ği (I)** *is.* (кіімде т.б.) Ілгек. *ilik açmak* ілгекті торлау.

**İLİK, -ği (II)** *is.* Жілік майы, кемік майы. *ilik gibi* 1) жақсы піскен ет. 2) *argo* сұлу, тартымды, сүйкімді (әйел немесе қыз).

**İLİKLEMEK** *(-i)* Ілгектеу, түймелеу, түймесін салу.

**İLİM, -lmi** *is. Ar.* 1. Ғылым; білім. *Edebiyat ilmi.* Әдебиеттану ғылымы. 2. *mec.* Ерекшелік, өзгешелік. *ilmini almak.* Бір нәрсені терең меңгеру, үйреніп алу, мамандану.

**İLİM ADAMI** *is.* Ғалым, білім адамы.

**İLİMCİLİK, -ği** *is. fel.* Позитивизм.

**İLİNTİ** *is.* Байланыс, қатынас, қарым-қатыс. *Benim onunla hiçbir ilintim yoktur.* Менің онымен ешқандай байланысым жоқ.

**İLİNTİLİ** *s.* Қатысы, байланыс бар.

**İLİŞİK, -ği** *s.* 1. Бірге ұсынылған, қоса жіберілген, қоса тіркелген. *Dilekçeye ilişik olarak sunulan belge.* Өтінішке қосылып берілген құжат. 2. Қатысты, қатысы бар, байланысты. 3. *is.* Байланыс, қарым - қатынас, қарым



қатыс. *ilişigi kalmamak*. Белгілі бір істі әрі қарай дамытпау, тоқтату я біреумен қарым-қатынасын, байланысын тұтастай үзу.

**İLİŞKİ** *is.* Қарым-қатынас, байланыс, алыс-беріс. *ilişkileri kesmek* қарым-қатынасты үзу. *ilişki kurmak* байланыс құру, қарым-қатынас жасау. *Diplomatik ilişkiler*. Дипломатиялық қатынастар.

**İLİŞKİN** *s.* Қатысты, қатысы бар, қатынасты. *Felsefeye ilişkin bir konu*. Философиямен байланысты тақырып.

**İLİŞKİSİZ** *s.* Қатысы жоқ, байланыссыз.

**İLİŞKİSİZLİK**, **-ği** *is.* Қатысы жоқтық, қатыссыздық, қатынассыздық.

**İLİŞMEK** **(-e)** 1. Тию, тиіп кету, жанасу. *Elim çiçeklere ilişti, vazo devrildi*. Қолам гүлдерге тиіп кетіп, вазо құлады. 2. Тию, тиісу. *Şu kağıtlara kimse ilişmesin*. Бұл қағаздарға ешкім тимесін. 3. Шеттеп отыру, шетіне отыру, жанына отыру. *Sandalyenin kenarına ilişmek*. Орындықтың шетіне отыру. 4. Кілігу, араласу, кірісу. 5. *tec.* Қозғау, әңгіме ету. *O konuya hiç ilişmedik*. Біз ол мәселені қозғаған жоқпыз.

**İLK** *s.* 1. Бірінші, алғашқы, бастапқы. *Gözlerini açınca ilk işi saatine bakmak oldu*. Көзін аша салысымен бірінші істеген ісі сағатына қарау болды. 2. *zf.* Алдымен, ең әуелі, бірінші кезекте. *İlk hatırladığım olay...* Ең әуелі ойыма түскен оқиға... 3. *zf.* Бірінші рет, алғаш рет. *Ben onu ilk görüyorum*. Мен оны алғаш рет көріп тұрмын. *ilk göz ağrısı* 1) тұңғыш бала. 2) алғашқы махаббат.

**İLK AĞIZDA** *zf.* Алдымен, ең әуелі, бірінші кезекте.

**İLКВАНАР** *is. T. Far.* Көктем.

**İLК ÇAĞ** *is. tar.* Ежелгі заман.

**İLKE** *is. tar.* Негізгі қағида, принцип. *Kimyanın ilkeleri*. Химия негіздері, химия заңдары. *Genel ilkeler*. Жалпы қағидалар. 2. Бастапқы негіз, бастапқы себеп.

**İLKECİ** *s.* Принципшіл, принципті.

**İLKECİLİK**, **-ği** *is.* Принциптілік, табандылық, ауытқушылық.

**İLKEKEL** *s.* 1. Бастапқы, алғашқы. 2. *tec.* Анайы, жабайы, дөрекі. *İlkel insanlar*. Алғашқы қауым адамдары.

**İLК ELDEN** *zf.* Тікелей, тура.

**İLKELEŞMEK** **(nsz)** Қағидаға айналу, қағидаға негізделу.

**İLKELLEŞMEK** **(nsz)** Жабайылану, тағылану, жабайылыққа айналу.

**İLKELLİK**, **-ği** *is.* Жабайылық, анайылық, қарапайымдылық.

**İLКEL TOPLUM** *is. sos.* Алғашқы қауымдық құрылыс.

**İLК GÖSTERİ** *is. tiy.* Премьера – пьесаның бірінші рет көрсетілуі.

**İLКGÜZ** *is.* Қыркүйек.

**İLКİN** *zf.* Алдымен, бастапқыда, ең әуелі, бірінші кезекте.

**İLК OKUL** *is. esk.* Бессжылдық бастауыш мектеп.

**İLКÖĞRENİM** *is.* Бастауыш білім.

**İLКÖĞRETİM** *is.* Сегіз жылдық оқу.

**İLК ÖNCE** *is. is. Yun. hlk.* Алдымен, ең әуелі, бірінші кезекте.

**İLК SEZİ** *is. fel.* Түйсік, түйсіну.

**İLKTEN** *zf. hlk. bk.* *İlk önce*.

**İLК VE SON** *s. tec.* Жалғыз, жалғыз-ақ.

**İLК YARDIM** *is.* Алғашқы көмек.

**İLК YARDIM HASTAHANESİ** Жедел жәрдем ауруханасы.

**İLКYAZ** *is.* Көктем.

**İLLÂ** *zf. Ar. bk.* *İlle*.

**İLLÂKÎ** *zf. Ar. Far. bk.* *İlle*.

**İLLÂLLAH** *ünl. Ar.* Құдай үшін! Құдай ақы. *illâllah demek (etmek)* жалықтыру, мазасын алу, тойдыру, беймазалау.

**İLLE** *zf. Ar.* 1. Міндетті түрде, сөзсіз, даусыз. *İlle seni evine kadar geçireceğim*. Сені міндетті түрде үйіне дейін шығарып саламын. 2. Әсіресе, ерекше. 3. Әйтпесе, болмаса, әйтпегенде. *Sen de gelirsin, ille gitmem*. Сен де бірге жүр, әйтпесе бармаймын.

**İLLEGAL**, **-li** *s. Fr.* Жасырын, заң бойын-

ша тыйым салынған. *İllegal örgütler*. Астыртын ұйымдар.

**İLLET** *is. Ar.* 1. Ауру, дерт, сырқат. 2. *mec.* Дағды, әдет. *Mektup yazmak illetine tutulmak*. Хат жазуды әдетке айналдыру. 3. *mec.* Бұзылу, бұзылып қалу, ақау. *Bu radyonun bir illeti var*. Бұл радионың бір ақауы бар. *illet etmek* 1) ашуландыру, ызаландыру. 2) мертіктіру, мүгедск ету.

**İLLETLİ** *s.* 1. Ауруы бар, аурулы. 2. *mec.* Ақауы бар, ақаулы.

**İLLÜSTRASYON** *is. Fr.* Иллюстрация.

**İLLÜZYON** *is. Fr.* Иллюзия, сағым, қиял.

**İLMEK, -ği (I)** *is. bk. İlmik*

**İLMEK, -er (II) (-i)** 1. Бос етіп байлау, жеңіл ғана түйіп байлау. 2. (кілем тоқығанда) Түйіндеп байлау.

**İLMÎ** *s. Ar.* Ғылыми. *İlmî araştırma*. Ғылыми зерттеу. *İlmî araştırma enstitüsü*. Ғылыми-зерттеу институты.

**İLMÎ AHLÂK** *is. esk.* Этика.

**İLMİNÂL, -li** *is. Ar.* Дін қағидаларын, ережелерін үйрететін кітап.

**İLMİK, -ği** *is.* Шешілуі оңай түйін.

**İLMİKЛЕМЕК (-i)**. Бос етіп байлау, жеңіл ғана түйіп байлау.

**İLMÜNABER** *is. Ar.* 1. Жеке куәлік, 2. Квитанция.

**İLSİZLEŞMEK** Отанынан айырылу, отансыз қалу.

**İLTİCA** *is. Ar.* Паналау, жасырыну. *iltica etmek* паналау, тығылу, жасырыну.

**İLTİCA HAKKI** *is. huk. bk. Sığınma hakkı*.

**İLTİFAT** *is. Ar. esk.* Ілтипат, ықылас; сыпайылық, ізеттелік. *iltifat etmek* ілтипат көрсету; сыпайылық таныту, ізет жасау.

**İLTİFATLI** *s.* Ілтипатты, кішіпейіл, ізетті.

**İLTİNAP, -bı** *is. Ar.* Қабыну, талаурау.

**İLTİNAPLANMAK (nsz)** Қабыну, талаурау, ісіну.

**İLTİNAPLI** *s.* Іскен, қабынған, талаураған.

**İLTİMAS** *is. Ar.* Сүйеу, жақтау, колдау.

көрсету, қорғаушылық, жақтаушылық. *iltimas etmek* қорғау, жақтау.

**İLTİMASÇI** *s.* Қорғаушы, жақтаушы, сүйеуші.

**İLTİMASÇILIK, -ği** *is.* Қорғаушылық, жақтаушылық, сүйеушілік.

**İMA** *is. Ar.* Ишара, ым, түспал. *ima etmek* ишаралау, түспалдау.

**İMAL, -li** *is. Ar.* 1. Даярлау, жасау. 2. Өндіру, өндіріп шығару, жасап шығару. *imal etmek* жасап шығару, өндіру. *Ayakkabı imal etmek* Аяқкиім жасап шығару.

**İMALÂT** *ç. is. Ar.* 1. Өнім, өнеркәсіп орындары өндіретін зат. 2. Өндіріс, өндіру. *İmalât kapasitesi*. Өндіріс қуаты.

**İMALÂTÇI** *is. ve s.* Өндіруші, өнім шығарушы.

**İMALÂTHANE** *is. Ar. Far.* Кәсіпорын, өндіріс орны.

**İMALI** *s.* Түспалды, астарлы.

**İMAM** *is. Ar.* 1. Имам – мешітте намаз қылдыратын адам. 2. Мұсылмандардың рухани жетекшісі, дін басы.

**İMAMBAYILDI** *is.* Имамбайылды – тартылған ет қосып пісірілген баклажан тағамы.

**İMAM EVİ** *is. hlk.* Әйелдер түрмесі.

**İMAMLIK, -ği** *is.* 1. Имамдық, имам болушылық. 2. Имамның қызметі.

**İMAM NİKÂHİ** *is.* Имам некелі, Ислам діні бойынша қиылған неке.

**İMAM SUYU** *is. argo* Рақы, арак.

**İMAN** *is. Ar.* 1. Иман, діни сенім, діни наным. 2. Ислам дінін қабылдау. 3. *mec.* Күшті сенім, сенімділік, батылдық. *Kalpleri vatan aşkı ve imanı ile doluydu*. Олардың жүректері отанға деген сүйіспеншілік пен сенімге толы еді. *iman etmek* сену, илану, нану. *iman getirmek* өз еркімен исламды қабылдау., мұсылман болу. *imanı gevremek tkz.* шаршау, қажу.

**İMANLI** *s.* 1. Иманды, құдайға сенетін, дінге сенген. 2. *mec.* Ар-ұяты мықты,

адал, шыншыл.

**İMAN SAHİBİ** *is.* Иманды кісі, құдайға сенетін адам.

**İMANSIZ** *s.* 1. Имансыз, дінсіз, діннен безген. 2. *mec.* Мейірімсіз, қатыгез, жауыз. *imansız gitmek* құдайға сенбей өліп кету.

**İMANSIZLIK**, *-ği is.* Имансыздық, дінсіздік, құдайға сенбеушілік.

**İMAR** *is. Ar.* Абаттық, абаттандыру. *Şehirlerin imarı.* Қалалардың абаттығы? *imar etmek* абаттандыру, көріктендіру.

**İMARET** *is. Ar. bk. İmarethane.*

**İMARETHANE** *is. Ar. Far. tar.* (кедейлерге және оқушыларға тағам тарататын) Қайырымдылық мекемесі.

**İMBAT** *is.* Жазда теңізден соғатын жел, теңіз желі.

**İMBİK**, *-ği is. Ar.* Сұйық нәрсені сүзетін аспап,дистиллятор. *imbikten çekmek* тазарту, сүзу.

**İMDAT**, *-dı is. Ar.* 1. Жәрдем. *İmdat işareti.* Апат дабылы, апат сигналы. 2. *ünl.* Құтқарындар! Көмектесіңдер! *imdat etmek* қауіпті жағдайда қалған біреуге көмек беру, көмек көрсету. *imdada (veya imdadını) koşmak* көмекке келу, қолұшын беру.

**İMDATÇI** *is.* 1. Апат жағдайында көмекке келетін адам. 2. *s.* Көмектесетін, қол ұшын беретін.

**İMDİ** *bağ.* Ендеше, сонымен, сөйтіп, демек.

**İMECE** *is.* (ауылды жерде) Асар, жабылып жұмыс істеу, көмек беру.

**İMGE** *is.* 1. Елес, бұлдыр бейне. 2. Иллюзия, фантазия, құрғақ қиял.

**İMGELEMEK** *(-i)* Елестету, көз алдына келтіру.

**İMGESEL** *s.* Елесті, елестейтін, қияли.

**İMHA** *is. Ar.* Жою, жоқ қылу, құрту, қыру. *imha etmek* жоқ қылу, құрту.

**İMİK**, *-ği is. hlk.* Тамақ, алқым.

**İMİTASYON** *is. Fr.* Имитация, еліктеу.

**İMKÂN** *is. Ar.* Мүмкіндік, мүмкіншілік. *imkân vermek* мүмкіндік беру, мүмкіндік туғызу, жағдай жасау.

*imkân yok* мүмкіндігі жоқ, мүмкін емес.

**İMKÂNSIZ** *s.* Мүмкін емес, мүмкіндігі жоқ.

**İMKÂNSIZLIK**, *-ği is.* Мүмкін еместік, мүмкін болмаушылық.

**İMLÂ** *is. Ar.* Емле, орфография. *Başlıca imlâ kuralları.* Негізгі емле ережелері. *imlâ etmek* 1) айтып отырып жаздыру. 2) диктант жазу.

**İMLÂ YANLIŞI** *is. gr.* Емле қатесі, орфографиялық қате.

**İMMORAL**, *-li s. Fr. fel.* Азғын, өнегесіз, бейморальды.

**İMMORALİZM** *is. Fr. fel.* Бейморальдық, азғындық.

**İMMÜNOLOJİ** *is. Fr.* Иммунология.

**İMPARATOR** *is. Lat.* Император, әмір.

**İMPARATORİÇE** *is.* Император әйел, императрица.

**İMPARATORLUK**, *-ğu is.* Империя, монархия. *Osman imparatorluğu.* Осман мемлекеті, Осман империясы.

**İMRENMEK** *(-e)* 1. Бар ынтасымен қалау, бар ықыласымен тілеу. 2. Қызығу, қызыға қарау, құмарта қарау, ынтық болу. *Çağımızın yazarları arasında da klâsiklere imrenenler yok değildir.* Қазіргі жазушылардың арасында да классиктерге қызыға қарайтындар жоқ емес.

**İMSAK**, *-ki is. Ar.* 1. Ұстамдылық, төзімділік, диета. 2. (ораза айында) ауыз бекітер алдындағы уақыт.

**İMSAKİYE** *is. Ar.* Ораза айында ауыз бекітетін уақытты көрсететін күнтізбе.

**İMTİHAN** *is. Ar.* 1. Емтихан, сынақ. 2. *mec.* Сынақ, сын, тексеріс. *imtihan etmek* 1) емтихан алу, сынақ жүргізу. 2) сынау, байқау, тексеру. *Sözlü imtihan.* Ауызша емтихан. *Yazılı imtihan.* Жазбаша емтихан.

**İMTİYAZ** *is. Ar.* 1. Жөнілдік, жартылай босатушылық, кеңшілік. 2. *huk.* Концессия – бір мемлекеттің өз өндіріс орнын, пайдалы кендерін,

жерін жеке адамдарға я бірлестіктерге белгілі бір мерзімге жалға беру туралы рұқсат.

**İMTİYAZLI** *s.* 1. Түрлі жеңілдіктерден пайдаланатын, ерекше жеңілдік жасалған, артықшылығы бар. 2. Концессиялық, концессиясы бар. *İmtiyazlı şirket.* Концессиялық фирма.

**İMTİYAZSIZ** *s.* Жеңілдіксіз, жеңілдік жасалмаған.

**İMZA** *is. Ar.* 1. Қол қою, қол. 2. Автограф, қолтаңба. 3. *tec.* Атақты жазушы я өнер адамы. *Dergi en ünlü imzalara yer veriyor.* Журнал атақты адамдар жайлы жазып жүр. *imza atmak* қол қою. *imza toplamak* 1) қол жинау, адамдарға қол қойғызу. 2) қолтаңба жинау.

**İMZALAMAK** *(-i)* Қол қою.

**İMZALANMAK** *(nız)* Қол қойылу.

**İMZALATMAK** *(-i, -e)* Қол қойғызу.

**İMZALI** *s.* Қолы қойылған, қол қойылған.

**İMZASIZ** *s.* 1. Қол қойылмаған, қолы жоқ. 2. *(nız)* Аноним, автор өз атын жасырын жазған (хат т.б.).

**İN (I)** *is.* 1. Апан, ін. 2. Үңгір.

**İN (II)** *is.* Адам. *in cin top оунатак (veya in cin yok)* жан баласы жоқ, төңіректе ешкім жоқ.

**İNADINA** *zf.* 1. Қасақана, әдейілеп. 2. Керісінше, мүлде басқаша, қарама-қарсы.

**İNAK, -ği** *is. fel.* Догма.

**İNAKÇILIK, -ği** *is.* Догматизм.

**İNAL** *is.* Сенімге кірген, сенімді адам.

**İNAM** *is. esk.* Аманат.

**İNAN** *is. esk.* Сенім. *Ona inanım var.* Оған сенемін. *inanı olmak* сену, сенім білдіру.

**İNANCA** *is.* Гарантия, кепілдік.

**İNANC, -cı** *is.* 1. Сенім, наным. *Ona inanç olmaz.* Оған сенуге болмайды. 2. Сенімділік, көзі жетушілік. *Buna inancım tamdır.* Бұған менің сенімім мол, толық көзім жетеді. 3. Діни сенім, құдайға сенушілік. *İnancı yerinde.* Құдайға сенетін, діндар.

*Batıl inanç* Ырымшылдық, жокқа нанушылық.

**İNANÇLI** *s.* 1. Өзіне сенетін, өзіне деген сенімі мол. 2. Иманды, иманы бар, иманы берік.

**İNANÇSIZ** *s.* Сенімі жоқ, сенбейтін, имансыз, дінге сенбейтін.

**İNANDIRICI** *s.* Сендіретін, сенім ұялататын, нанымды.

**İNANDIRMAK** *(-i, -e)* Сендіру, нандыру, иландыру.

**İNANILMAZ** *s.* 1. Нанымсыз, шынайы емес, ақылға симаытын. 2. Бұрын-сонды болып көрмеген, құлақ естімеген.

**İNANMAK** *(-e)* 1. Сену, нану, илану. *Ben size inanıyorum.* Мен сізге сенемін. *Her reklama inanmayın.* Жарнамалардың бәріне бірдей сенбеңіз. *inanıp güvenmek* сену, сенім арту, илану. *Allaha inanmak.* Құдайға сену.

**İNANMAZLIK, -ği** *is.* Сенбеушілік, нанбаушылық, иланбаушылық.

**İNANSIZ** *s.* Құдайға сенбейтін, имансыз.

**КЕКРЕЛІК, -ği** *is.* Ауыз қуырарлық, ашылық.

**КЕКРЕСІ** *s.* (дәмі) Қышқылдау, ащылау.

**KEL** *is. Far.* 1. Таз, қотыр. 2. *s.*

Басы таз (адам). 3. *s. mec.*

(табиғат) Тақыр, жалаңаш, жадағай.

*Kel tepeler.* Тақыр таулар. 4. *mec.*

(өсімдік) Көгермей қалған, өспей қалған.

**KELÂM** *is. Ar. esk.* 1. Сөз. 2.

Сөйлеу мәнері. 3. Ислам діни ілімі.

**KELÂMIKADİM** *öz.is. Ar. bk. Kur'an.*

**KELE** *is. hlk. bk. Boğa.*

**KELEBEK, -ği** *is. zool.* 1. Көбелек.

2. (қойларда) Делбе, айналма ауруы.

**KELEBEK GÖZLÜK, -ğü** *is.* Қыстырма көзілдірік, мұрын қырына қыстырып киетін көзілдірік, пенсне.

**KELEK, -ği** *is.* 1. Піспеген қауын.

2. Шанаш, сүйретпе байланған сал

ағашы. 3. *s.* Арагидік, кей жер-

лері түсіп қалған, тақырланып

қалған. 4. *s.* Жүні түскен, түле-

ген. *Kelek tulum.* Тақыр торсық.

5. *argo* Ақымақ, ақылсыз.

**KELEM** *is. Far. hlk. bk. Lâhana.*

**KELEPÇE** *is. Far.* Кісен, темір бұ-

ғау. *Kelepçe vurmak.* Кісіндеу,

кісен салу, қол-аяққа бұғау салу.

**KELEPÇELEMEK** *(-i)* Кісіндеу,

кісен салу.

**KELEPÇELENMEK** *(nsz)* Кісенделу,

кісен салыну.

**KELEPÇELİ** *s.* 1. Кісенді, кісені

бар. 2. Кісендеулі, кісен

салынған.

**KELEPİR** *is. ve s.* Арзан бағамен

алынған, арзанға алуға болатын.

*Kelepir bir ev satın aldı.* Арзан баға-

мен бір үй сатып алды. *kelepire*

*konmak* өте арзанға алу.

**KELEPİRCİ** *s.* Барлық нәрсені су те-

гін алып қалғысы келетін (адам).

**KELEPSER** *is. Far.* Жүген.

**KELER** *is. zool.* Кесіртке. *Alaca ke-*

*ler.* Тарғыл кесіртке. *Yeşil keler.*

Жасыл кесіртке.

**KELEŞ** *s. hlk.* 1. Батыл, ер жүрек,

қайсар. 2. Өте әдемі, сұлу, көрікті.

3. *hlk.* Ұсқынсыз, кейіпсіз,

сыықсыз. 4. *hlk.* Таз, қасқа бас.

**KELİME** *is. Ar.* Сөз. *Kelimenin tam*

*anlamıyla.* Сөздің толық мағына-

сында. *kelimeleri tartarak konuşmak*

әр сөзді ойланып айту, байыптап

сөйлесу.

**KELİME HAZİNESİ** *is. bk. Söz var-*

*lığı, kelime kadrosu.*

**KELİMEİŞAHADET** *is. Ar.* (Исламда)

Иман келтіру.

**KELİME KADROSU** *is. bk.* Söz varlığı.

**KELİMESİ KELİMESİNE** *zf.* Сөзбе-сөз, нақ сол қалпында, дәлме-дәл.

**KELLE** *is. Far. tkz.* 1. Бас, кәлде. 2. Кесек, шағым. *Bir kelle peynir.* Бір кесек сыр. *Bir kelle şeker* Бір шағым қант. 3. Масақ (егіннің т.б. дөңді басы). *kelle götürmek* асығып-үсігу, асығу. *Kellesini koltuğuna almak* Басын қатерге тігу, тәуекелге бел байлау. *kellesini uçurmak* басын кесу, кәлдесін алу.

**KELLEŞMEK** (*nsz*) Қасқа бастану, маңдай шашы түсе бастау.

**KELLİ** *e. hlk.* Сосын, содан кейін. *Sen böyle dedikten kelli ben ne yapabilirim?* Сен осылай дегеннен кейін, менің қолымнан не келеді?

**KELOĞLAN** *öz. is.* 1. Тазша бала. 2. *mec.* Жетім бала.

**KEM** *s. Far. esk.* 1. Кем, жетімсіз, кеміс, аз. *Kem akçe.* (салмағы т.б. жағынан) Кем теңге. 2. Жаман, жақсы емес. *Kem söz.* Жаман сөз. *ket gözle bakmak* жаман көзбен қарау; тесіле, сұқтана қарау.

**KEMAL, -li** *is. Ar.* 1. Кемеліне келгендік, жетілгендік, жетілу, кемеліне келу, толығу. 2. Құн, құндылық, жақсы қасиет. *kemale gelmek (veya ermek)* кемеліне келу, әбден толысып жетілу.

**KEMALİST** *öz. is.* Кемалист-Ататүрікші идеяны, ой пікірді жақтаушы, қолдаушы.

**KEMALİZM** *öz. is.* Кемализм – Ататүрікші идеяны жақтаушылық, Ататүріктің саяси доктринасы.

**KEMAN** *is. Fr. esk.* 1. Скрипка. *Keman çalmak.* Скрипка тарту. *Birinci keman.* Оркестрдегі бірінші скрипка. 2. Садақ. *keman gibi* имек қас, жіңішке қиылған қас.

**KEMANCI** *is.* Скрипкашы.

**KEMAN YAYI** *is. müz.* Ысқы, қияқ.

**KEME** *is. hlk.* Егеуқұйрық, мұжыма тышқан.

**KEMER** *is. Far.* 1. Белдік, белдеу. *Bel kemeri.* Құтқару белдігі. *Can-kurtaran kemeri.* Құтқару белдігі. 2. Көпір арқасы, көпір иіні. 3. *anat.* Ойдым, шұңқыр. *Damak kemeri.* Тандай шұңқыры. 4. *s.* Дөңес, ортасы көтеріңкі. *Kemer burun.* Қоңқақ мұрын.

**KEMERLİ** *s.* 1. Белдігі бар, белдеулі. *Kemerli bir giysi.* Белдігі бар көйлек. 2. Доға тәрізді, иіңкі, дөңесту.

**KEMER PATLICAN** *is.* Ұзын баклажан.

**KEMİK, -ği** *is. anat.* Сүйек. *Alın kemiği.* Маңдай сүйек. *Eğe kemiği.* Қабырға сүйек. *Kürek kemiği.* Жауырын. 2. *s.* Сүйектен істелген, сүйек. *Kemik tarak* Сүйек тарак. *kemik gibi* сүйек сияқты қатты. *kemiklerini kırmak* сүйегін сындыру, ұрып соғу. *kemik yalayıcı* жағымпаз, жарамсақ.

**KEMİK BİLİMİ** *is. anat.* Остеология – анатомияның адамның сүйек қанқаларын зерттейтін бөлімі.

**KEMİKLEŞMEK** (*nsz*) Қатаюу, сүйекке айналу.

**KEMİKLİ** *s.* 1. Сүйекті, сүйегі ірі. 2. Сүйегі арсиған, арық, етсіз.

**KEMİKSİZ** *s.* Сүйексіз, сүйегі жоқ.

**KEMİRCİK, -ği** *is. anat.* Шеміршек. *Burun kemirciği.* Мұрын шеміршегі.

**KEMİRGEN** *s.* Кеміргіш.

**KEMİRGENLER** *ç. is. zool.* Кеміргіштер (тиін, қоян, суыр т.б.).

**KEMİRMEK** (*-i*)1. Кеміру, мұжу. *Küçük bir fare bir şeyler kemiriyor.* Кішкентай тышқан бір нәрсені кеміріп жатыр. 2. *mec.* Түтіп жеу, жегідей жеу.

**KEM KÜM** *zf.* *ket küm etmek* мінгірлеу, мыңғырлау.

**KEMLİK, -ği** *is.* Жамандық, жауыздық, зияндық.



**KENAR** *is. Far.* 1. Ернеу, шет, кенере. *Köy kenarı.* Ауылдың шеті. *Orman kenarı.* Орманның шеті, тоғай шеті. *Yolun kenarı.* Жолдың жағасы. 2. Жақ, шет. *Kenarda durmak.* Шет жағында тұру. *Bir kenara çekilmek.* Шетке шығып тұру. 3. Жиек. *Kumaşın kenarı.* Матаның жиегі. 4. Жаға. *Derenin kenarı.* Өзеннің жағасы. *Gölün kenarı.* Көлдiң жағасы. 5. *s.* Шеткі, шеттегі. *Kenar bir yer.* Шет жер. *Kenar mahalle.* Шет аудан, қаланың шеткі аймағы.

**KENARCI** *is.* Теңіз жағалауында балық аулаушы, балықшы.

**KENARLI** *s.* Кенерелі, кенересі бар, жиекті, жиектелген.

**KENDİ** *zm.* 1. Өз. *Kendim.* Мен өзім. *Kendin.* Өзің. *Kendin daha iyi bilirsin!* Өзің де жақсы білесің! *Bu işi kendin yapabilirsin.* Мұны өзің де істей аласың. *Kendisi gelsin.* Өзі келсін. *Kendine güveniyor.* Ол өзіне сенеді. *Kendimiz.* Өзіміз. *Kendimiz görmeliyiz.* Өзіміздің көруіміз керек. *Kendiniz sebep oldunuz.* Сіз өзіңіз себепші болдыңыз. 2. Өзіңікі, өз меншігі. *Kendi evim.* Өзімнің жекеменшік үйім. *Kendi işini kendisi yapsın.* Өз ісін (өзіне тиісті істі) өзі істесін. *kendi ağzıyla tutulmak* айтып қалу, байқаусызда айтып салу. *kendini beğenmek* өзін-өзі сүю, өзін бас-қалардан артық санау, паңдану, кісі-лесу. *kendini bırakmak* азып-тозып кету, өзіне қарамау. *kendini bir şey sanmak* мұрын шүйіру, өзін керемет санау. *kendi derdine düşmek* өзінің жеке мәселелерімен басы қату, өз басының уайымы, мұңы өзіне жету. *kendine gelmek* 1) өз-өзіне келу. 2) есі кіру, ақылға келу. *kendini kaptırmak* беріліп кету, соңына түсу, салыну. *kendini kaybetmek* 1) естен танып қалу, естен тану. 2) өзін-өзі ұстай алмау, ашуланып кету, долдану. *kendini*

*yemek* өзін-өзі іштей мұжу, азап тарту, жапа шегу. *kendi kuyusunu kendi kazmak* өз көрін өзі қазу, өзіне өзі жамандық істеу. *kendini naza çekmek* еркелеу, наздану.

**KENDİ BAŞINA** *zf.* Өз бетімен, өзінше.

**KENDİ HÂLİNDE** *s.* Өзімен-өзі, еш нәрсемен ісі жоқ, тыныш.

**KENDİ KENDİNE** *zf.* Өзімен-өзі, өз бетінше, өз алдына.

**KENDİLİĞİNDEN** *s. ve zf.* Өзінен-өзі, қараптан-қарап, жайдан жай.

**KENDİNCE** *zf.* Өзінше, өз түсінігінше, өз шамалауынша. *Yaptığı kendince önemli bir iş.* Оның ойынша, істегені маңызды бір іс.

**KENDİNDEN** *zf.* Өздігінен, өз бетімен, өзінше.

**KENDİNE MAHSUS** *s. bk. Kendine özgü.*

**KENDİNE ÖZGÜ** *s.* Өзіне тән.

**KENDİR** *is.* 1. Кендір (өсімдік). 2. Кендірден жасалған. *Kendir halat.* Кендір жіп, кендірден есіп жасалған арқан.

**KENE** *is. Far. zool.* Кене. *kene gibi yapılmak* кенедей жабысу, ұстаған жерінен айырылмай.

**KENEF** *is. Ar. kaba* 1. Дәретхана. 2. *s.* Жеренішті, жиіркенішті.

**KENET, -di** *is.* Қапсырма шеге, скоба.

**KENETLEMEK** *(-i)* 1. Қапсырма шегемен бірін-біріне бекіту. 2. *tec.* Бекіту, ұстастыру, жалғау. 3. *tec.* Қысу, сығу.

**KENEVİR** *is. bot. bk. Kendir.*

**KENT** *is.* Қала, шаһар, кент.

**KENTAL, -li** *is. Fr.* Центнер.

**KENTET** *is. Fr.* Квинтет – бес дауыспен ойналатын музыкалық шығарма.

**KENTLEŞMEK** *(nsz)* 1. Қалаға айналу. 2. Қалалық болу, қала тұрғыны болу.

**KENTLİ** *s.* Қалада тұратын, қала тұрғыны, қала адамы.

**KEP** *is. İng.* 1. Кепка (бас киім). 2.

Қалпак (дәрігер т.б. киетін).

**KEPAZE** *s. Far.* 1. Шатпақ, мағынасыз, сандырақ, тантық. 2. Арсыз, ұятсыз. *kepaze etmek* ұятқа қалдыру, масқаралау. *kepaze olmak* масқара болу, күлкі болу.

**KEPÇE** *is. Far.* 1. Шөміш, ожау. 2. Ожау ыдыс, өндірісте қолданылатын металдан жасалған үлкен ожау. 3. Сачок – балық, көбелек ұстау үшін таяқтың басына керген торлы дорба. 4. *sp.* Күрес тәсілі.

**KEPÇE KULAK, -ği** *s. ve is.* Салпаң құлақ.

**KEPÇE KUYRUK, -ğu** *s. ve is. argo* Арамтамақ, жатып ішер.

**KEPÇE SURAT** *s.* Беті бір уыс (адам).

**KEPEK, -ği** *is.* 1. Кебек. 2. Қайызғақ.

**KEPEKÇİ** *is.* Кебек сататын адам.

**KEPEKLENMEK** (*nsz*) 1. Қайызғақ түсу, қайызғақтану, қайызғақ пайда болу. 2. (алма) Құрғап кеуіп қалу.

**KEPEKLİ** *s.* Кебекті, кебегінен ажыратылмаған.

**KEPEKLİ UN** 1. Кебекті ұн. 2. Қайызғақты, қайызғағы бар.

**KEPEKLİ SAÇLAR** Қайызғақ түскен шаш.

**KEPENEK, -ği** *is.* Шопан жамыл-ғышы – киізден я теріден істеген жеңсіз шапан.

**KEPENK, -ği** *is.* Дүкендер жабылғанда есік-терезесін жауып тұратын темір қақпа, есік-терезе қақпағы.

**KEPİR** *is. hlk.* Соран жер, құнарсыз топырақ.

**KEPMEK** (*nsz*) *hlk.* Шөгу, опырылу.

**KERAMET** *is. Ar.* Керемет, ғаламат, ғажап. *Keramet sahibi.* Ғажайып іс жасаушы, таңғаларлық іс жасаушы.

**KERATA** *is. Yun.* 1. Өзін басқа еркектермен алдатып жүрген әйелдің күйеуі. 2. Тентек, сотқар – жақсы көріп, мейірі түскенде айтылатын сөз. 3. Аяқкиімді киюге арналған қалақша.

**KERE** *is. Ar. esk.* Рет. *Birkaç kere.* Бірнеше рет. *Çok kere.* Көп рет. *İki*

*kere iki.* Екі жерде екі. *Kaç kere?* Қанша рет?

**KERESTE** *is. Far.* 1. Тақтай, тілінген құрылыс материалдары. 2. *mec.* Жайбасар, қолапайсыз, икемсіз. 3. Етікшінің құрал-саймандары.

**KERESTECİ** *is.* Ағаш, тақтай сататын адам.

**KEREVET** *is. Yun.* Сәкі-төсек, жайдақ ағаш кереует.

**KEREVİZ** *is. Far. bot.* Иісті балдыркөк.

**KERHANE** *is. Far.* Ашынажай.

**KERHANECİ** *is.* Ашынажай ұстаушы.

**KERHEN** *zf. Ar. esk.* 1. Жеркөніп, жиреніп. 2. Еріксізден, лажсыздан, амалсыздан.

**KERİM** *s. Ar. esk.* 1. Текті, асыл, бекзат. 2. Кең пейілді, жомарт, мейірімді. 3. *is.* Алланың есімдерінің бірі. *Allah kerim.* Алланың шапағаты, рақымы мол.

**KERİZ** *is. Far.* 1. Лас су ағындысы. 2. *argo* Құмар, карта ойыны. 3. *argo* Сауық кеші, той-томалақ.

**KERİZCİ** *is. argo* 1. Музыкант. 2. Шулер, ойында қулық жасайтын адам.

**KERKİ** *is. hlk. bk. Keser.*

**KERMEN** *is.* Қамал.

**KERMES** *is. Fr.* Халық серуені (мереке т.б. күндерде).

**KERPETEN** *is. Ar.* Кемпірауыз, тістеуік, қысқаш.

**KERPİÇ, -ci** *is.* 1. Шикі кірпіш, саман, балшықтан құйған кірпіш. 2. *s.* Саманнан соғылған, балшықтан құйған. *Kerpiç evler.* Саманнан соғылған үй.

**KERRAT** *is. Ar.* Бірнеше рет.

**KERRAT CETVELİ** *is.* Көбейту кестесі.

**KERTE (I)** *is.* Кертік, ойық, таңба, белгі.

**KERTE (II)** *is. İt. mec.* Дәреже, шама. *Bu işi bu kerteye getirmemeli idiniz.* Бұл істі мұндай дәрежеге дейін

жеткізбеуіңіз керек еді.

**KERTE KERTE** *zf.* 1. Аздап-аздап, шамалап. 2. Жай-жай, акырындап.

**KERTENKELE** *is. zool.* Кесіртке.

**KERTİ** *is.* 1. Кертік, ойық, таңба, белгі. 2. *s. hlk.* (нан, ет т.б.) Қатып қалған, кеуіп қалған.

**KERVAN** *is. Far.* Керуен. *Kervan yolları.* Керуен жолдары, керуен қатынайтын жол.

**KERVANBAŞI** *is.* Керуен басы, керуенді бастаушы адам.

**KERVANCI** *is.* Керуенші, керуен тартушы адам.

**KERVANKIRAN** *öz. is. Far. T.* Шолпан (жарық жұлдыз).

**KERVANSARAY** *is. Far.* Керуен сарай, жолаушылар түсіп дем алатын арнаулы жай.

**KERVAN YILDIZI** *öz. is. bk.* *Kervankıran.*

**KES (I)** *is. hlk.* Тезек.

**KES (II)** *is.* Кеды, спорттық ботинка.

**KESAT, -dı** *is. Ar.* 1. Тоқырау, тоқтап қалу (сауда-саттық). 2. Таршылық, азық-түлік жетіспеушілік, тоқшылық.

**KESE (I)** *is. Far.* 1. Әмиян, шилан. *Para kesesi.* Ақша салатын әлиян. 2. Қалташық, дорбаша, кішігірім қалташық. *Kur'an kesesi.* Құран салып қоятын дорбашық. *Mühür kesesi.* Мөр салатын қалташық. 3. Жуыну жөкесі, қолға киіп езінетін, кір шығарғыш жөке. 4. *tec.* Мал-мүлік, дүние-мүлік. *kesenin ağzını açmak* ақшаны орынсыз шашу, ысырап ету; жомарттану, мырзасу. *kesesine göre* ақшасына қарай, қалтасына қарай. *kesesine güvenmek* ақшасына, қалтасына сену. *her keseye elverişli* көпшілік қолды, арзан, көпшіліктің тұтыну мүмкіншілігі бар.

**KESE (II)** *is. ve s. hlk.* Ең қысқа, төте. *Kese yol.* Ең қысқа жол.

**KESEK, -ği** *is.* 1. Кесек, балшық, топырақ т.б. кесегі. 2. Тезек. 3.

Шым, қыртыс.

**KESE KAĞIDI** *is.* Қағаз қапшық.

**KESEKLİ** *s.* Кесек-кесек, түйір-түйір (топырақ).

**KESEL** *is. Ar. esk.* Босандық, жалқаулық. *kesel gelmek* босансу, жалқаулану.

**KESELEMEK (-i)** Жөкемен ысыну, монша қолғабымен ысқылану.

**KESELİLER** *ç. is. zool.* Қалталылар, қалталы жануарлар.

**KESENEK, -ği** *is.* 1. Айлықтан ұсталған ақша, айлықтан шегерілген сома. 2. Құнын төлеп сатып алу, құнын төлеп құтқарып алу. *kesenek vermek* бірдемені біреулердің билігіне түгел сатып беру.

**KESENEKÇİ** *is.* Сатып алушы.

**KESENKES** *zf. hlk.* Сөзсіз, міндетті түрде.

**KESER** *is.* Айбалта, балта.

**KESİK, -ği** *s.* 1. Кесілген, шауып тасталған. *Kesik saç.* Кесілген шаш. 2. Іріп кеткен, ұйып қалған. *Kesik süt.* Іріп кеткен сүт. 3. *is.* Ашыған сүт. 4. Ірімшік, брынза. 5. Кесілген жер, кесік. *Parmağında kesikler.* Саусағындағы кесілген жерлер. 6. *hlk.* (бақша, егістік айналасында қазылған) Шұңқыр.

**KESİK KELİME** *is. gr.* Қысқартылған сөз.

**KESİK KESİK** *s. zf.* Үздік-создық, үздік-үздік, үзік-үзік, кідірмелі. *Kesik kesik nefes almak.* Ауық-ауық дем алу.

**KESİKLİ** *s.* Үзік-үзік, кідірмелі, үзілмелі.

**KESİKSİZ** *s.* Тұрақты, үздіксіз, тоқтаусыз. *Kesiksiz akım.* Тұрақты ток.

**KESİLMEK (nsz)** 1. Кесілу, қиылу; бөгелу, жабылу. *Yollar kesildi.* Жолдар кесілді, жабылып қалды. 2. Тоқтау, басылу, тыйылу. *Rüzgâr kesildi.* Жел тыйылды. *Yağmur kesildi.* Жаңбыр басылды. 3. Шар-шау, болдыру, қалжырау. *Biraz koşunca kesildi.* Біраз

жүгіргеннен кейін, болдырып қалды.

4. Болу, істелу. *Bembeyaz kesilmek.*

Аппак, ақша қардай болу. *Buz kesilmek.*

Мүз болып қатып қалу, сіресіп қатып қалу. *Düşman kesilmek.*

Дұшпанға айналу, дұшпан болу. *Taş kesilmek.*

Тас болу, тас болып қатып қалу, тасқа айналу. 5. (сүт) Ұйып қалу, іріп кету. 6. (-den) Айырылу, қашу. *İštahtan kesilmek.*

Тәбеті қашу. *Kuvvetten kesilmek.*

Күш-қайраты кету. 7. Өзін ерекше санау. *Kahraman kesilmek.*

Батырсыну, өзін-өзі ер санау.

**KESİM** *is.* 1. Кесу. *Hayvan kesimi.*

Мал сою. 2. Пішу; үлгі, фасон. *Kumaş kesimi.*

Мата пішу. 3. Үзіліс, үзіліс жасау. *Ders kesimi.*

Дәріс арасында үзіліс жасау. 4. Жал, жалдау. *Kesime vermek.*

Жалға беру. 5. Аудан, аймақ. *Marmara kesiminde yoğun sis var.*

Мәрмәр теңізі аймағында қалың тұман бар. 6. *hık.* Дене бітімі, дене құрылысы, тұлға.

**KESİM EVİ** *is.* Қасапхана.

**KESİMLİK** *s.* Сойымдық, союға жарамды.

**KESİN** *s.* Кесімді, нақты, тұжырым-ды, шешімді, тиянақты. *Kesin öntemler.*

Нақты шаралар.

**KESİNLEŞMEK** (*nsz*) Нақтылану, дәл анықталу, дәлелдену. *Burada kalmamız kesinleşti.*

Осында қалуымыз біржолата шешілді.

**KESİNLEŞTİRMEK** (*-i*) Нақтылай түсу, нақтыландыру, анықтай түсу.

**KESİNLİK, -ği** *is.* Нақтылық, кесімділік, тиянақтылық. *Bu sözde kesinlik yok.*

Бұл сөзде нақтылық жоқ. 2. *fel.* Анықтық, дұрыстық. *kesinlikle* дәл, анық, нақты: *Kesinlikle biliyorum.*

Мен анық білемін.

**KESİNSİZLİK, -ği** *is.* Нақты еместік, анық еместік.

**KESİNTİ** *is.* 1. Кесінді, қиынды. 2. Үзіліс, кідіріс. 3. (ақшадан, жалақыдан) Ұстап қалу, алып қалу,

шегеру. *Bu ücretin hiçbir kesintisi yoktur.* Бұл жалақыдан ештеңе ұсталған жоқ.

**KESİNTİLİ** *s.* 1. Үзіліспен, тоқтап-тоқтап істелген. *Kesintili bir çalışma.*

Токтап-тоқтап істелген жұмыс. 2. (ақша) Бір бөлігі ұсталынған, шегерілген, кемітілген. *Kesintili ücret.*

(бір бөлігі) Ұстап қалыпған жалақы.

**KESİNTİSİZ** *s.* 1. Үзіліссіз, демалыссыз, кідіріссіз. *Kesintisiz bir çalışma.*

Үзіліссіз істелген жұмыс. 2. (ақша, жалақы) Шегерілген, ешқандай салық ұсталмаған, кемітілмеген.

**KESİR, -sri** *is.* *Ar. mat.* Бөлшек.

**KESİRLİ SAYI** *is.* Бөлшек сан.

**KESİŞMEK** *is.* (*nsz, -le*) 1. Қиылысу. 2. (сауда-саттықта) Сөз байласу, райласу, келісу. 3. *argo* (еркек пен әйел) Көзқарастарымен түсінісу, көз қысысу.

**KESİT** *is.* Кесілген жер, кесік, қима. *Ağacın kesiti.*

Ағаштың кесілген жері.

**KESKİ** *is.* Кескіш; балта.

**KESKİN** *s.* 1. Өткір. *Keskin bıçak.*

Өткір пышақ. *Keskin göz.* Өткір көз. 2. Өкпек, өткір, қатты. *Keskin rüzgâr.*

Өкпек жел. *Keskin bir soğuk.* Қатты суық. *Keskin renkler.*

Көздің жауын алатын ашық түстер. 3. Міндетін мүлтіксіз атқаратын. *Keskin nişancı.*

Мерген атқыш. 4. (дауыс) Аңы. 5. Күшті, қою, қатты. *Keskin ayaz.* Қатты аяз. *Keskin sirke.*

Күшті сірке суы.

**KESKİNLEŞMEK** (*-i*) Өткірлену; қатаю.

**KESKİNLİK, ği** *is.* Өткірлік, кесіп түсушілік.

**KESME** *is.* 1. Сойыс. *Hayvan kesme.*

Мал сою. 2. Қаңылтыр т.б. кесетін үлкен қайшы. 3. *mat.* Сектор. *Küre kesmesi.*

Сфералық сектор. 4. *s.* Кесек-кесек түрінде кесілген, төртбұрыштап кесілген.

5. *s.* Кесімді, тиянақты, соңғы. *Kesme fiyat.* Соңғы, кесімді баға.
- KESMECE** *zf.* Кесіп көру арқылы, кесіп. *Karpuzu kesmece satmak.* Қарбызды кесіп сату. 2. Бір бағамен, бірдей бағаға. *Bu kitapları kesmece yüzer liradan aldım.* Бұл кітаптардың бәрін бірден жүз лирадан сатып алдым.
- KESME İŞARETİ** *is.* Апостров, дәйекше.
- KESMEK, -er (-i)** 1. Кесу, турау. *Eti kesmek.* Етті турау. *İpi kesmek.* Жіпті кесу. 2. Сою, бауыздау. *Koyun kesmek.* Қой сою. *Tavuk kesmek.* Тауық сою. 3. Жаралау, кесіп алу. *Parmağını kesmek.* Саусағын кесіп алу. 4. Токтату, үзу. *Diplomatik ilişkileri kesmek.* Дипломатиялық байланыстарды үзу. *Savaşı kesmek.* Соғысты тоқтату. *Sözünü kesmek* Сөзін бөлу. *Yardımlı kesmek* Жәрдем беруді тоқтату. *Bu ilâç baş ağrısını keser.* Бұл дәрі бас ауыруын жазады. 5. Ажыратып тастау, үзіп тастау. *Cereyanı kesmek.* Электр тоғын сөндіру. *Havagazını kesmek.* Газды ажыратып тастау. *Telefonu kesmek.* Телефонды үзіп тастау. 6. (-den) (берілетін нәрсенің бір бөлігін) Ұстап қалу, бермей қою, алу. *Ücretinden beş lira kesmek.* Жалақысынан бес лира ұстап қалу. 7. Белгілеу, анықтау. *Ceza kesmek.* Айып салу. *Gününü daha kesmedik.* Күнін әлі белгілеген жоқпыз. *Paha kesmek.* Бағасын белгілеу. 8. Кедергі жасау, бөгет болу. *Rüzgâr geminin yolunu kesiyor.* Жел кеменің қозғалысына бөгет келтіріп тұр. 9. (акша) Басып шығару, басу. 10. *argo* (біреуді) Жамандау, даттау, өсектеу.
- KESMELİK, -ği** *is.* Тас қашалған орын, түрлі тау жынысы шығарыла-тын және өндірілетін жер.
- KESME ŞEKER** *is.* Шақпақ қант.
- KESME TAŞ** *is.* Төртбұрышты тас плитка.
- KESTANE** *is. Yun. bot.* 1. Каштан, талшын. 2. Сол ағаштың жемісі.
- KESTANECİ** *is.* Қуырылған каштан сататын адам.
- KESTANECİK, -ği** *is.* 1. *anat.* Жыныс бездері, простатит. 2. Аттың табанындағы күс, жүрекше.
- KESTANE DORUSU** *is.* Қара торы (аттың түсі).
- KESTANE FİŞEĞİ** *is.* Фейерверк.
- KESTANELİK, -ği** *is.* Қаштанды жоқ тоғай.
- KESTANE RENGİ** *is.* Сарғылт түс, ашық қоңыр түс.
- KESTİRME** *is.* 1. Кестіру. 2. *s.* Ең қысқа, төте. *Kestirme yol.* Төте жол. 3. *zf.* Қысқа, қысқаша. *Konuunu kestirme anlattı.* Мәселені қыс-қаша айтып шықты.
- KESTİRMECE** *s.* 1. Төтелеу, жақындау. 2. Шамамен алынған, шамалы.
- KESTİRME DEN** *zf.* Төтеден-төте, төтелеп, тура жүріп.
- KESTİRMEK** *is. (-i, -e)* 1. Кестіру. 2. Анықтау, белгілеу. *Bunu kestirmek zordur.* Мұны анықтау қиын. 3. Болжау, шамалау, ойлау. *Fakat onun kestirdiği gibi çıkmadı.* Бірақ оның ойлағанындай шықпады. 4. (сүт т.б.) Ашыту, ұйыту. 5. Шешімге келу, тоқтамға келу. *Söze nereden nasıl başlayacağımı kestiremiyorum.* Сөзге қай жерден, қалай бастайтынымды біле алмай отырмын. 6. (*nsz*) Мызғу, көз іліп алу, көз шырымын алу. 7. Түсіну, ұғыну, аңғару.
- KEŞFETMEK** (-i) *Ar. T.* Жаңалық ашу, жаңалық табу, ашу.
- KEŞİF, şfi** *is. Ar.* 1. Ортаға шығару, жарыққа шығару. 2. Жаңалық ашушылық, жаңалық табушылық, ашу. 3. *tec.* Барлау, шолу. *Keşif uçağı.* Барлау ұшағы.

**KEŞİF KOLU** *is. ask.* Барлаушылар тобы, шолғыншылар тобы.

**KEŞİK, -ği** *is. Moğ. hlk.* Кезек; кезекшілік.

**KEŞİKLEŞMEK** *(-le)* Кезекпен жұмыс істеу, сменамен жұмыс істеу.

**KEŞİŞ** *is. Far.* Монах.

**KEŞİŞHANE** *is. Far.* Монастырь.

**KEŞKE** *zf. ve bağ. Far.* Жақсы болар еді, жаман болмас еді. *Keşke gelseler!* Олар келсе екен! *Keşke gitmeseydi.* Кетпесе жақсы болар еді.

**KEŞLEMEK** *(nsz) argo* Елең қылмау, назарға алмау.

**KEŞMEKEŞ** *is. Far.* Әбіргерлік, абыр-сабыр, у-шу. *Bu keşmekeşin içinde kimin ne yaptığı bilinmiyor.*

Бұл абыр-сабырда кімнің не істеп жүргені белгісіз.

**KET** *is.* Кедергі, бөгет. *ket vurmak* кедергі келтіру, бөгет болу. *Bu karar işime ket vurdu.* Бұл шешім жұмысыма кедергі келтірді.

**KETÇAP** *is. İng.* Кетчуп.

**KETE** *is. hlk.* Тандыр нан.

**KETEN** *is. Ar. bot.* 1. Зығыр. 2. *s.* Осы өсімдіктің талшықтарынан жасалған тоқылған (мата). *Keten kumaş.* Тоқыма мата.

**KETEN KUŞU** *is. zool.* Шымшық.

**KETUM** *s. Ar.* Сыр бермейтін, барын ішіне сақтайтын, ауызы берік, тұйық.

**KETUMLUK, -ğu** *is.* Сыр алдырмаушылық, өз ойын, ниетін басқадан сақтаушылық.

**KEVSER** *öz. is. Ar.* Кәусар, жұмақ суы. *kevser gibi* кәусардай, жұмақтың суындай.

**KEYFETMEK** *(nsz) Ar. T.* Көңіл көтеру, сауық-сайран салу.

**KEYFİ** *s. Ar.* 1. Ерікті, келісіммен істелген. 2. Өз бетімен істелген, еркін, қағусыз.

**KEYFİNCE** *zf.* Еркінше, қалауынша, өз еркімен.

**KEYFİ YERİNDE** *is.* Көңіл-күйі орнында, көңілі жай.

**KEYFİYET** *is. Ar.* 1. Сапа, қасиет.

*Mesele kemiyette değil, keyfiyettedir.*

Мәселе санда емес, сапада. 2. Жағдай.

**KEYİF, -yü** *is. Ar.* 1. Көңіл-күйі, хал-жай; денсаулық. *Keyif sormak.*

Көңіл-күйін, жағдайын сұрау; денсаулығын сұрау. *Keyfiniz nasıl?*

Көңіл-күйіңіз, халіңіз қалай? 2. Көтеріңкі көңіл күй, көңілдің хошы, көңілі тоқтық. *Bugün keyfim yok.*

Бүгін көңіл күйім жоқ. 3. Уақытты көңілді өткізу. *O ancak keyfini düşünür.*

Ол тек қана уақытын сауық-сайранмен, көңілді өткізуді ойлайды. 4. Қалау, тілек. *Keyfim istediği vakit.*

Жаным қалаған уақытта. 5. Масаңдық, аздап мас болушылық. *keyif vermek* аздап мас болу. *keyfi bozulmak*

1) сырқаттану, ауырып қалу. 2) көңіл-күйі бұзылу. *keyfine bakmak* қалағанындай өмір сүру, уақытты көңілді өткізу. *keyfini çıkarmak*

рахаттану, ләззат алу.

**KEYİFLENMEK** *(nsz)* Көңілдену, көңілі көтерілу.

**KEYİFLİ** *s.* Көңілді, қуанышты.

**KEYİFSİZ** *s.* 1. Науқастанған, дімкәс. 2. Көңілсіз, жабырқау.

**KEYİFSİZLENMEK** *(nsz)* Науқастану, науқастанып қалу, дімкәстану.

**KEZ** *zf. Ret.* *Bir kez.* Бір рет. *Bu kez.* Осы жолы, осы ретте. *Kendisine kaç kez söyledim.* Өзіне қанша рет айттым.

**KIBLE** *is. Ar.* 1. Құбыла, Мекке жақ. 2. Оңтүстіктен соққан жел.

**KİÇ** *is. tkz.* 1. Бөксе. 2. (диалект) Сан ет, аяқ.

**KIDEM** *is. Ar.* Еңбек өтілі, стаж. *İşinde kıdemi yirmi yılı buldu.* Оның еңбек өтілі жиырма жылға толды.

**KIDEMLİ** *s.* Еңбек өтілі бар, стажы бар. *Kıdemli bir öğretmen.* Стажды мұғалім.

**KIDEMSİZ** *s.* Еңбек өтілі жоқ, стажсыз.

**KİĞ** *is. hlk.* Көң, қи, тезек.

**KİĞİ** *is. bk. Kığ.*

**KIKIRDAK, -ği** *is. anat.* Шеміршек.

**KIKIRDAMAK** (*nsz*) 1. Қықылдап күлу, кик-кик күлу. 2. (суықтан) Қатып қалу, үсіп қалу. 3. *argo* Сіресіп қатып қалу, сілейіп қалу, өліп қалу.

**KIL** *is.* 1. Қыл, жүн, түк. 2. Ешкінің түбіті, жүні. 3. *s.* Ешкінің жүнінен істелген, қылдан істелген.

**KILAVUZ** *is.* 1. Жол бастаушы, жол көрсетуші, гид. 2. Жол көрсеткіш, анықтама, анықтама кітапшасы. *İmlâ kilavuzu.* Орфографиялық анықтама, емле создігі. 3. Жеңгетай – кыз бен жігіттің арасын байланыстыратын адам. 4. *tec.* Жөн көрсетуші, бағыт-бағдар беруші, жол сілтеуші. *Kilavuzumuz Atatürk'tür.* Жол сілтеушіміз – Ататүрік. 5. *den.* Лоцман – кемелерді жүргізетін маман.

**KILAVUZLUK, -ğu** *is.* 1. Жол бастаушылық, жол көрсетушілік. 2. Бағдар, нысана. *kilavuzluk etmek* жол бастау, жол көрсету.

**KILÇIK, -ği** *is.* 1. Қылтанақ, қылқан, қылтан, балықтың ұсақ тікенек сүйегі. 2. *bot.* Мұрт, қылқан.

**KILÇIKSIZ** *s.* Қылтанақсыз, қылқансыз. *Kilçiksiz balık.* Қылтанақсыз балық.

**KILDIRMAK** (*-i, -e*) Қылдыру, істету, жасату.

**KILIBİK, -ği** *is. ve s.* Қатынбасша, қатын-қалаштын ісін істеуші, қазан-аяққа араласушы ер адам.

**KILIBİKLİK, -ği** *is.* Қатынбасшалық, қатын ісіне араласушылық.

**KILICINA** *zf.* Қырындатып, қыры-нан. *Kirişleri kılıcına yerleştirmeli.* Бөренелерді қырынан қою керек.

**KILIÇ, -cı** *is.* Қылыш, семсер. *Kılıç kını.* Қылыш қынабы, қыны. *kılıç çalmak* қылыштау, қылышпен шабу. *kılıç çekmek* қылышты жалаңаштау.

**KILIÇ BASAK, -ği** *s. ve is.* Қисық аяқ.

**KILIÇ BALIĞI** *is. zool.* Қылышбалық.

**KILIÇÇI** *is.* 1. Қылыш жасайтын я сағатын адам. 2. Семсерші, семсерлесу спортымен шұғылданушы.

**KILIÇLAMAK** (*-i*) Қылыштау, қылышпен шабу, қылышпен кесу.

**KILIÇLI** *s.* 1. Қылыш асынған, қылышпен қаруланған. 2. Қылышты, қылышы бар.

**KILIÇ OYUNCUSU** *is.* Семсерші, фехтовальщик.

**KILIÇ OYUNU** *is.* Семсерлесу, спорттық мақсатта сайысу.

**KILIF** *is. Ar.* Қап, тыс. *Yastık kılıfı.* Жастықтың тысы.

**KILIFLAMAK** (*-i*) Тыстау, қаптау.

**KILIFLI** *s.* Тысталған, қабы бар. *Bana kılıflı yastığı verin.* Маған тысталған жастықты беріңіз.

**KILIFSIZ** *s.* Тысы жоқ, тыссыз, тысталмаған, қабы жоқ.

**KILIK, -ği** *is.* 1. Сыртқы түр, келбет, кейіп, кескін, пішін. *Kılığım değiş-tirmek.* Сыртқы түрін өзгерту. 2. Киім, киім-кешек. *Kılık kıyafeti düzgün.* Жақсы киінген. *Kadın kılığına sokmak.* (ер адамды) Әйел сияқты киіндіру.

**KILIK KİYAFET** *is.* Киім-кешек және сыртқы түр, сыртқы келбет.

**KILIKLI** *s.* Кейіпті, кескін-келбеті ұқсас, кейіптес. *Dilenci kılıklı bir adam.* Қайыршыға ұқсайтын адам. *Düzgün kılıklı.* Таза киінген.

**KILIKSIZ** *s.* Олпы-солпы киінген, кейіпсіз, ұсқынысыз.

**KILINMAK** (*nsz*) Қылыну, істелу, жасалу. *Camide namaz kılınır.* Месітте намаз қылынады.

**KILMAK, -ar** (*-i*) 1. Қылу, істеу, жасау, ету. *Namaz kılmak.* Намаз қылу. *Beni böyle söylemeye mecbur kıldı.* Мені осылай айтуға мәжбүр қылды.

**KIMİL** *is. zool.* Өсімдік биті, шіркей.

**KIMILDAMAK** (*nsz*) Қозғалу, кималдау, қыбырлау.

**KIMILDATMAK** (*-i*) Қозғалту,

кимылдату, орнынан жылжыту, козғау.

**KIMIZ** *is.* Қымыз.

**KIN** *is.* Қын, қынап.

**KINA** *is. Ar.* Қына. *kına sürmek* қына жағу, қынамен бояу. *kınalar yakmak* басқаның қайғысына қуану.

**KINALAMAK** *(-i)* Қынамен бояу, қына жағу.

**KINAMA** *is.* Ұялту, бетіне басу, кінәлаушылық, айыптаушылық.

**KINAMAK** *(-i)* Ұялту, бетіне басу, көзіне шүку, кінәлау, айыптау, жазғыру.

**KINLAMAK** *(-i)* 1. Қынына, қынабына салып қою. 2. Қын, қынап жасау.

**KINNAF, -bi** *is.* Жінішке арқан, жіп.

**KIPÇAK** *öz. is. tar.* Қыпшақ.

**KIPÇAKÇA** *öz. is.* Қыпшақ тілі, қыпшақша.

**KIPİRDAK, -ğı** *is. ve s.* Қолды-аяққа тұрмайтын, дамылсыз, тынымсыз. *Kıyırdak bir çocuk.* Тынымсыз бала.

**KIPİRDAMAK** *(nsz)* Қыбырлау, кимылдау, қыбыр-қыбыр сту.

**KIPİR KIPİR** *s. ve zf.* 1. Қыбыр-қыбыр, қыбыр-жыбыр. *Kıpır kıpır kıyırdanmak.* Қыбыр-қыбыр ету, үздіксіз кимылдау. 2. Дамылсыз, тынымсыз, шыдамсыз.

**KIPİRTİ** *is.* Қыбыр, қозғалыс.

**KIPİŞTİRMAK** *(-i)* Жыпықтау, жыпылықтау, көзін жыпық-жыпық ету.

**KIPKIP** *s. hlk.* Жыпық, көзін қайта-қайта жыпықтата беретін (адам).

**KIPKIRMIZI** *s.* Оттай қызыл, қып-қызыл. *kıpkırmızı kesilmek (veya olmak)* қып-қызыл болу, ұялу, қызару.

**KIPKIZIL** *s.* Қып-қызыл, ашық қызыл.

**KIPMAK, -ar** *(-i)* Көзін қысу.

**KIR** (I) *is.* 1. Сүр, бозғылт, боз. *Kır at.* Боз ат. 2. *s.* Ақ, бурыл. *Kır sakal.* Ақ сақал. *kır düşmek* (шашқа, сақалға) ақ кіру, ағару.

**KIR** (II) 1. Қыр, дала. *Kıra gitmek.* Қырға, қаланың сыртына шығу; қа-

ладап сырт шығып серуендеу. 2. Жазық, ашық жер.

**KIRAAT, -ti** *is. Ar.* 1. Оқу. 2. Оқу кітабы, хрестоматия. 3. Құран оқу өнері.

**KIRAATHANE** *is. Ar. Far.* 1. Келушілердің отырып газет, журнал оқуларына жағдай жасайтын кафе. 2. Кафе.

**KIRAÇ, -cı** *is. ve s.* Құнарсыз жер, топырақ.

**KIRAÇLAŞMAK** *(nsz)* (жер, топырақ) Құнарсыздану, топырақтың тозуы.

**KIRAÇLIK, -ğı** *is.* Құнарсыздық, шұрайсыздық.

**KIRAĞI** *is.* Қырау. *kırağı çalmak (veya vurmak)* суық ұру. *kırağı düşmek (veya yağmak)* қырау түсу, қырау басу.

**KIRAĞILI** *s.* Қыраулы, қырау қатқан.

**KIRAN** (I) *s.* 1. Ұсақтайтын, уата-тын, уактайтын (адам). *Taş kiran işçiler.* Тас уактайтын жұмысшылар. 2. *is.* Индет, апат, эпидемия. *Sürüye kiran girdi, hayvan kalmadı.* Табынды индет жайлады, мал қырылды.

**KIRAN** (II) *is. hlk.* 1. Шет, кенерс, жаға. 2. *hlk.* Жота, арка, жон. 3. *hlk.* Құнарсыз топырақ.

**KIRAN KIRANA** *zf.* Аяусыз, қатал, канкүйлы (күрес, ұрыс).

**KIRANTA** *is. İt.* 1. Шашына ақ кіре бастаған орта жастағы ер адам. 2. *s.*(шаш, сақал) Ақ кіре бастаған, ағарған.

**KIRAT** *is. Ar.* 1. Карат – асыл тастарды өлшейтін 0,2 грамдық салмақ өлшемі. 2. *tec.* Дәреже, мәртебе, абырой.

**KIRAY** *is.* 1. Талаушы, тонаушы, жол торушы. 2. Жас жігіт.

**KIRBAÇ, -cı** *is.* Қамшы, шыбыртқы, шыбық. *kırbaç vurmak* қамшымен соғу, қамшылау.

**KIRBAÇLAMAK** *(-i)* 1. Қамшылау, қамшымен соғу, қамшымен тартып жіберу, осып жіберу. 2. *tec.* Жі-



герлендіру, қуаттандыру, күш беру.

**KIRCA** *s.* (біраз) Ағарған, ақ кірген, ақ түскен (шаш, сақал).

**KIRCI** *is. hlk.* 1. Бұршақ (жауын). 2. Майда қар.

**KIRÇIL** *s.* 1. (сақал, шашына) Ақ кірген, бурыл тартқан. 2. Ақ, бурыл (шаш, сақал).

**KIRGIN** *s.* 1. Өкпелі, көңілі қалған, ренішті, өкпелеген. *Ona kirgindi.* Оған өкпелі еді. *Kirgin bir hâliniz var.* Өкпелеп қалған сыңайыңыз бар. 2. Индет, эпидемия.

**KIRGINLIK, -ği** *is.* 1. Өкпе, наз, реніш. 2. Шаршағандық, қалжырағандық; мазасы кетушілік, сырқаттық.

**KIRGIZ** *öz. is.* Қырғыз.

**KIRGIZCA** *öz. is.* Қырғыз тілі, қырғызша.

**KIRICI** *s.* 1. Сындыратын, ұсақтайтын. *Taş kırıcı işçi.* Тас жаратын жұмысшы. 2. *tec.* Дөрекі, ерсі, оғаш. *Kırıcı bir davranış.* Көңілді қалдыратын, дөрекі қылық.

**KIRIK, -ği (I)** *s. ve is.* 1. Қираған, сынған. *Kirik sandalye.* Сынған орындық. 2. Будан, аралас қанды. *Kırık tazi.* Будан тазы. 3. Нашар баға. *Üç dersten kırığı var.* Үш сабақтан нашар бағасы бар. 4. *tec.* Өкпелі, ренішті, жабырқаңқы. 5. *is.* Сынық, жарқыншақ. *Cam kırığı.* Әйнектің сынығы. 6. Сынық, сынған жер. *Kolunda kırık yok, ama çıkık var.* Оның қолы сынбаған, шығып кеткен; Сынық жоқ, бірақ буыны шыққан. 7. Бүлінген, зақымданған жер. *Bunun kırığı neresinde?* Бұның қай жері бүлінген.

**KIRIK (II)** *is. hlk.* Ашына, көңілдес.

**KIRIKÇI** *is.* Сынықшы, оташы.

**KIRIKÇILIK, -ği** *is.* Сынықшылық, оташылық.

**KIRIKLAMAK** *(-i)* Ұзу, ұнтақтау, майдалау.

**KIRIKLIK, -ği** *is.* 1. Сынық, сынған жер, зақымданған жер. 2. *tec.*

Жеңіл сырқаттану, мазасыздану, мазасы қашу. 3. *tec.* Көңіл қалушылық, түңілушілік. *hayal kırıklığı* күдер үзушілік, түңілушілік, безушілік.

**KIRILGAN** *is.* 1. Сынғыш, тез сынатын, морт. 2. *tec.* Өкпешіл, өкпелегіш, ренжігіш.

**KIRILMAK** *(nsz)* 1. Сыну, қирау. *Bu evin pencereleri kırılmıştır.* Бұл үйдің терезелері сынған. 2. Өлу, қырылу, опат болу. *Bu hastalıktan çok hayvan kırıldı.* Бұл аурудан көп мал қырылып қалды. *Koleradan birçok insan kırıldı.* Тырысқақтан көптеген адам опат болды. 3. Құрысу, денесі сіресу, бой жаздырмау. *Bana ne oluyor bugün? Her tarafım kırılıyor.* Маған бүгін не болған? Денемнің бәрі құрысып тұр. 4. *(-e)* Өкпелеу, ренжу. *Bana kırılmış.* Ол маған өкпелеп жүр. 5. (жел, суық т.б.) Басылу, саябырлау, саябырсу. *Soğuk kırıldı.* Суықтың беті қайтты. 6. (үміт т.б.) Жоғалту, үзу. *Ümidi kırıldı.* Үмітін үзді.

**KIRIM** *is.* 1. Қырып жою, атып асу. *Irk kırımı.* Нәсіліне, ұлтына қарай ұсақ халықтардың жекелеген тобын құрту, геноцид. 2. Малдың қырылуы, мал өлімі.

**KIRINTI** *is.* 1. Сынық, жарқыншақ; қиқым, үгінді, қоқым. *Ekmek kırıntısı.* Нанның қиқымы. 2. *tec.* Қалдық, сарқыншақ. *Eski zenginliğin kırıntıları.* Ескі байлықтың сарқыншақтары.

**KIRIŞIK, -ği** *s.* 1. Әжім басқан, әжімді. *Kırışık yüz.* Әжімді жүз. 2. Умажалданған, мыжылған. *Kırışık etek.* Умажалданған юбка. 3. *is.* Әжім. *Gözlerinin yanları kırışık içindedi.* Оның көздерінің айналасын әжім басқан. 4. Мыжылу, умажалдау. *Paltosunun kırışıklarını ütü ile düzeltti.* Пальтосының умажалданған жерлерін үтіктеп қыртысын жазды.

**KIRIŞIKLI** *s.* Әжімді, әжім басқан.

**KIRIŞIKSIZ** *s.* Әжімсіз, әжімі жоқ, әжім түспеген.

**KIRIŞMAK** (*nsz*) 1. Әжімдену, әжім түсу. 2. Ұйпалану, мыжылу, умаждалу. 3. (*nsz, -le*) Құрту, жоқ қылу, өлтіру. 4. Саудаласу. 5. (*-le*) Дауласу, бөстесу, бәс тігу. 6. (өз арасында) Бөлісу, бөлісіп алу.

**KIRITKAN** *s.* Қылымсыған, назды.

**KIRITMAK** (*nsz, -e*) Қылымсу, қысылған болып сызылу, майысу.

**KIRK** *is.* 1. Қырық. 2. *mec.* Өте көп. *Kırk kere gitti geldi.* Қырық рет барып келді, сан рет барып келді. *kırk (veya bin) dereden su getirmek* мың түрлі дәлел айту. *kırk yılda bir* қырық жылда бір, өте сирек.

**KIRKAR** *s.* Қырықтан, қырық-қырықтан.

**KIRKAYAK, -ғи** *is. zool.* 1. Қырық аяқ. 2. Шаш биті.

**KIRKBAYIR** *is. anat.* Қатпаршак, жұмыршак, жалбыршак қарын-күйіс қайыратын жануарлар асқазанының төрт бөлімінің бірі.

**KIRKI** *is.* Қырықтық, малдың жүнін қыратын қайшы.

**KIRKICI** *is.* Қырықтықшы, қыркымшы, қырықтықпен қой қыратын адам.

**KIRKIM** *is.* 1. Қыркым, қой қыратын науқан, қырықтық. 2. Қой, ешкі қырку.

**KIRKINCI** *s.* Қырқыншы.

**KIRKLI** *s.* 1. Қырық күндік. 2. Қырық жасындағы. *Kırklılar askere alınacak.* Қырық жасындағылар әскерге алынады.

**KIRKMAK** (*-i*) 1. Қырку, қырықтықпен, қайшымен қию. 2. (шаш, сақал т.б.) Алу, қырку.

**KIRK YIL** *is.* Ұзақ, ұзақ уақытқа созылған. *Kırk yılda kazandığını bir günde kaybetti.* Көп жылдар бойы жиған-тергенін бір күнде жоғалтты.

**KIRK YILLIK, -ғи** *is.* Қырық жылдық, бұрынғы, ескі. *Kırk yıllık bir*

*ahbab.* Ескі дос.

**KIRLANGIÇ, -cı** *is. zool.* Қарлығаш.  
**KIRLANGIÇ DÖNÜMÜ** *is.* Қазан айының басы.

**KIRLAŞMAK** (*nsz*) 1. Сұрлану, бозару. 2. (шаш) Ағару, ақ кіру.

**KIRMAK, -ar (-i)** 1. Сындыру, қирату, уату, күл-талқанып шығару. *Bardağı kırmak.* Стақанды сындыру. *Hayatını kırmak.* Өмірін быт-шыт қылу. *Kalbini kırmak.* Жүрегін жаралау. 2. Сындыру, сындырып алу. *Kayak yaparken düşüp kolunu kırdı.* Шаңғы теуіп жүріп қолын сындырды. 3. Уату, уақтау, ұсату, жару, шағу. *Arpa kırmak.* Арпа уату. *Odun kırmak.* Отын жару. 4. *mec.* Тойтарыс беру, бетін қайтару; жеңу. *Düşmanın direncini kırmak.* Дұшпанның қарсылығына тойтарыс беру. *Dünya rekorunu kırmak.* Әлем рекордын жаңарту, бәрін жеңіп шығу. 5. Қыру, қирату, жоқ қылу. *Soğuk ekinleri kırdı.* Суық егінді ұрып кетті. *Düşmanı kırmak.* Дұшпанды қырып-жою. *Soğuk çok hayvan kırdı.* Суық көп малды қырып кетті. 6. Төмендету, түсіру. *Fiyat kırmak.* Бағаны кеміту, бағаны түсіру. *İtibarını kırmak.* Беделін түсіру, қадірін кетіру. 7. Бүктеу, қаттау. *Forma kırmak.* (полигр.) Бүктеу. 8. Бұру. *Direksiyonu sola kırmak.* Рульді солға бұру. *Dümeni kırmak.* Кемеңің рулін бұру. 9. *mec.* Өкпелету, ренжіту. *Ben kimseyi kırmak istemem.* Мен ешкімді ренжіткім келмейді. 10. *argo* Тайып тұру, кетіп қалу.

**KIRMALI** *s.* Бүрмелі, бүрмесі бар. *Kırmalı etek.* Бүрмелі юбка.

**KIRMIZI** *is. Ar.* Қызыл, ал қызыл.

**KIRMIZIBİBER** *is. bot.* Қызылбұрыш.

**KIRMIZILAŞMAK** (*nsz*) Қызару, қызыл түске ену; қысылу, ұялу. *Elmalar kırmızılaştı.* Алмалар қызарды.

**KIRMIZILIK, -ğı** *is.* Қызылдық, қызыл болғандық.

**KIRMIZIMSI** *s.* Қызылдау, сәл қызыл.

**KIRMIZIMTIRAK** *s. bk. Kırmızımsı.*

**KIRMIZITURP** *is. bot.* Шалғам.

**KIRPIK, -ğı** *is. ve s.* 1. Қыркылған, кесілген. 2. Бөлшектерге бөлінген, бөлшектелген.

**KIRPINTI** *is.* Кесінді, қиынды.

**KIRPIŞMAK** (*nsz*) 1. (көзді) Ашып-жұму, кірпік қағу. 2. (жарық) Жыпықтау, сөнетіндей болу.

**KIRPMAK, -ar (-i)** 1. Кесу, қырку. 2. (көзді) Ашып-жұму, кірпік қағу.

**KIRSAL** *s.* Ауылдық, ауылға тән.

**KIRSAL BÖLGE** *is.* Ауылдық жер.

**KIRSAL NÜFUS** *is.* Ауылда тұратын халық.

**KIRTASIYE** *is. Ar.* Кеңсе жабдықтары, кеңсе тауарлары, жазу-сызу құралдары.

**KIRTASIYECİ** *is.* 1. Кеңсе жабдықтарын сататын адам. 2. *mec.* Кеңсешіл адам, бюрократ.

**KISA** *s.* 1. Қысқа, ұзын емес. *Kısa boylu.* Қысқа бойлы. *Kısa cevap.* Қысқа жауап. *Kısa dalga alicısı.* Қысқа толқынды қабылдағыш. *Kısa vadeli kredi.* Қысқа мерзімді кредит. *Kısa yol.* Қысқа жол. 2. *zf.* Қысқаша, қысқа түрде. *Kısa konuştu.* Аз сөйледі. *kısa geçmek* қысқаша айтып шығу, қысқа баяндау.

**KISACA** *s.* 1. Қысқалау, келтелеу. *Kısaca boylu.* Біраз қысқа бойлы, қортықтау. 2. *zf.* Қысқаша, қысқаша түрде, қысқашалап, қысқартып. *Kısaca başından geçenleri anlattı.* Басынан өткен жағдайды қысқаша айтып берді. *kısacası* қысқасы, тоқ етерін айтқанда.

**KISACIK, -ğı** *is. ve s.* Өте қысқа.

**KISA ÇİZGİ** *is.* Сызықша.

**KISA GÖRÜŞLÜ** *s.* Ой-өрісі тар, дүние танымы шамалы, келте ойлайтын.

**KISALIK, -ğı** *is.* Қысқалық, ұзын еместік.

**KISALMAK** (*nsz*) 1. Қысқару, қысқа

болып қалу, шолтию. 2. (уақыт) Азаю, аз қалу.

**KISALTMAK (-i)** 1. Қысқарту. *Ben bu sözü biraz daha kısaltarak tekrar edeceğim.* Мен бұл сөзді тағы да біраз қысқартып қайталаймын. 2. Қысқа етіп көрсету. *Bu giysi boyunu kısaltmış.* Бұл киім сенің бойыңды қысқа етіп көрсетіп тұр.

**KISALTMALI** *s.* Қысқарған, қысқартылған.

**KISALTMALI KELİME** *is. gr.* Қысқарған сөз.

**KISARAK** *s. hlk.* 1. Қысқарак, онша ұзын емес, қысқалау. 2. *zf.* Қысқа мерзімді.

**KISIK, -ğı** *s.* 1. Жаншылған, қысып сығылған. 2. Қарлыққан, қырылдаған (дауыс). 3. Қысық, сығырайған, қысыңқы (көз).

**KISALMAK** (*nsz*) 1. Қысылу, езілу. *Parmağı kapıda kısıldı.* Саусағы есікке қысылып қалды. 2. (дауыс) Қысылу, қарлығу. *Bağurmaktan sesi kısıldı.* Бақырғаннан дауысы қарлығып қалды. 3. Сығыраю, сыксию. 4. *mec.* Шарасыз қалу, не істерін білмей дал болу, басы қату. *Kapana kısıldı.* Қақпанға түсті.

**KISIM (I)** *is. hlk.* Алақан.

**KISIM, -sını (II)** *is. Ar.* 1. Бөлік, бөлшек, тарау. *Eşyanın bir kısmı.* Заттардың бір бөлігі. *Paranın bir kısmı.* Ақшаның бір бөлігі. 2. Бөлім, бөлік. *Bankanın kambiyo kısmında çalışıyor.* Банктің валюта бөлімінде жұмыс істейді. *Bu doların işi kısımlara ayrılmıştır.* Бұл шкафтың іш жағы бөлімдерге бөлінген.

**KISIM KISIM** *zf.* Бөлшектеп, бөлек-бөлек етіп, бөліп-жарып.

**KISIR** *s.* 1. Қысыр. 2. Құнарсыз. *Kısır toprak.* Құнарсыз жер. 3. *mec.* Бос, жай, қысыр. *Kısır tartışma.* Бос дауласу.

**KISIRGANMAK (-i, -den)** *hlk.* Са-

рансу, көз кимау, бергісі келмеу.

**KISIRLAŞMAK** (*nsz*) 1. Қысыр қалу, қысырау, төлемсу. 2. Жердің тусырап жатуы, құнарсыздану, қысырау.

**KISIRLAŞTIRMAK** (*-i*) Пішу, ақтау.

**KISIRLIK**, **-ği** *is.* Қысырлық, қысыр қалушылық; құнарсыздық, шұрайсыздық.

**KISITLAMAК** (*-i*) (құқықтарына т.б.) Шек қою, шектеу, мөлшерлеу.

**KISKAÇ**, **-ci** *is.* Қысқыш, қысқаш. *Düz kışkaç.* Кемпірауыз, тістеуік.

**KISKANÇ**, **-ci** *is. ve s.* Қызғаншақ, іші тар, күншіл.

**KISKANÇLIK**, **-ği** *is.* Қызғаншақтық, іші тарлық, күншілдік. *kiskançlık etmek* қызғану, қызғаншақтық көрсету, күндеу.

**KISKANIŞ** *is.* Қызғаныш, қызғаныш сезімі.

**KISKANMAK** (*-i, -den*) 1. Қызғану. *Karısını o adamdan kiskanıyor.* Әйелін ол адамнан қызғанады. 2. Қызыға қарау, қызығу. *Saadetinizi kiskanıyor.* Ол сіздің бақытыңызға қызығады. 3. Аяп қалу, қызғанып қалу, іштарлық қылу. *Benden bir dilim ekmeği kiskandı.* Ол менен бір тілім нанды қызғанды. 4. Қорғаштау, қырғидай қору, шан жуытпау. *Herkes yurdunu anası gibi kiskanır.* Әрбір адам өз отанын анасындай сүйеді.

**KIS KIS** *zf.* Мырс-мырс. *kıs kıs gülmek* мырс-мырс күлу.

**KISKIVRAK** *zf.* Қатты, мықтап, жақсылап. *kiskıvrak bağlamak* мықтап байлау. *kiskıvrak yakalamak* тырп еткізбеу, қашып кетуге мұрша бермейтіндей етіп мықтап ұстау.

**KISMAK**, **-ar** (*-i*) Қысқарту, бәсеңдету, азайту, кеміту. *Masrafi kısmak.* Шығынды азайту. *Radyonun sesini kısmak.* Радионың дауысын бәсеңдету. 2. Қысу, сығу. *Gözleri kısmak.* Көзін сығырайту, көзін қысу. 3. *hık.* Сарандық ету,

сарансу.

**KISMEN** *zf. Ar.* Жарым-жартылай, түгелдей емес, бірен-сарандап. *Eşyaı kısmen gönderdim.* Заттарды жартылай жібердім. *Kısmen haklısınız.* Бір жағынан сіздікі де дұрыс.

**KISMET** *is. Ar.* Нәсіп, несібе; сәттілік, бақыт, бақ. *Bu çocuğun kısmeti açık olacak.* Бұл баланың жолы сәтті, ашық болады. 2. (қыз, әйел үшін) Тұрмысқа шығу, үйлену бақы-ты. *kısmet (veya kısmeti) çıkmak* қызға, әйелге жігіт тарапынан сөз айтылу; бағы жану, бақыты ашылу. *kısmeti bağlanmak* тұрмысқа шықпай қалу; бағы ашылмау, бағы жанбау.

**KISMETLİ** *s.* Бағы бар, бақытты, жолы болғыш.

**KISMETSİZ** *s.* Бағы ашылмаған, бақытсыз, жолы болмаған.

**KISMİ** *s. Ar.* Жарым-жартылай, түгелдей емес, жартылай, жарым-жарты.

**KISIRAK**, **-ği** *is.* Бие, жылқының ұрғашысы.

**KISSA** *is. Ar. esk.* Әңгіме, аңыз, қисса.

**KISTAK**, **-ği** *is. coğr.* Мойнақ, қылта.

**KISTAS** *is. Ar.* Өлшеуіш, өлшем.

**KISTIRMAK** (*-i, -e*) 1. Қыстырып алу, қысып алу. *Parmağını kırıya kıstırdı.* Саусағын есікке қыстырып алды. 2. *mec.* Қаумалау, жан-жақтан қоршап қаумалау, қыспаққа алу. *Fareyi köşeye kısturdılar.* Тыш-қанды бұрышқа тақау. *Hırsızı çatı arasına kısturdılar.* Олар ұрыны ша-тырға қамалады.

**KIŞ (I)** *is.* 1. Қыс. 2. *mec.* Суық ауа райы. *kış basmak* қыс түсу. *kışı geçirmek* қысты өткізу, қыстап шығу.

**KIŞ (II)** *ünl.* Кішт-кішт – үй құстарын айдағанда шығаратын дыбыс.

**KIŞ GÜNÜ** *is.* Қыстыгүні, қыс күндері.

**KİŞİN** *zf.* Қыста, қыс күні.

**KİŞKİRTİ** *is.* Айдап салу, арандату.

**KİŞKİRTİCİ** *s. ve is.* Арандатушы, айдап салушы, жауластырушы.

**KİŞKİRTİCİLİK, -ği** *is.* Арандатушылық, айдап салушылық.

**KİŞKİRTMAK** *(-i)* 1. Үй құстарын үркіту, үркітіп жіберу. 2. Арандату, айдап салу.

**KIŞ KIYAMET** *is.* Сұрапыл аяз, сақылдаған сары аяз, қыстың көзі қырауда.

**KIŞLA** *is. ask.* 1. Казарма, әскерлерге арналған жатақ үй. 2. *hlk.*

Уак малға арналған үсті жабық каша.

**KIŞLAK, -ği** *is. hlk.* Қыстау, мал қыстататын мекен.

**KIŞLAMAQ (I)** *(nsz)* 1. Қыс түсу. *Bu yıl erken kışladı.* Биыл қыс ерте түсті. 2. Қыстау, қыстап шығу, қысты өткізу.

**KIŞLAMAQ (II)** *(-i) hlk.* Үй құстарын үркітіп жіберу, шошыту.

**KIŞLIK, -ği** *s.* 1. Қыстық, қысқа арналған. *Kışlık giysi.* Қыстық киім. *Kışlık palto.* Қыстық пальто. 2. *is.* Қыстап шығатын жер, қысқы мекен.

**KIT** *s.* Қат, зәру, мардымсыз, тапшы, жеткіліксіз. *Bu yıl ürün kit.* Биылғы жыл өнім мардымсыз. *Sözü kut bir adam.* Сөзге сараң адам.

**KIT'A** *is. Ar.* 1. Құрлық, континент. 2. Әскери бөлімше. 3. *ed.* Қыта – бір ұйқасса негізделген қысқа өлең түрі.

**KIT'ALAR ARASI** *is.* Құрлықаралық.

**KITİK, -ği** *is.* Қалдық, талшық (зығырдың, кендірдің т.б.).

**KITİR** *is. argo* 1. Өтірік, жалған. 2. Қуырылған жүгері. *kitir atmak* өтірік соғу, жалған айту.

**KITİRCİ** *s. ve is. argo* Суайт, өтірікші.

**KITİRDAMAQ** *(nsz)* Қытырлау, сықыр-сықыр ету, сықырлау.

**KITİR KITİR** *s.* 1. Қытырлаған, қытыр-қытыр еткен. 2. *zf.* Қытыр-қытыр, қытырлап.

**KITLAŞMAK** *(nsz)* Тапшы болу, тапшылану, жетімсіз болу. *O zaman ülkede benzin kutlaştı.* Ол кезде елде бензин өте тапшы болатын.

**KITLIK, -ği** *is.* Тапшылық, жетімсіздік, аздық.

**KIVAM** *is. Ar.* 1. Қоюлық, жұмсақтық (сұйық заттың). 2. *tec.* Қолайлы, оңтайлы сәт, орайы келген кез. 3. *sp.* Спортшының күшқуатында, жақсы формада болуы. *kivamını bulmak (veya kivamina gelmek)* бабына келу, дер шағына жету, қажетті күйге келу.

**KIVAMLI** *s.* Бабындағы, дер шағындағы, нағыз кемеліне келген.

**KIVANÇ, -cı** *is.* 1. Мақтаныш, абырой. 2. Қуаныш. *kivanç duymak* 1) мақтану, мақтаныш қылу. 2) қуану, шаттану.

**KIVANÇLI** *s.* 1. Мақтан ететін, мақтанатын, мақтанарлық, мақтан тұтарлық. 2. Қуанышты, мәз-мейрам.

**KIVANMAK** *(-e, -le)* 1. Мақтану, мақтан ету, мақтаныш қылу. 2. Қуану, шаттану.

**KIVILCIM** *is.* Ұшқын, от.

**KIVILCIMLANMAK** *(nsz)* Ұшқындау, ұшқын шашу.

**KIVILCIMLI** *s.* Ұшқынды, ұшқын атқан, ұшқындаған.

**KIVİRCİK, -ği** *s.* 1. Бұйра, бұйраланған. *Kivircik saç.* Бұйра шаш. 2. Биязы жүнді қой тұқымы.

**KIVİRCİKLAŞMAK** *(nsz)* Бұйралану, шиыршықтану.

**KIVİR KIVİR** *s.* 1. Бұйраланған, бұралған, есілген, ширатылған. *Kivir kivir saçlar.* Бұйраланған шаш. 2. *zf.* Ойнақыланып, ойнақшып, қуақыланып.

**KIVIRMAK** *(-i)* 1. Бұйралау; бұрау. *Saçlarını kıvırmak.* Шашын бұйралау, шашын ширату. 2. Бұғу, ию, бүктеу. *Paçalarını kıvırıp suya girdi.* Балағын түріп, суға түсті. 3. Бұлтыңдау, бұлтың-бұлтың етіп билеу, ырғалып-жырғалып жүру, бұлан қа-

ғу. *Her tarafını kıvıra kıvıra oynadı.* Ол барлық денесін бұлғаңдатып биледі. 4. *mec. ve hlk.* Үстесінен келу, жеңіп шығу. *Bakalım bu işi kıvırabilecek mi?* Көреміз, бұл істің үстесінен шыға ала ма? 5. *hlk.* Өтірік соғу, жалған сөзді қарша борату. *Gene yalanları kıvırmaya başladı.* Ол тағы да өзінің өтірігіне басты. 6. (-e) Бұрылу, айналу. *Araba birden sağa kırdı.* Машина бірден оңға бұрылды.

**KIVIRAK, -ғи** *s.* 1. Шапшаң, епті, еті тірі. 2. Тапқыр, алғыр, зерек. *Kıvrak bir zekâsı var.* Ол өте тапқыр. 3. *hlk.* Асығыс, шыдамсыз, төзімсіз. 4. *hlk.* Сұлу, әдемі, тартымды. 5. *is. hlk.* Жібек, орамал.

**KIVRAKLİK, -ғи** *is.* 1. Шапшаңдық, ептілік, еті тірлік, пысықтық. 2. *hlk.* Асығыстық, шыдамсыздық, төзімсіздік.

**KIVRAMAK (nsz)** 1. Өрілу, есілу, ширатылу, шырмалу, оралу. *İplik kıvradı.* Жіп ширатылды. 2. *hlk.* Асығу, шапшаң жүру.

**KIVRAMAK (nsz)** 1. Құрысу, денесі сіресу, бой жаздырмау. 2. *mec.* Мұнаю, қайғыру, уайымдау. 3. *mec.* Арпалысу, жанталасу, күресу. *Yoksulluk içinde kıvrınmak.* Жоқшылықпен арпалысу. *Su su diye kıvrandı.* Су-су деп өзеуреді.

**KIVRANTI** *is.* Тартыншақтық, батылсыздық, тайсалышылық.

**KIVRIK, -ғи** *is. ve s.* 1. Шиыршықты, ширатылған, оралған. 2. Бүгілген, бүктетілген.

**KIVRILMAK (nsz)** 1. Бүктетілу, бүгілу, майысу. 2. Бұйралану, бұйраланып қалу. 3. (тар жерде) Бүктеліп жату, бүрісіп жату. 4. Бұрылу, айналу.

**KIVRIM** *is.* 1. Бүгіліс, бұрылыс, иіліс. *Yolun kıvrımında.* Жолдың бұрылысында. 2. *jeol.* Қатпар, қабат.

**KIYAFET** *is. Ar.* 1. Сыртқы түр, келбет, пішін. 2. Киім. *Gündelik kıyafet.* Күнделікті киетін киім. *Resmî kıyafet.* Тәуір киім, бір киер киім. *Spor kıyafeti.* Спорттық киім.

**KIYAFET BALOSU** *is.* Арнаулы киімді бал кеші.

**KIYAFETLİ** *s.* Киімді, киім киген. *Asker kıyafetli.* Әскер киімін киген, әскери формада. *Dilenci kıyafetli.* Алба-жұлба киімді. *Düşük kıyafetli.* Нашар киімді.

**KIYAFETSİZ** *s.* Нашар киімді, олпы-солпы киінген.

**KIYAK, -ғи** *is. hlk.* 1. Қатал, мейірімсіз, қайырымсыз. 2. *tkz.* Теңдессіз, тені жоқ, теңдесе алмайтын. *Kıyak bir koşu atı.* Теңдессіз жарыс аты. *Kıyak bir vuruş.* Керемет соққы.

**KIYAMET** *is. Ar.* 1. Қиямет, ақырзаман. 2. *mec.* Ығы-жығы, топыр, айқай-шу, у-шу. *kiyamet koparmak* 1) ақырзаман орнау. 2) азан-қазан, у-шу болу, айқай-ұйқай шығару.

**KIYAMET GÜNÜ** *is.* Қиямет күні.

**KIYAS** *is. Ar.* Салыстыру, салғастыру. *Bu adamı başkalarıyla kıyas edemeyiz.* Бұл адамды басқалармен салыстыра алмаймыз. *kıyas etmek* салыстыру, салғастыру. *kıyas kabul etmez* басқамен салыстыруға болмайтын, аса жақсы.

**KIYASEN** *zf. Ar.* Салыстырғанда, салыстырмалы түрде алғанда.

**KIYASIYA** *zf.* Өлгенше, өлердей, жанын аямай. *Kıyasıya dövmüşmek.* Өлердей, өлген-тірілгеніне қарамай төбелесу.

**KIYASLAMAK (-i, -le)** Салыстыру, салғастыру. *Sen kendini onunla kıyaslamaya kalkma.* Сен өзіңді онымен салыстыруға тырыспа.

**KIYGIN** *s.* Жәбірленуші, жәбір көрген.

**KIYGINLIK, -ғи** *is.* Жәбір көрушілік, әділетсіздік, қиянаттылық.

**КІҮІ** *is.* 1. Жаға. *Deniz kıyısı.* Теңіз жағасы. 2. Жиек, жағалау (көл, теңіздің). *Karadeniz kıyıları.* Қара-теңіз жағалауы. *Kıyı ovası.* Жағалаудағы, судың жағасындағы жазық. 3. Шек, кенере, ернеу. *Masanın kıyısı.* Үстелдің шеті. *Yol kıyısı.* Жолдың шеті. 4. *tec.* Таса, қалтарыс жер.

**КІҮІСІ** *is.* 1. Кесетін, турайтын адам. *Tütün kıyıcısı.* Темекі кесетін адам. 2. *s.* Рақымсыз, аяусыз, қатыгез.

**КІҮІЛАМАК** (*nsz*) Жағалау, өзен, көлді жағалап жүру.

**КІҮІЛМАК** (*nsz*) 1. Туралу, кесілу. *Et kıyıldı.* Ет туралды. 2. *(-e)* Аяушылық көрсетілмеу, есіркенбеу. *Zavallıya nasıl kıyıldı?* Қалайша ол бейбақ өлтірілді? 3. *tec.* Әлсіздену, әлсіреу, әлсіздік сезіну. *Yorgunluktan her tarafım kıyılıyor.* Шаршағаннан бойымда бір әлсіздік бар.

**КІҮМА** *is.* Тартылған ет, фарш.

**КІҮМАК, -ar** *(-i)* 1. Турау, кесу. *Eti kıymak.* Етті турау. 2. *(-e)* Қию, біреуге беру, аяп қалмау. *Paraya kıyarsan alabilirsin.* Ақшанды қисан, сатып ала аласың. 3. *(-e)* *tec.* Аямау, есіркемеу, аяушылық көрсетпеу, өлтіру. *Canına kıymak.* Өлтіру. *Gençliğine kıymak.* Жастық шағын қор қылу. *Zavallıya nasıl kıydılar?* Байғұсты қалайша жандары ашымай өлтірді?

**КІҮМАЛІ** *s.* Тартылған ет қосылған, ішіне тартылған ет салынған.

**КІҮМЕТ** *is.* *Ar.* Құн, баға; құндылық. *kiymetten düşmek* құнсыздану, құны кему, бағасыздану. *kiymet koymak* бағалау, құнын шығару. *kiy-metini bilmek* бағасын білу, бағалай білу, қадірлей білу. *kiymeti yok* құнсыздану; құндылығын жоғалту.

**КІҮМЕТЛЕНМЕК** (*nsz*) 1. Қымбаттау, баға көтерілу, баға өсу. 2. *tec.* Маңызға ие болу, маңызы арту.

**КІҮМЕТЛІ** *s.* Қымбат, құнды, бағалы; қадірлі, құрметті. *Kiymetli eşya.* Құнды зат.

**КІҮМЕТСІЗ** *s.* Құнсыз, құны төмен, арзан. *Kiymetsiz bir yüzük.* Арзан жүзік.

**КІҮМІК, -ği** *is.* Шөгip, жаркыншақ, шөңге. *Elime kıymuk battı.* Қолыма шөгip кірді.

**КІЗ** *is.* 1. Қыз. *Üç kızı var.* Үш қызы бар. 2. Қыз, бойжеткен. *Kız arkadaş.* Құрбы, дос қыз. *Kız öğrenci.* Оқушы қыз. 3. Қызым – қаратпа сөз. *Kızım, buraya gel!* Қызым, мұнда кел! 4. (карта ойынында) Қыз, мөтке. *kız almak* келін түсіру, үйлену. *kız gibi* 1) қыз сияқты, қызға ұқсаған. 2) қыздай сызылған, ұялшақ. *kız istemek* қызға құда түсу, қыз айттыру. *kız kaçırmak* қыз алып қашу. *kızım sana söylüyorum (veya dedim) gelinim sen işit* қызым саған айтам, келінім сен тында.

**КІЗАК, -ği** *is.* 1. Шана. 2. *den.* Стапель – кемеңі құрастыратын жөне суға түсіретін алаң.

**КІЗАМІК, -ği** *is.* *ıp* Қызылша (ауру). *kızamığa tutulmak* қызылшамен ауыру.

**КІЗАМІКÇІК, -ği** *is.* *ıp* Қызамық.

**КІЗАМІКЛІ** *s.* Қызылшамен ауыратын, қызылшаға шалдыққан.

**КІЗАН (I)** *is.* *hık.* 1. Ер бала. 2. Жігіт, бозбала. 3. Бала-шаға.

**КІЗАН (II)** *is.* *hık.* Ұйығу, мауығу (ит, мысық т.б.)

**КІЗАРІК** *s.* Қызарған, қызарып қалған.

**КІЗАРМАК** (*nsz*) 1. Қызару, қызыл түске ену. 2. (жеміс) Қызару. *Domatesler kızardı.* Қызанақтар қызарып қалды. 3. Қызару, ұяту, қысылу. *Ben utancımdan kulaklarım kadar kızardım.* Ұялғаным соншалық құлақтарыма дейін қызарды. 4. Қуырылып пісірілу, қуырылып пісу. *Balık kızarmış.* Балық

куырылып пісті. *Kızarmış tavuk.*  
Куырылған тауык.

**KIZARTMAK** (-i) Куыру, куырып пісіру. *Patates kızartmak.* Картоп куыру.

**KIZGIN** is. 1. Қызған, қыздырылған. *Kızgın demir* Қызған темір. 2. *tec.* Ашулы, ашуға мінген, ызалы.

**KIZGINLIK, -ği** is. 1. Қызғандық, қызып, ысып кеткендік. 2. *tec.* Ашулық, ашуға мінгендік, ызалылық.

**KIZIL** is. 1. Қызыл. *Kızıl bayrak.* Қызыл жалау. 2. *tec.* Шын, нағыз. *Kızıl cahil.* Шіп-шикі, саутсыз. *Kızıl deli.* Қып-қызыл жынды, долы. 3. *tec.* Қызыл. *Kızıl asker.* Қызыл әскер. *Kızıl bahriyeli.* Қызыл флотшы. 4. *tec. is.* Коммунист. 5. *hlk.* Алтын.

**KIZILCA KIYAMET** is. Жанжал, даудамай. *kızılca kıyamet kopmak* жанжал шығу.

**KIZILCIK, -ği** is. *bot.* Қызылтал.

**KIZILKANAT** is. *zool.* Қызыл қанатты балық.

**KIZILLAŞMAK** (nsz) Қызылдану, қызыл түске ену.

**KIZILLIK, -ği** is. 1. Қызылдық, қызыл болғандық. 2. Далап, бояу.

**KIZIL YARA** is. *hlk.* Шикан.

**KIZIL YEL** is. *hlk.* Оңтүстіктен соққан жел.

**KIZIŞMAK** (nsz) 1. Қызып кету, ысып кету. 2. (шөп) Шіру, баздану. *Ot bayurları kızıştı.* Пішен шөмелесі шіріп кетті. 3. *tec.* Қызу, күшею. *Kavgı kızıştı.* Талас, егес қыза түсті. 4. *tec.* Ашулану, қызу, ызалану.

**KIZIŞTIRMAK** (-i) 1. Қоздыру, тұтандыру, қыздыру. 2. Ынталандыру, дем беру, сергіту.

**KIZ KARDEŞ** is. Қарындас, сінді.

**KIZ KIZAN** is. Үй іші, бала-шаға.

**KIZ KURUSU** is. *alay* Кәрі қыз.

**KIZLIK, -ği** is. 1. Қыздық, қыздың қыздық белгісі. 2. *s.* Қызға тән, қызға қатысты. 3. *is. hlk.* Өгей қыз.

**KIZLIK ZARI** is. *anat.* Қыздық перде.

**KIZMAK, -ar** (nsz) 1. Қызу, ысып кету. 2. *tec.* Ашулану, ашуға міну, ызалану. 3. (жануар) Күйлеу.

**KİBAR** s. *ve is. Ar.* 1. Сыпайы, әдетті, инабатты, биязы. *O pek kibardır, öyle sözler söylemez.* Ол сондай сыпайы, оның аузынан ондай сөздер шықпайды. 2. Сәнді, әсем, құнды. *Kibar bir giyim.* Сәнді киім. 3. Текті, бекзат (адам, отбасы).

**KİBARCA** zf. Сыпайы түрде, әдептілік сақтап. *Kibarca reddetti.* Сыпайы түрде бас тартты.

**KİBARLAŞMAK** (nsz) Сыпайы болу, әдеп сақтау, ибалық жасау.

**KİBARLIK, -ği** is. Сыпайылық, ізеттілік, инабаттылық.

**KİBERNETİK, -ği** is. *Alm.* Кибернетика.

**KİBİR, -bri** is. *Ar. esk.* 1. Менмендік, тәкаппарлық, өр көкіректік. 2. Ар, намыс. *kibrine dokunmak* намысына тию. *kibrine yedirememek* кісілігі, тәкаппарлығы ұстау.

**KİBİRLENMEK** (nsz) Тәкаппарлану, менменсу, көкірегін көтеру.

**KİBİRLİ** s. Менмен, тәкаппар, өр көкірек.

**KİBİRSİZ** s. Қарапайым, сыпайы, менменсімейтін.

**KİBRİT** is. *Ar.* 1. Сіріңке. *Kibrıt yakmak.* Сіріңке жағу. 2. Күкірт.

**KİBRİTÇİ** is. 1. Сіріңке сататын адам. 2. *s. tec.* Саран, қытымыр, қарынбай.

**KİFAYET** is. *Ar.* 1. Жеткіліктілік, жететіндік, молдық. 2. Жете білушілік, хабардарлық. *kıfayet etmek* жету, жеткілікті болу.

**KİFAYETLİ** s. Жеткілікті, жетерлік, молдық.

**KİFAYETSİZ** s. Жеткіліксіз, жетіспейтін, тапшы.

**KİFAYETSİZLİK, -ği** is. Жеткіліксіздік, жетіспейтіндік, жетімсіздік.

**KİK KIZARTMAK** is. *İng.* Гичка –



кішкене жүйрік қайық.

**KİKİRİK**, -*ği is. ve s.* Сорайған, сойдаған, ұзын бойлы.

**KİKLON is. Alm.** Циклон.

**KİL is. Far.** Саз балшық.

**KİLER is. Yun.** Азық қоймасы.

**KİLİM is. Far.** Тықыр кілем, түксіз кілем.

**KİLİSE is. Yun.** Шіркеу; Собор. *Anglikan kilisesi.* Ағылшын шіркеуі. *Ortodoks kilisesi.* Православиелік шіркеу.

**KİLİT, -di is. Yun.** Құлып. *Kilit vurma.* Құлып салып тастау. *Asma kilit.* Аспа құлып. *Frenk kilidi.* Ағылшын құлыбы.

**KİLİTЛЕМЕК (-i)** 1. Құлыптау, құлып салу. *Kapıyı kilitledi.* Есікті құлыптады. 2. Бекіту, кілттеп қамау, жауып қою. *Çocuğu bodruma kilitlemiş.* Баланы төлеге қамап тастапты. 3. *tec.* Сығымдау, қысу, сығу. *Zehra parmaklarıyla kadehini kilitledi.* Зехра бокалын сығымдап ұстады.

**KİLİТLENМЕК (nsz)** 1. Құлып салыну, құлыпталу, бекітілу. 2. *tec.* Қарысу, жағы, қолы сіресіп қалу, ашылмай қалу. *Dişleri kilitlenmişti.* Тістері қарысып қалған еді.

**KİLİТLİ s.** Құлыптаулы, құлыпты, құлып салынған, бекітулі. *Kapı kilitli değil.* Есік құлыптаулы емес.

**KİLLİ s.** Сазды, балшықты. *Killi topraklar.* Сазды балшықты жерлер.

**KİLO is. Yun.** Кило, килограмм. *İki kilo şeker.* Екі килограмм қант. *kilo almak* оңалу, семіру, толу. *kilo vermek* арықтау, азу.

**KİLOGRAM is. Yun.** Килограмм.

**KİLOLU s.** 1. Ауыр. 2. Семіз, толық.

**KİLOLUK, -ğu is. ve s.** Килограмдық.

**KİLOMETRE is.** Километр.

**KİLOVAT is.** Киловатт.

**KİM zm.** Кім. *Kimin?* Кімнің, кімдікі? *Kiminle?* Кіммен, кіммен бірге? *Kime ne?* Кімнің не шаруасы бар? *Senin kimin var mı?* (туыста-

рыннан) Біреу бар ма? *Kim oluyorsun?* Сен кім боласың? Сенің қандай қақын бар?

**KİMİ zm.** Басқа да, бөгде, кейбір. *Kimi çocuklar.* Кейбір балалар.

**KİMİ ZAMAN zf.** Кейде, кей-кейде.

**KİMLİK, -ği is.** 1. Кісі, жеке адам. *Kimliği bilinmeyen bir kadın.* Кім екені анықталмаған әйел. 2. Жеке куәлік.

**KİMONO is. Jap.** Кимоно.

**KİMSE zm.** 1. Біреу, әлдекім. *Burada mutlaka kimse oturuyordu.* Бұл жерде, әрине, біреу тұратын еді. *Orada kimse var.* Ол жерде әлдекім бар. 2. Ешкім. *Kimsem yok.* Ешкімім жоқ. *Dün kimse gelmedi.* Кеше ешкім келген жоқ.

**KİMSECİK, -ği zm.** Жан баласы, ешкім. *Sokakta kimsecik yoktu.* Көшеде жан баласы жоқ еді.

**KİMSESİZ s. ve is.** 1. Ешкімі жоқ, жалғыз. *Kimsesiz çocuk.* Жетім бала. 2. Елсіз, ессіз. *Kimsesiz topraklar.* Елсіз жердер.

**KİMSESİZLİK, -ği is.** Жалғыздық, ешкімі жоқтық.

**KİMYA is. Yun.** 1. Химия. *Kimya ile tedavi.* Химиялық тәсілдермен емдеу. *Analitik kimya.* Аналитикалық химия. *Tatbiki kimya.* Қолданбалы химия. 2. *tec.* Сирек кездесетін құнды зат. *kimya olmak* қол жетпейтін құнды болу.

**KİMYACI is.** 1. Химик, химия маманы. 2. Химия мұғалімі.

**KİMYASAL s.** Химиялық. *Kimyasal birleşim.* Химиялық қосылыс. *Kimyasal reaksiyon.* Химиялық реакция.

**KİMYASAL SAVAŞ is.** Химиялық улы заттар қолданылатын соғыс.

**KİMYEVİ s. bk.** *Kimyasal.*

**KİMYON is. Yun. bot.** Зире – хош иісті өсімдік.

**KİN is. Far.** Жек көрушілік, өшпенділік, ашу, кек, ыза. *kin bağlamak* жек көру, жаман көру. *kin beslemek*

(veya tutmak) өшігу, егесу, өш болу.

**KINAYE** *is. Ar.* 1. Ишара, ым, тұспал. 2. *ed.* Метонимия, метафора. *kinaye atmak* тұспалдау, ишара жасау. *kinaye yoluyla söylemek* тұспалдап айту.

**KINAYELİ** *s.* Астарлы, бейнелі, тұспал. *Kinayeli sözler.* Астарлап айтылған сөздер.

**KİNCİ** *s.* Кекшіл, кек сақтағыш.

**KİNCİLİK, -ği** *is.* Кекшілдік, кек сақтағыштық.

**KİNDAR** *s. bk. Kinci.*

**KİNDARLIK, -ği** *is. bk. Kincilik.*

**KİNLEMEK** (*nsz*) Кектену, кек тұру, жек көру.

**KİNLİ** *s.* Кекті, өшпенді, кегі бар.

**KİNSİZ** *s.* Кексіз, кек сақтамайтын, зілсіз.

**KİP** *is. esk.* 1. Үлгі, қалып, модель, өрнек. 2. *gr.* Рай. *Emir kipi.* Бұйрық рай.

**KİR** *is.* Кір, былғаныш, лас. (*bir şey*) *kir götürmek* кір көтеру, кір екендігі білінбеу. (*bir şeyi*) *kir götürmek* кірлену, былғану.

**KİRA** *is. Ar.* 1. Жал, жалдау. *Kendi evinizde mi yoksa kirada mısınız?* Сіз өз үйіңізде тұрасыз ба әлде жалдама? 2. Жалгерлік ақы. *kirada olmak* (veya *oturmak*) 1) жалға берілу. 2) үй жалдап тұру. *kiraya vermek* жалға беру.

**KİRA BEDELİ** *is.* Жалгерлік ақы.

**KİRACI** *is.* Жалгер.

**KİRALAMAK** (*-i, -e*) 1. Жалға беру. *Evi ona kiraladım.* Үйді оған жалға бердім. 2. (*-i, -den*) Жалдау, жалға алу. *Evi ondan kiraladım.* Оның үйін жалға алдым.

**KİRALAYICI** *is.* Жалгер.

**KİRALIK, -ğı** *is. ve s.* Жалдама, жалдамалы, жалға берілетін. *Kiralık ev.* Жалға берілетін үй.

**KİRAZ** *is. Yun. bot.* Қызыл шие.

**KİREÇ, -ci** *is. Far.* Избес, әк. *kireç söndürmek* избес сөндіру.

**KİREÇ KAYMAĞI** *is. kim.* Хлорлы әк.

**KİREÇ TAŞI** *is. jeol.* Избесті тас, әк тас.

**KİREMİT, -di** *is. Yun.* Черепица, үйдің төбесін жабатын жұқа қыш.

**KİRİL ALFABESİ** *is.* Кириллица.

**KİRİŞ** *is.* 1. Ішек (музыкалық аспаптарға жататын). 2. Адырна – садақтың оқ салып тартатын қайысы. 3. *mim.* Бөрене, төрт қырлы бөрене. 4. *anat.* Сіңір, тарамыс.

**KİRLENMEK** (*nsz*) 1. Кірлену, кірлеу, кір болу, ластану, былғану. 2. *tec.* (атына, атағына, абыройына) Кір келу. 3. (әйелдің) Абыройы төгілу, зорлану. 4. (әйелдің) Етеккірі келу.

**KİRLETMEK** (*-i*) 1. Кірлету, былғау, ластау. *Çocuk üstünü kirletti.* Бала үсті-басын кірлетті. 2. Дәретке отыру, дәрет сындыру. *Çocuk altını kirletmiş.* Бала бұтына жіберіп қойыпты. 3. *tec.* Ұятқа қалдыру, кір келтіру. *Böyle bir şüphe insanı kirletir.* Мұндай күдік адамның атына кір келтіреді. 4. Зорлау, абыройын төгу, намысына тию, қорлау.

**KİRLİ** *s.* 1. Кірленген, кірлі, былғанған. 2. *tec.* Лас, кірлі, күңгірт. *Kirli iş.* Заңға қайшы лас іс. 3. (әйел) Етеккірі келген.

**KİRLİ ÇAMAŞIR** *is.* Заңға қайшы келетін лас іс.

**KİRLİLİK, -ği** *is.* Ластық, былғаныштық.

**KİRPİ** *is. zool.* Кірпі.

**KİRPİK, -ği** *is.* 1. Кірпік. 2. *bot.* Түк, өсімдіктің майда талшықтары.

**KİRVE** *is. hlk.* 1. Сүндетке отырғызылған баланы ұстап тұратын адам. 2. Өкіл әке.

**KİST** *is. Yun. tıp* Сары су, ірің кернеген ісік.

**KİŞİ** *is.* 1. Адам, кісі. *Kişi özgürlüğü.* Адам бостандығы. *Er kişi.* Ер адам. *Sizi iki kişi aradı.* Сізді екі кісі сұрады. 2. *hlk.*

- Күйеу, жұбай. 3. *ed.* Кейіпкер, персонаж. 4. *gr.* Жак. *Biz (çoğul kişi).* Біз (көпше 1. жак).
- KİŞİ EKİ** *is.* Жак жалғауы.
- KİŞİLEŞTİRME** *is. ed.* Кейіптеу.
- KİŞİLİK, -ği** *is.* 1. Жеке адам, жеке тұлға. *Kişiliği olan bir hikâyeci.* Өзіндік қолтаңбасы бар әнгіме жазушысы. 2. Кісілік, азаматтық, адамдық. 3. *s.* Адамдық, адамнан тұратын. *Bir kişilik oda.* Бір адамдық бөлме. *İki kişilik karyola.* Екі кісілік кереует.
- KİŞİLİKLİ** *s.* Кісілікті, адамгершілігі мол, адамгершілікті.
- KİŞİLİKSİZ** *s.* Адамгершіліксіз, адамгершілікке жатпайтын, адамгершіліктен тыс.
- KİŞİOĞLU** *is.* 1. Адам баласы, адамзат. 2. Аксүйск, текті адам.
- KİŞİSEL** *is.* Жеке, жеке адамға тән. *Kişisel belgeler.* 1) Бір адамның құжаттары. 2) Жеке адамның іс қағаздары.
- KİŞİ ZAMİRİ** *is. gr.* Жіктеу есімдігі.
- KİŞMİŞ** *is. Far.* Мейіз.
- KİŞNЕМЕК** (*nsz*) Кісінеу, оқыранып шұрқырау. *Atlar kişnediler.* Жылқылар кісінеді.
- KİTABE** *is. Ar. esk.* (тасқа т.б. жерге жазылған) Жазу, эпитафия. *Mezar kitabesi.* Құлпытасқа жазылған жазу. *Orhon kitabeleri.* Орхон жазулары.
- KİTAP, -bı** *is. Ar.* 1. Кітап. *Kitap meraklısı.* Кітапқұмар. *Ders kitabı.* Оқы құралы. 2. Қасиетті кітап. *Dört kitap.* Төрт қасиетті кітап.
- KİTAPÇI** *is.* Кітап басушы; кітап сағушы.
- KİTAPLIK, -ğі** *is.* 1. Кітап сөресі. 2. Кітапхана. *Okul kitaplığı.* Мектеп кітапханасы.
- KİTAPLIK BİLİMİ** *is.* Кітап зерттеу ғылымы.
- KİTAPSEVER** *is.* Кітапқұмар.
- KİTAPSIZ** *is.* 1. Кітапсыз, кітабы жоқ. 2. Қасиетті кітаптарға сенбейтін, дінсіз. 3. *hlk.* Қатыгез, аяусыз, қатал.
- KİTARA** *is. isp. bk.* Гитар.
- KİTLE** *is. Ar.* 1. Көпшілік, қалың жұртшылық, қауым. 2. Үйме, үйінді.
- KİZİR** *is. hlk.* 1. Ауыл әкімінің көмекшісі. 2. Ауыл күзетшісі.
- KLÂKSON** *is. Fr.* Клаксон (мотоцикл және автомобиль сигналы).
- KLÂN** *is. Fr. sos.* Рулық қауым.
- KLÂRNET** *is. Fr. müz.* Кларнет (музыкалық аспап).
- KLÂS** *is. Fr.* 1. Сынып. 2. *s. mec.* Таңдаулы, күшті, асып түсетін. *Klâs oyuncu.* Таңдаулы ойыншы.
- KLÂSİK, -ği** *s. Fr.* 1. Классикалық. *Klâsik öğretim.* Классикалық білім беру. *Klâsik yapıt.* Классикалық еңбек. 2. Классик. *Fransız klâsikleri.* Француз классиктері.
- KLÂSÖR** *is. Fr.* Іс қағаздарын тігіп қоятын папка, құжаттар папкасы; картотека.
- KLÂVYE** *is. Fr.* Клавиатура, клавиш.
- KLEPTOMANİ** *is. Fr. tıp* Клептомания – психика ауруы салдарынан ұрлыққа құмарлану.
- KLİK, -ği** *is. Fr.* Сұрқиялар тобы, сыбайластар тобы.
- KLİMATOLOJİ** *is. Fr.* Климатология – ауа райын зерттейтін ғылым.
- KLİNİK, -ği** *is. Fr. tıp* 1. Клиника. 2. *s.* Клиникалық.
- KLİŞE** *is. Fr.* 1. Клише – кітапқа басылатын суреттің металдан ойып жасалған қалыбы. 2. *s. ve is. mec.* Штамп, дайын үлгі, еліктеу (сөз, пікір т.б.).
- KLOR** *is. Fr. kim.* Хлор.
- KLORLAMAК** (*-i*) *kim.* Хлорлау, хлормен тазалау.
- KLOROFİL** *is. bot.* Хлорофилл.
- KLOŞ** *s. Fr.* Кең етек, кең балақ.
- KOALİSYON** *is. Fr.* Коалиция. *Koalisyon hükümeti.* Коалициялық үкімет, партиялардың, мемлекеттердің одағы.

- KOBALT** *is. Alm. Kim.* Кобальт.
- KOBRA** *is. Fr. zool.* Кобра (ұлы жылан).
- KOSA (I)** *is.* Күйеу, жұбай. *kosa bulmak* күйеу табу. *kosaуа gitmek* күйеуге, тұрмысқа шығу. *kosaуа varmak* күйеуге шығу. *kosaуа ver-mek* күйеуге беру.
- KOSA (II)** *s.* 1. Үлкен, орасан зор. *Kosa gemi.* Өте үлкен кемсе. 2. Кәрі, егде. 3. *tec.* Ұлы, данышпан. *Kosa şair.* Ұлы ақын.
- KOSAKARI** *is.* 1. Кемпір, жасы егде тартқан әйел, картаған әйел. 2. *argo* Шешс.
- KOSALMAK** (*nsz*) Қартаю, жасы ұлғаю.
- KOSAMAK** (*nsz*) Қартаю, жасы егде тарту.
- KOSAMAN** *s.* 1. Үлкен, орасан, зор. 2. *s.* Егделеу, жасы келіп қалған мосқалдау, үлкендеу (адам).
- KOSAMANCA** *s.* Үлкендеу, үлкені-ректеу.
- KOSAOĞLAN** *is. alay* Аю.
- KOSASIZ** *s.* 1. Күйеуі жоқ, тұрмысқа шықпаған. 2. Күйеуінсіз, күйеуін жанына ертпей. *Kocasız sokağa çıktı.* Күйеуінсіз көшеге шығып кетті.
- KOŞ** *öz. is. astr.* Токты (жұлдыз-нама).
- KOŞ (I)** *is.* 1. Қошқар. 2. *tec.* Денсаулығы мықты, жігіт, бозбала.
- KOŞ (II)** *is. İng. sp.* Жаттықтырушы.
- KOŞAK, ğı** *is. ve s.* 1. Батыл, ержүрек. 2. Жомарт, мырза.
- KOŞAKLAMA** *is. ed.* Батырлар жыры, эпос.
- KOŞAN** *is.* 1. Собық. *Mısır koşanı.* Жүгері собығы. 2. Өзек. *Lâhana koşanı.* Капуста өзегі. 3. Түбіршік. *Makbuz koşanı.* Квитанция түбіршігі.
- KOŞMAK, -ar** (*-i*) *hlk.* Құшақтау, кеудеге басу.
- KOŞUŞMAK** (*nsz, -le*) *hlk.* Құшақтасу.
- KOŞ YİĞİT, -di** *is.* Сымбатты жас жігіт.

- KOD** *is. bk. Kot.*
- KODAMAN** *is. ve s.* Беделді, ықпалды. *Kasabanın kodamanları.* Қалашықтың беделді адамдары.
- KODEKS** *is. Fr. tip* Фармакопоя-дәрілерді жасау, сақтау туралы ресми нұсқау.
- KODES** *is. argo* Түрме, қапас, абақты. *kodeşe tıkmak* түрмеге тығу.
- KOĞUŞ** *is.* 1. Палата, аурулар жата-тын бөлме. 2. Түрме бөлмесі, түрме камерасы.
- KOK** *is. İng.* Кокс – металлургия пештерінде отынға қолданылатын күйдірілген тас көмір.
- KOKAİN** *is. Fr.* Кокаин – ұйықтатқыш дәрі
- KOKAİNOMAN** *is. ve s.* Fr. Кокаиншы.
- KOKAK** *s. hlk.* Сасық, сасыған.
- KOKART, -dı** *Fr.* Кокарда – фуражкаға қадайтын формалық белгі.
- KOKLAMAK** (*-i*) Иіскеу, иіскелеу.
- KOKMAK, -ar** (*nsz*) 1. Иісі шығу, аңқу. *Güzel kokmak.* Хош иіс шығу. 2. Иістену, сасу, сасып кету, шіріп кету. *Bu et kokmuş.* Бұл ет сасып кетіпті.
- KOKOROZ** *is.* 1. Жүгері. 2. *argo* Ажарсыз, кейіпсіз, көріксіз.
- KOKTEYL** *is. İng.* Коктейль.
- KOKU** *is.* 1. Иіс. 2. Иіс су. *koku almak* сезіп қалу, сезу. *koku sürün-mek* иіс су, өтір жағыну.
- KOKULU** *s.* 1. Иісті, иісі бар. 2. Аңқыған, иісі шыққан.
- KOKUTMAK** (*-i*) 1. Сіңіп қалу, иісі шығып тұру. *Sigara elini kokuttu.* Оның қолынан темекі иісі шығып тұрды. 2. Шірітіп жіберу, шірітіп тастау, сасыту. *Eti kokutmak.* Етті сасытып алу.
- KOL** *is.* 1. Қол. 2. Жең. *Bu ceketin kolları dar.* Бұл жакеттің жеңдері тар. 3. Тармақ, сала; сілем. *Bu dağ üç kola, o nehir iki kola ayrılır.* Бұл таудың үш сілемі, ана өзеннің екі тармағы бар. 4. Бұтақ; тармақ.

*Ağaç kolu.* Ағаш бұтағы. *Demir yol kolu.* Темір жол тармағы. 5. Тұтқа, сап. *Dikiş makinesinin kolu.* Тігін машинасының тұтқасы. 6. Бөлім, сектор, сала, тарау. *Endüstri kolu.* Индустрия саласы, өнеркәсіп саласы. *Bu kuruluşun hiçbir yerde kolu yoktur.* Бұл ұйымның басқа жерде бөлімі жоқ. *Dil kurumunun sözlük kolu.* Тіл қоғамының сөздік секторы. 7. *ask.* Колонна, сап, тізбек. *Yürüyüş kolu.* Жорық колоннасы. 8. Шолғыншы, барлаушы, патруль. 9. Жасақ, топ, команда. *Avcılar üç kola ayrıldılar.* Аңшылар үш топқа бөлінді. *Keşif kolu.* Барлау жасағы. 10. Ысырма. *Karı kolu.* Есіктің ысырмасы. 11. Қанат, фланг. 12. *müz.* Мойын – ішекті музыка аспаптарының мойны. *kollarının arasına almak* құшақтау, құшағына алу. *kollarını sıvamak* жеңін түру. *kol vermek* қол ұшын беру, көмек көрсету.

**KOLA** *is.* 1. Крахмал. 2. Крахмалдан істелген желім.

**KOLALAMAK** *(-i)* Крахмалдау.

**KOLAN** *is.* 1. Айыл, тартпа. *Eyer kolanı.* Ердің тартпасы. 2. Жалпақ кайыс, белбеу.

**KOLAY** *s.* 1. Оңай, жеңіл, қиындығы жоқ. *Kolay ders.* Жеңіл дәріс. *Kolay iş.* Оңай жұмыс. 2. *zf.* Жеңілірек, оңай.

**KOLAYCA** *s.* 1. Жеңілдеу, оңайлау. 2. Оп-оңай, өте оңай. *Evi kolayca bulduk.* Үйді оп-оңай тауып алдық.

**KOLAY KOLAY** *zf.* Оңайлықпен, оп-оңай. *İşe girsem artık kolay kolay kocaya varmam.* Жұмысқа тұрсам, оңайлықпен тұрмысқа шықпаймын.

**KOLAYLAŞMAK** *(nsz)* 1. Оңайлану, жеңілдену. 2. (кедергі, қиындық) жоқ болу, болмау.

**KOLAYLAŞTIRMAK** *(-i)* Оңайлату, жеңілдету.

**KOLAYLIK**, **-ği** *is.* 1. Жеңілдік, оңайлық. 2. Ыңғайлылық, қолайлылық. *Telefon bir süs değil, kolay-*

*lıktır.* Телефон – әшекей емес, ыңғайлылық. 3. Мүмкіндік. *Kolaylık göstermek.* Жағдай жасау, мүмкіндік туғызу.

**KOLAYLIKLA** *zf.* Қиындықсыз, оңай.

**KOLBAŞI** *is.* Топ, жасақ жетекшісі.

**KOLÇAK**, **-ğı** *is.* 1. Қолғап, биялай. 2. Жеңғап, жеңнің сыртынан киілетін шүберек. 3. Белгі шүберек, жеңге белгі үшін танылатын шүберек.

**KOLEJ** *is. Fr.* Колледж.

**KOLEJLİ** *is. ve s.* Колледж оқушысы.

**KOLEKSİYON** *is. Fr.* Коллекция. *Pul koleksiyonu.* Марка коллекциясы.

**KOLEKSİYONCU** *is.* Коллекция жиюшы.

**KOLEKTİF** *s. Fr.* Ұжымдық, коллективтік.

**KOLEKTİFLEŞTİRMEK** *(nsz)* Коллективтендіру, ұжымдастыру.

**KOLERA** *is. Fr. Yun.* Тырысқақ, холера.

**KOLHOZ** *is. Rus.* Колхоз.

**KOLİ** *is. Fr.* Бандероль, посылка.

**KOL KOLA** *zf.* Қолтықтасып, қол ұстасып.

**KOLLAMAK** *(-i)* 1. Күту, күтіп тұру, тосу. *Fırsat kollamak.* Қолайлы жағдайды күту. 2. Қадағалау, қадағалап байқау, бақылау. 3. Қорғау, қамқор болу, жақтау.

**KOLLUK**, **-ğu** *is.* 1. Манжета. 2. Қолға тағатын шүберек.

**KOLOKYUM** *is. Lât.* 1. Коллоквиум – оқушылардың білімін тексеру мақсатымен жүргізілетін әңгіме. 2. Доцентке тапсыру емтиханы.

**KOLON** *is. Fr.* Бағана, тіреуіш.

**KOLONYA** *is.* Әтір, иіс су.

**KOLONYALİST** *s. Fr.* Отаршыл, отарлаушы.

**KOLORDU** *is. ask.* Әскери корпус.

**KOLSUZ** *s.* 1. Қолсыз, қолы жоқ. 2. Жеңсіз, жеңі жоқ.

**KOLTUK**, **-ğu** *is.* 1. Қолтық. 2. Кресло. 3. Түкпір, шет жер. 4.

*мес.* Тірек, сүйеніш. *koltuk vermek* жарамсақтану, жағымпаздану. *kol-tuğa girmek* үйлену, үй-жай болу.

**KOLTUKLAMAК** (-i) 1. Қолтықтау, қолтығынан сүйемелдеу. 2. *мес.* Жағымпаздану, жарамсақтану.

**KOLU UZUN** *s.* Ықпалды, беделді.

**KOLYE** *is. Fr.* Алқа.

**KOMA** *is. Fr.* Ессіз күй, терең ұйқыға ұқсас күй. *komadan çıkmak* өзіне-өзі келу, бірқалыпты жағдайға ену. *komaya girmek* 1) ес-түссіз жату, комаға кіру. 2) *мес.* ашулану, ашуға міну.

**KOMANDO** *is. Fr.* 1. Десант-диверсиялық топ, арнайы жасак. 2. Десант – диверсиялық топтың әскері. 3. *мес.* Сокқы беретін күш.

**KOMBİNA** *is. Fr. Rus.* Комбинат.

**KOMBİNEZON** *is. Fr.* 1. Әрекет-амал. 2. Әйелдердің жұқа ішкімі.

**KOMEDİ** *is. Fr. tiy.* Комедия.

**KOMEDYA** *is. bk. Komedi.*

**KOMEDYEN** *is. Fr.* Комедиялық актёр.

**KOMİ** *is. Fr.* 1. Қол бала, барып кел, алып келге жұмсалатын бала. 2. Даяшының көмекшісі.

**KOMİK, -ği** *s. Fr.* 1. Күлдіргі, күлкілі. 2. *is.* Күлдіргі артист.

**KOMİSER** *is. Fr.* Комиссар. *Polis komiseri.* Полиция комиссары.

**KOMİSYON** *is. Fr.* 1. Комиссия. *Karma komisyon.* Аралас комиссия. *Soruşturma komisyonu.* Тергеу комиссиясы. *Teftiş komisyonu.* Тексеру комиссиясы. 2. Делдалдық ақша.

**KOMİSYONCU** *is.* Делдал, комиссионер.

**KOMİTE** *is. Fr.* Комитет. *İcra komitesi.* Атқару комитеті.

**KOMODİN** *is. İt.* Тумбочка, кішкентай аласа шкаф.

**KOMPARTİMAN** *is. Fr.* Купе.

**KOMPETAN** *is. Fr.* Маман.

**KOMPLE** *s. Fr.* 1. Толық, толықтырылған. 2. Жинақ, комплект.

**KOMPLEKS** *s. Fr.* Кешен, жиынтық.

**KOMPLİMAN** *is. Fr.* Қошемет, қолпаш.

**KOMPLO** *is.* Қаскүнемдік, қастандық, астыртын әрекет. *komplο kurmak* астыртын әрекет жасау, астыртын сөз байласу.

**KOMPLOCU** *is.* Қастандық жасаушы.

**KOMPOSTO** *is. İt.* Компот.

**KOMPOZİSYON** *is. Fr.* 1. Композиция, әр түрлі құрама бөліктердің тұтастығы. 2. Шығарма.

**KOMPOZİTÖR** *is. Fr.* Композитор.

**KOMPRES** *is. Fr. tip* Компресс.

**KOMPÜTER** *is. İng. bk.* Bilgisayar.

**KOMŞU** *is.* 1. Көрші, қоңсы. 2. *s.* Көршілес, көрші тұратын, іргелес. *Komşu ülke.* Көршілес ел.

**KOMŞULUK, -ğu** *is.* Көршілік, көрші тұрушылық.

**KOMUT** *is.* Команда, әмір. *komut vermek* әмір беру.

**KOMUTAN** *is. ask.* 1. Командир. *Alay komutanı.* Полк командирі. 2. Қолбасшы. *Ordu komutanı.* Армия қолбасшысы. *Cephe komutanı.* Майдан қолбасшысы.

**KOMUTANLIK, -ği** *is. ask.* Қолбасшылық, армияны басқарушылық.

**KOMÜNİKASYON** *is. Fr.* Коммуникация, байланыс.

**KOMÜNİST** *is. Fr.* Коммунист.

**KOMÜNİZM** *is. Fr.* Коммунизм.

**KOMÜTATÖR** *is. Fr.* Коммутатор, ауыстырып қосқыш.

**KONAK, -ğı** *is.* 1. Жақсы жабдықталған жеке үй. 2. Үкімет үйі, резиденция. 3. *hlk.* Қонатын, түнейтін жер.

**KONAKLAMAК** (*nsz*) Түнейтін жерге тоқтау, қонуға тоқтау.

**KONÇ, -cu** *is.* Қоныш. *Çizme konçu.* Етіктің қонышы.

**KONÇERTO** *is. İt.* Концерт. *Piyano konçertosu.* Фортепьянолық концерт.

**KONDANSATÖR** *is. Fr.* Конденсатор.

**KONDURMAК** (-i, -e) 1. Қою, орналастыру, жайғастыру. 2. Түйреу,

- түйреп қою, қадау. *Başına çiçekler kondurmuş.* Ол басына гүл қадап алыпты. 3. *tec.* Лезде істей қою, жасай қою немесе айта қою. *Örücüğü kondurdu.* Ол бірден сүйіп алды.
- KONDÜKTÖR** *is. Fr.* Кондуктор; жолсерік (проводник).
- KONFEDERASYON** *is. Fr.* Конфедерация, одақ.
- KONFEKSİYON** *is. Fr.* 1. Тігілген дайын киім. 2. Көп мөлшерде киім тигу өндірісі.
- KONFERANS** *is. Fr.* 1. Конференция; кеңес. 2. Лекция, баяндама. *konferans vermek* лекция оқу, баяндама жасау.
- KONFERANŞI** *is.* Лекция оқушы, баяндамашы.
- KONFOR** *is. Fr.* Жақсы жабдықталғандық, ыңғайлылық, қолайлылық. *Bütün konforu haiz bir apartman dairesi.* Барлық жағдай жасалған пәтер.
- KONFORLU** *s.* Жабдықталған, ыңғайлы. *Konforlu bir otel.* Жақсы жабдықталған, барлық жағдай жасалған қонақ үйі.
- KONGRE** *is. Fr.* 1. Конгресс, съезд. *Parti kongresi.* Партия съезі. 2. Конгресс – АҚШ мәжілісінің аты.
- KONİ** *is. Fr. mat.* Конус, шошақ.
- KONİK, -ği** *s. Fr. mat.* Конус пішінді, шошақ формалы.
- KONJONKTÜR** *is. Fr.* Конъюнктура – бір нәрсеге әсерін тигізетін жағдайлардың кездесуі.
- KONMAK, -ar (I) (-e)** 1. Қону, жерге келіп түсу. *Kelebek çiçeğin üzerine kondu.* Көбелек гүлге қонды. *Masaya toz konmuş.* Үстелге шаң қоныпты. 2. Түнеу, түнеп шығу. 3. (уақытша) Орналасу, жайғасу. 4. *tec.* Еңбексіз алу, тегін келу. *Hazıra konmak.* Дайынға тап болу. *Mirasa konmak.* Мұраға, мирасқа ие болу, алу.
- KONMAK (II) (-e)** Қою, жайғастыру; салу. *Yemeğe tuz konur.* Тамаққа тұз
- салады. *Yemek tabakları oraya konmaz.* Табақтарды ол жерге қоюға болмайды.
- KONSA** *is. zool.* Жемсау.
- KONSANTRASYON** *is. Fr.* 1. Шоғырлау, жинақтау. 2. *kim.* Концентрация, ерітіндінің қоюлануы.
- KONSANTRE** *s. Fr.* Қойылтылған, құнарландырылған. *Konsantre gıdalar.* Құнарландырылған азық.
- KONSER** *is. Fr.* Концерт. *konser vermek* концерт беру.
- KONSERVATUVAR** *is. Fr.* Консерватория.
- KONSERVE** *is. Fr.* (азық-түлік) 1. s. Консервіленген. *Konserve fabrikası* Консерві заводы. 2. *is.* Консерві. *Balık konservesi.* Балық консервісі.
- KONSEY** *is. Fr.* Кеңес. *Birleşmiş Milletler Güvenlik Konseyi.* Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі. *Dünya Barış Konseyi.* Дүниежүзілік Бейбітшілік Кеңесі.
- KONSOLIDASYON** *is. Fr. ekon.* Ұзарту, қысқа мерзімді борышты төлеу мерзімін ұзарту.
- KONSOLOS** *is. Lât.* Консул.
- KONSOLOSLUK, -ğu** *is.* Консул қызметі, консулдық.
- KONSOMASYON** *is. Fr.* 1. (ойынхана, кафе т.б. жерлерде) Сусындар мен жеңіл тағамдар. 2. (ойынхана, кафе, бар сияқты жерлерде) Ішіп жеу.
- KONSOMATRİS** *is. Fr.* Ойынхана, бар т.б. жерлерге келгендердің көңілін көтеретін қыз.
- KONSORSİYUM** *is. İng. ekon.* Консорциум.
- KONSÜLTASYON** *is. Fr. tp* Консультация, кеңес.
- KONTAK, -ğı** *is. Fr.* 1. Түйісу, жалғасу, қосылу. 2. Жалғасу, байланысу. *kontak kurmak* байланыс құру.
- KONTENJAN** *is. Fr. ekon.* 1. Үлес, бөлім, норма. *Akaryakat kontenjanı.* Жанармай нормасы,

жанармай лимиті. 2. Контингент, сандық құрам. *Bu yıl üniversitede kontenjan dolmadı.* Биыл университетте сту-дент контингенті толық емес.

**KONTEYNER** *is.* *İng. tic.* Контейнер – жүк тасуға арналған жабдық.

**KONTRA** *zf.* *İt.* Қарсы, қарамастан. *kontra gitmek* қарсы жүру, қарсы келу.

**KONTRAT** *is.* *Fr.* Шарт, келісім, контракт. *Kontrat yapmak.* Шарт жасау. *Bir yıllık kontrat.* Бір жылдық шарт жасау.

**KONTRATLI** *s.* Шартты, келісілген, келісімді.

**KONTROL, -lү** *is.* *Fr.* 1. Бақылау, тексеру. *Kontrol merkezi.* Бақылау орны. *Devlet kontrolü.* Мемлекеттік бақылау. 2. Тексеру. *Gümrük kontrolü.* Ксдендік тексеру. 3. Бақылаушы, тексеруші.

**KONU** *is.* Тақырып, сюжет. *Konunun dışına çıkmak.* Тақырыптан ауытқу, тақырыптан шығып кету. *Münakaşa konusu.* Таластың (даудың) тақырыбы.

**KONUK, -ğu** *is.* Қонақ. *Konuğa gelmek.* Қонаққа келу.

**KONUKLAMAК** *(-i)* Қонақ қабылдау.

**KONU KOMŞU** *is.* Көрші-қолаң, көрші-қомсы.

**KONUKSEVER** *s.* Қонақжай, қонақуар, меймандос.

**KONUKSEVERLİK, -ği** *is.* Қонақжайлық, қонақуарлық, меймандостық.

**KONUM** *is.* 1. Күй, қалып. 2. Жайкүй, жағдай. 3. (қаланың) Тұрған жері, тұрған орны.

**KONUR** *s.* *hık.* Қараторы, қоңырқай.

**KONUŞKAN** *s.* Әңгімешіл, сөзшен, сөзуар. *Konuşkan değildir.* Әңгімешіл емес.

**KONUŞKANLIK, ği** *is.* Сөзшендік, көп сөйлегіштік.

**KONUŞMA** *is.* 1. Әңгімелесу, сөйлесу, әңгіме, сөз. *Konuşmaya dal-*

*mak.* Сөйлесіп отырып қалу. *Şehirler arası konuşma.* Қалааралық (телефонмен) сөйлесу. *Telefon konuşması.* Телефонмен сөйлесу.

2. Сөйлеу, сөз сөйлеу; лекция. *Açılış konuşması.* (жиналысты т.б.) Кіріспе сөз сөйлеп ашып беру. *Kapanış konuşması.* Қорытынды сөз сөйлеу. *Bugün profesörün bir konuşması var.* Бүгін профессордың лекциясы бар. *konuşma yapmak* сөз сөйлеу.

**KONUŞMACI** *is.* Сөз сөйлеуші, лекция оқушы.

**KONUŞMA DİLİ** *is.* Сөйлеу тілі.

**KONUŞMAК** *(nsz)* 1. Сөйлеу, айту. *Çocuk daha konuşmıyor.* Бала әлі сөйлей алмайды. 2. Әңгімелесу, сөйлесу, талқылау. *Biz şimdi bu konuyu konuşuyorduk.* Біз қазір осы мәселе жайлы әңгімелесіп жатыр едік. 3. *(-le)* Әңгімелесу, сөйлесу. *İşten sonra arkadaşlarla şiir ve edebiyat konuşuyoruz.* Біз жұмыстан кейін достарымызбен поэзия және әдебиет жайлы әңгімелесеміз. 4. Сөз сөйлеу, көпшіліктің алдына шығып сөйлеу. *Bu hafta Türk Dil Kurumunda konuşacak.* Ол осы апта Түрік тіл қоғамында сөз сөйлейді. 5. *(-le)* (болымсыз түрде) Сөйлеспей, әңгімелеспей. *Ben onunla iki yıldır konuşmuyorum.* Мен онымен екі жылдан бері сөйлеспеймін.

**KONUŞU** *is.* Коллоквиум.

**KONUŞUCU** *s.* Тілмар, сөзге жүйрік.

**KONUŞULMAК** *(-le)* 1. (тарапынан) Әңгімелесу, сөйлесу. *Bu iş kiminle konuşulacak?* Бұл іс жайлы кіммен сөйлесуге болады? 2. (қайсы бірі) Сөйлеу, сөйлесіп отыру. *Derste konuşulmaz.* Сабақта сөйлесуге болмайды.

**KONUT** *is.* Тұрғын үй, пәтер-үй. *Konut sorunu.* Тұрғын үй мәселесі.

**KONUT BELGESİ** *is.* Тұратын жері туралы анықтама.



**KONUT KREDİSİ** *is.* Тұрғын үй алуға берілетін несие, ипотека.

**KONVOY** *is. Fr.* 1. Жүк тиеген керуен. 2. Сауда кемелерін қорғап жүретін соғыс кемелері.

**KONYAK, -ğı** *is. Fr.* Коньяк.

**KOOPERATİF** *is. Fr. ekon.* Кооператив. *Kooperatif birlikleri.* Кооператив бірлестіктері. *Tarım kooperatifi.* Ауылшаруашылық кооперативі.

**KOORDİNATÖR** *is. Fr.* Координатор.

**KOORDİNE** *s.* Үйлестірумен байланысты. *koordine etmek* үйлестіру, құрылымдастыру, байланыстыру, координациялау.

**KOPARMAK** *(-i)* 1. Үзу, үзіп алу, жұлу. *Çiçek koparmak.* Гүлді жұлу. *Fırına elektrik tellerini kopardı.* Дауыл электр сымдарын үзіп кетті. 2. (ағаштан алма т.б.) Жинау, жұлып алу. *Yemiş koparmak.* Жеміс-жидек жинау. 3. *(-i)* Шу шығару, бақырып-шакыру. *Çığlık koparmak.* Бақырып-шакыру. *Kavga koparmak.* Ұрыс-керіс шығару. 4. *(-den, -i)* Зорға дегенде алу, әрең дегенде қолы жету. *Ondan bu kitabı koparmak kolay olmadı.* Одан бұл кітапты алу оңайға соқпады. *Ondan para koparmak meseledir.* Одан ақша алу қиынның қиыны. *Üç gün izin kopardı.* Ол әрең дегенде үш күндік демалыс алды.

**KOPÇA** *is. Mac.* Ілгек; түймелік.

**KOPKOYU** *s.* Қоп-кою, өте кою.

**KOPMAK, -ar** *(nsz)* 1. Үзілу, үзіліп кету. *Tel koptu.* Сым үзілді. *İp koptu.* Жіп үзілді. 2. Үзіліп түсу, үзіліп қалу. *Düğme koptu.* Түйме үзіліп түсті. 3. Оқыстан болу, аяқ астынан көтерілу. *Denizde fırtına koptu.* Теңізде дауыл көтерілді. *Rüzgâr koptu.* Жел көтерілді. *Savaş koptu.* Соғыс басталып кетті. 4. *tec.* Алыстау, байланысын үзу, ұзақ кету. 5. *tec.* Қатты ауыру, жанға бату, қақсау. *Belim kopuyor.* Белім үзіліп барады.

**KOPUK, -ğu** *s.* 1. Үзіліп түскен, үзілген. *Kopuk düğme.* Үзіліп қалған түйме. 2. *tec.* Қаңғыбас, қыдырма.

**KOPUZ** *is. esk.* Қобыз.

**KOPUZCU** *is.* Қобызшы.

**KOPYA** *is.* 1. Көшірме. 2. Көшіріп алу, көшіріп жазу. 3. Шпаргалка, жазба қағазы. *kopyasını çıkarmak* көшіріп алу, көшірмесіні алу. *kopya etmek* көшіру, көшіріп жазу. *kopya çekmek (veya uarmak)* (емтихан үстінде) шпаргалкадан, қағаздан көшіру.

**KOPYACI** *is.* 1. Емтиханда шпаргалка қолданатын оқушы. 2. Біреудің жазған еңбегін көшіретін адам, көшіріп алушы.

**KORAMİRAL, -li** *is. ask.* Вице-адмирал.

**KORDON** *is. Fr.* 1. Аксельбант, бау, жібек жіп. 2. Сағаттың т.б. бауы. 3. Жиек, шет, көмкерме. 4. Кордон – күзетте я тосқауылда тұратын жасақ. *Polis kordonu.* Полицией күзеті.

**KORECE** *is.* Корей тілі.

**KOREGRAF** *is. Fr.* Хореограф.

**KOREGRAFİ** *is. Fr.* Хореография.

**KORELİ** *öz. is. ve s.* Корей, корейя тұрғыны.

**KORGENERAL, -li** *is. ask.* Қолбасшы; генерал–лейтенант.

**KORİDOR** *is. İsp.* Коридор.

**KORKAK, -ğı** *s. ve is.* Қорқақ, су жүрек, жүрексіз.

**KORKAKÇA** *s. ve zf.* Қорқақ сияктанып, қорқақ адам сияқты.

**KORKAKLIK, -ğı** *is.* Қорқақтық, су жүректік, батылсыздық. *korkaklık etmek* қорқақтау, жүрексіздену.

**KORKALAMAK** *(nsz, -den)* Қорқақтау, үрейлену, жүрексіздену.

**KORKMAK, -ar** *(-den)* 1. Қорқу, үрейлену, қорқақтау. *Gök gürültüsünden korkmak.* Күн күркіреуінен қорқу. *Gölgesinden korkmak.* Өзінің көлеңкесінен қорқу. 2. Алаң

болу, тынышсыздану, қорку. *Korkarım gelmeyecek.* Келмей қала ма деп қорқамын.

**KORKU** *is.* 1. Үрей, қорқыныш. 2. Қауіптену, қорку, үрейлену. 3. Қауіп-қатер. *Yollarda korku kalmadı.* Жолдар қазір қауіпсіз. *korku düşmek (veya korkuya kapılmak)* үрейлену, қорку. *korku saçmak* қорқыту. *korku vermek* қорқыту, шошыту.

**KORKULU** *s.* 1. Қорқынышты, үрейлі. *Korkulu rüya.* Қорқынышты түс. 2. Қауіпті, қатерлі. *Bu korkulu işe girişmeyin.* Бұл қауіпті іске араласпаңыз.

**KORKULUK, -ğu** *is.* 1. Қарақшы. *Bostan korkuluğu.* Бақшаға қоятын қарақшы. 2. Қанат, сүйеніш, қоршау. *Merdiven korkuluğu.* Үй басқыштарының қанаты. *Balkon korkuluğu.* Балконның темір қоршауы.

**KORKUNÇ, -cu** *is. ve s.* Қорқынышты, сұмдық, үрей тудыратын. *Korkunç manzara.* Қорқынышты көрініс. *Korkunç bir sıcak.* Сұмдық ыстық.

**KORKUSUZ** *s.* 1. Қорықпайтын, жажүрек, батыл. 2. Қауіпсіз, қатерсіз.

**KORKUTMAK (-i)** 1. Қорқыту, шошыту. 2. Зәресін алу, зәресін ұшыру, қорқыту. 3. Тынышын кетіру, мазасын алу, қайғыландыру. *Annesinin hastalığı onu korkuttu.* Анасының ауруы оның мазасын қашырды.

**KORKUTUCU** *s.* Үрей тудыратын, үрейлендіретін, үрейлі, зәре-құтын аларлық.

**KORNA** *is. İt.* Гудок, сигнал. *Korna çalmak.* Гудок беру.

**KORNER** *is. İng. sp.* (футболда) Бұрыштан берілген доп. *Topu kornere atmak.* Допты бұрышқа тастау.

**KORNET** *is. Fr. müz.* Корнет.

**KORNİŞ** *is. Fr.* 1. Карниз, перде ілгіш. 2. *mim.* Рамка, багет.

**KARO** *is. İt. müz.* Хор.

**KORSAN** *is. İt.* 1. Пират, теңіз қарақшысы. *Korsan gemisi.* Теңіз қарақшысы кемесі. 2. *mec.* Заңсыз, заңға қайшы; жасырын, тыйым салынған. *Korsan kasetçilik.* Жасырын кассета жасап шығару. *Korsan radyolar.* Астыртын жұмыс жасайтын радиолар.

**KORSANLIK, -ği** *is.* Қарақшылық, пираттық. *Hava korsanlığı.* Әуе қарақшылығы, ұшақ ұрлап қашу.

**KORT** *is. Fr.* Теннис алаңы, корт.

**KORTEJ** *is. İt.* Салтанатты шеру.

**KORU** *is.* Орман-бақ, көпшілік дем алатын орманды алқап.

**KORUCU** *is.* Орманшы, орман күзетшісі.

**KORUK, -ğu** *is. bot.* Көк, піспеген жүзім.

**KORUMA** *is.* Оққағар, сақшы-жогары лауазым иесін қорғаушы.

**KORUMAK (-i, -den)** 1. Қорғау. *Duvarı yağmurdan korumak için boyadılar.* Олар қабырғаны жаңбырдан қорғау үшін бояды. 2. Сақтау, құнттап ұстау, бағып-күту. *Üstünü başını biraz korusaydın bu kadar kirlenmezdin.* Үсті-басыңды біраз құнттап ұстаған, мұнша былғанбас едің. 3. *mec.* (шығында т.б.) Жабу, өтеу. *Bu işin geliri masrafını korumaz.* Бұл істің кірісі шығынын жаппайды.

**KORUNAK, -ğı** *is.* Пана, бас сауғалайтын жер.

**KORUNACAK, -ğı** *is.* Құндақ, тыс, қап.

**KORUNMA** *is.* Сақтық; өзін-өзі қорғау. *Çevre korunması.* Қоршаған ортаны қорғау. *Hava korunması.* Әуе қорғанысы. *Sağlık korunması.* Денсаулық сақтау.

**KORUYUCU** *is. ve s.* 1. Күзетші, қорғаушы. *Saray koruyucusu.* Сарай күзетшісі. 2. Қорғаныш, қорғайтын. *Koruyucu bir tabaka.* Қорғайтын қабат.

**KOSİNÜS** *is. Fr.* Косинус.

**KOSKOCA** *s.* Үлкен, орасан, дәу, зор.

*Koskoca bir şehir.* Үлкен қала.

**KOSMOS** *is. bk. Kozmoz.*

**KOSTAK, -ғи** *s. hlk.* 1. Сырбаз, әдемі, тап-тұйнақтай киінген. 2. Батыл, жау жүрек.

**KOSTÜM** *is. Fr.* Костюм.

**KOŞA** *s. hlk.* 1. Қос, жұп, егіз. 2. *zf.* Бірге, бірлесіп, қосылып. *koşa karımak* бірге картаю, бірге егде тарту (жанадан үйленгендерге тілек ретінде айтылады).

**KOŞMA** *is.* 1. Жүгіру, зымырау, шабу. 2. *ed.* Қошма–қара өлең түрі.

**KOŞMACA** *is.* Қуаласпақ–балалардың бірін-бірі қуалап ойнайтын ойны.

**KOŞMAK, -ar (I)** 1. Жүгіру, зымырау. *Çocuk koşarken düştü.* Бала жүгіріп бара жатып құлады. *Koşa koşa.* Жүгіріп, аяқ-қолы жерге тимей. 2. Асығу, асығып-үсігу. *Tiyatroya koştı.* Ол театрға қарай зымырай жөнелді. *Yardıma koşmak.* Оған жәрдем беруге асықты. 3. Шабу, шапқылау, ызғыту. *Doru at bugün koştayacak.* Торы ат бүгін шаппайды. 4. Шапқылау, тыным таппау. *Yok, yok, dedi, akşamdan beri ben koştum, biraz da onlar yorulsunlar.* Жок, жок, -деді ол, кештен бері мен шапқыладым, олар да аздап шаршасын. 5. *tec.* Соңына түсу, қуалау, дйттеу. *İki yıldır bu işin peşinden ko-şuyorum.* Бұл істің соңына түскеніме екі жыл болды, екі жылдан бері жүгіріп жүрмін.

**KOŞMAK (II) (-e)** 1. Қасына адам қосу, қосып беру. 2. Жегу, қосу. *Atları arabaya koşmak.* Аттарды арбаға жегу.

**KOŞTURMAK (-i, -e)** 1. Жүгірту, шапқылату т.б. *Onu karakola koşturdu.* Оны полиция бөлімшесіне жүгіртіп жіберді. 2. Тыныш тартырмау, әуре-сарсаңға түсіру, шапқылату.

**KOŞU** *is.* 1. Жүгіру, жүгіруден жа-

рыс. 2. Ат жарысы, шабыс, бәйге.

*Koşu alanı.* Ипподром. *Koşu atı.*

Жарыс аты. *Koşuda koşmak.* Ат жарысына қатысу.

**KOŞUCU** *is.* Жүгіруші, жүгіруге қатысушы.

**KOŞUK, -ğu** *is. ed.* 1. Бәйіт, өлең. *Hece koşuğu.* Силлабикалық өлең жүйесі. *Vurgu koşuğu.* Ритмикалық өлең. 2. Поэзия.

**KOŞUL** *is.* Шарт, жағдай. *Ekonomik koşullar.* Экономикалық шарттар. *Uygunsuz koşullar.* Қолайсыз шарттар.

**KOŞULLANDIRMAK (-i)** Шарт қою, талап қою.

**KOŞULLU** *s.* 1. Шарт қойылған, шарттар көрсетілген. *Koşullu sözleşme.* Шарттар көрсетілген келісім. 2. Шартты келісілген.

**KOŞULMAK (nsz, -e)** 1. Жегілу. *Araba koşuldu.* Арба жегілді. 2. Қосылу, қосып жіберілу. *Yanımıza adam koşuldu.* Бізге бір адам қосылды.

**KOŞUM** *is.* Жегу әбзелдері. *Koşum atı.* Жеккі ат, жегілетін ат. *Koşum takımı.* Ат-сайман.

**KOŞUN** *is. Moğ. hlk.* Қатар, сап. *koşun bağlamak* сапка тұру.

**KOŞUŞMAK (nsz, -le)** 1. Жапа-тармағай жүгіру, бәрі бірдей жүгіру. *Gürültüye koşuştular.* Абырдабырға бәрі жүгірісіп келді. 2. Шапқылау, тыныш таппау, әбігерлену.

**KOŞUŞTURMAK (nsz)** Шапқылау, тыныш таппау, әуре-сарсаңға түсу.

**KOT** *is. İng.* Джинси–айрықша матадан тігілген киім. *Kot pantolon.* Джинси шалбар.

**KOTA** *is. Fr. ekon.* Квота – сырттан тауар әкелуді сан жағынан шектеудің бір түрі.

**KOTARMAK (-i)** 1. Қотару, аударып құю. *Yemeği pişirip kotardı.* Тамақты пісіріп басқа ыдысқа құйып алды. 2. *tec.* Бір

істі бітіру, аяқ-тау, аяғына дейін жеткізу.

**KOTLET** *is. Fr.* Котлет.

**KOTON** *is. ve s. Ar.* Мақтадан жасалған (мата т.б.).

**KOVA** *öz. is. astr.* Сукұйғыш.

**KOVA (I)** 1. Шелек. 2. *argo* Көп гол жіберетін қақпашы я футбол командасы.

**KOVA (II)** *is.* Қамыс.

**KOVALAMACA** *is.* Қуаласпақ.

**KOVALAMAK** *(-i)* 1. Қуалау, қуу. *Bir hırsız kovalamak.* Ұрыны қуалау, ұрының ізіне түсу. 2. Қуалап тастау, айдап жіберу, үркіту. *Kuşları kovalamak.* Құстарды қуып жіберу. 3. *mec.* Соңына түсу, жетуге тырысу. *İşini kovalayarak on günde yaptırabildi.* Жұмысын жүгіріп жүріп он күн ішінде бітіріп алды.

**KOVAN** *is.* 1. Гильза, октың қабы. *Fişek kovanı.* Ок гильзасы. 2. Ара ұясы.

**KOVBOY** *is. İng.* Солтүстік Америкада сиыр бағатып бақташы.

**KOVCAK** *s. hlk.* Өскші, жалакор.

**KOVMAK, -ar** *(-i)* 1. Қуу, қуып шығу, айдап шығу. *Kapıdan kovsak bacadan girer.* Есіктен қуасқан, мұржадан кіреді. 2. *(-i, -den)* Қуып жіберу, қуып шығару, шығарып жіберу. *İşinden kovmak.* Жұмысынан қуып шығу. *Okuldan kovmak.* Мектептен шығарып жіберу.

**KOVUK, -ğu** *is.* Ойық, қуыс. *Ağaç kovuğu.* Ағаштың қуысы.

**KOYAK, -ğı** *is.* Алқап, қойнау, аңғар.

**KOYMAK, -ar** *(-i, -e)* 1. Қою, салу. *Kâğıdı cebine koydu.* Қағазды қалтасына салды. *Salataya tuz koymak.* Салатқа тұз салу. *Koltuğu köşeye koymak.* Креслоны бұрышқа қою. 2. Қою, тағайындау, орналастыру. *Bu işe kimi koyacağız?* Бұл жұмысқа кімді қоямыз? *Kızını bir bankaya koydu.* Қызын банкке жұмысқа орналастырды. 3.

Белгілеу, қарастыру. *Bütçede bu giderler için ödenek koymamışlar.* Бюджетте бұл шығындар үшін қаржы қарастырылмаған. 4. *(-i, -e)* Жіберу, ішке кіргізу. *Hastanın yanına kimseyi koymuyorlar.* Ауру адамның жанына ешкімді жібермейді. *İçeri kimseyi koymayın!* Ішке ешкімді кіргізбеңіз! 5. *(-i)* Қалдыру. *Çocuğu aç koyma.* Баланы аш қалдырма. 6. Қую. *Çay koy.* Шай күй. 7. *(-e)* *mec.* Жанына тию, ренжіту, қамықтыру. *Bu söz ona çok koymuş.* Бұл сөз оның жанына қатты батты. *Oğlunun ölümü ona çok koydu.* Баласының өлімі оған қатты тиді.

**KOYU** *s.* 1. Қою. *Koyu süt.* Майлы сүт. 2. Қара қоңыр. *Koyu kırmızı.* Қою қызыл, күрең қызыл. *Koyu renkli.* Қою түсті. 3. *mec.* Барып тұрған, нағыз. *Koyu cahillik.* Нағыз надандық. *Koyu devrimci.* Жалынды революционер. 4. Нағыз, шын. *Koyu Müslüman.* Нағыз мұсылман.

**KOYULAŞMAK** *(nusz)* 1. Қоюлану. 2. Қараю, қою түске ену.

**KOYULMAK** *(nusz)* 1. Қойылу, жайғастырылу. 2. *(-e)* Кірісу, бастау. *Çalışmaya koyulmak.* Жұмысқа кірісу. 3. Қоюлану. *Reçel koyuldu.* Тосап қоюланды.

**KOYULUK, -ğı** *is.* Қоюлық, қою болушылық.

**KOYUN (I)** *is. zool.* Қой. *Koyun derisi.* Қой терісі. 2. *mec.* Момақан, жуас адам.

**KOYUN, -ynu (II)** *is.* Қойын. *Koyunna koymak.* Қойнына салу.

**KOYUN ETİ** *is.* Қой еті.

**KOYUN KOYUNA** *zf.* Құшақтасып, бірін-бірі құшақтап.

**KOYUVERMEK** *(-i)* Қоя беру, босатып жіберу, жібере салу. *Koyuverin, evlerine gitsinler, dedi.* Қоя беріңіз, үйлерің барсын, -деді. *Tuttuğu kuşu koyuverdi.* Ұстап алған

күсын жібере салды.

**KOZ** *is. Far.* 1. Жаңғақ. 2. (ойын қартасында) Көзір. 3. *tec.* Мүмкіншілік, басымдылық. *kozunu oynamak* 1) соңғы көзірін жүру. 2) ең соңғы мүмкіншілікті пайдалану.

**KOZA** *is. Far.* Қауашақ. *İpek kozası.* Жібек құрты. *Pamuk kozası.* Мақта қауашағы.

**KOZMETİK, -ği** *is. Fr.* Косметика.

**KOZMİK** *s. Fr. astr.* Космостық. *Kozmik ışınlar.* Космостық сәулелер.

**KOZMOGRAFYA** *is. Yun. astr.* Космография—аспан әлемі туралы суреттеме.

**KOZMOLOJİ** *is. Fr.* Космология – Әлемнің құрылысы туралы ілім.

**KOZMONOT** *is. Yun. astr.* Космонавт, астронавт.

**KOZMOPOLİT** *s. Yun.* 1. Көп ұлттан тұратын, әр түрлі ұлттардан құралған. 2. *is.* Космополит – өз халқына, оның мәдениетіне жат адам.

**KOZMOS** *is. Yun.* Космос, әлем, ғарыш.

**KÖŞEK, -ği** *is.* Әйел қылығына кіріп билейтін еркек.

**KÖFTE** *is. Far.* Котлет. *Patates köftesi.* Картопан жасалған котлет.

**KÖFTECİ** *is.* 1. Котлет дайындап сататын адам. 2. Котлет сатылатын жер.

**KÖHNE** *s. Far.* Көне, көнерген, тозығы жеткен, ескі. *Köhne bir ev.* Ескі бір үй.

**KÖHNELİK, -ği** *is.* Көнергендік, тозығы жеткендік, әбден ескіргендік.

**KÖK** *is. bot.* 1. Тамыр. *Kazık kök.* Негізгі тамыр. *Saçak kök.* Шашақты тамыр. *Yumru kök.* Түйнекті тамыр. 2. Түп, түбір. *Diş kökü.* Тістің түбірі. 3. *tec.* Негіз, өзек, түп. *Kökü belli olaylar.* Негізі белгілі оқиғалар. 4. *gr.* Түбір. *Kelime kökü.* Сөздің түбірі.

**KÖKÇÜ** *is. esk.* Дәрілік шөптер сататын адам.

**KÖKEN** *is. hlk.* 1. Сабак (қауын,

қарбыздың т.б.). 2. Негіз, көз, қайнар бұлақ. *Yazının kökeni resimdir.* Жазудың негізінде сурет жатыр. 3. Тұқым, тек.

**KÖKEN BİLİMİ** *is. d.b.* Этимология.

**KÖKEN BİLİMSEL** *s. d.b.* Этимологиялық.

**KÖKENLİ** *s.* 1. Түбірлі, түбірі бар. 2. Негізге сүйенген, негізі бар.

**KÖKLÜ** *s.* 1. Тамырлы, тамыры бар, тамыр жайған. 2. *tec.* Тамыр жайған, бекіген, қалыптасқан. 3. *tec.* Текті, атақты, ақсүйек.

**KÖKLÜ AİLE** *is.* Текті отбасы.

**KÖKNAR** *is. bot.* Самырсын, май қарағай.

**KÖKSÜZ** *s.* 1. Тамырсыз, тамыры жоқ. 2. *tec.* Негізсіз, дәлелсіз.

**KÖKTEN** *s.* Түпкілікті, негізгі, іргелі. *Kökten bir değişiklik.* Түпкілікті өзгеріс.

**KÖKTENCİ** *is. ve s.* Радикал, батыл әрекетті қолдаушы.

**KÖKTENCİLİK, -ği** *is. fel.* Радикализм.

**KÖLE** *is. tar.* Құл. *Kadın köle.* Құн. *kölen olayım!* құлың болайын! өтінемін! жалынып сұраймын! *Kölen olayım, beni bu işe al!* Құлың болайын, мені жұмысқа ал.

**KÖLELEŞMEK** (*nsz*) Құл болу, еркінен айырылу.

**KÖLELEŞTİRMEK** (*-i*) Құл қылу, еркінен айыру, тәуелді ету.

**KÖLELİK, -ği** *s.* Құлдық, құл болушылық, тәуелділік.

**KÖLELİK DÜZENİ** *is. sos.* Құлдық құрылыс, құл иелену негізіне құрыл-ған қоғам құрылысы.

**KÖMÜR** *is.* 1. Көмір. *Kömür çarpmak.* Иіс тию, иіс тиіп қалу. 2. *s.* Қою кара түсті. *Kömür gözlü.* Қара көзді. *Kömür saçlı.* Қою кара шашты.

**KÖMÜRCÜ** *is.* 1. Көмір өндіруші. 2. Көмір сатушы.

**KÖMÜRLEŞMEK** (*nsz*) Көмірлену,

көмірге айналу.

**KÖMÜRLÜK, -gü is.** Көмір қора, көмір қоятын жер.

**KÖPEK, -ği is. zool.** 1. Ит, төбет. *Av köpeği.* Аңшы иті. *Bekçi köpeği.* Күзетші төбет. *Dişi köpek.* Ұрғашы ит. *Ev köpeği.* Үй иті, қорашыл төбет. *Kurt köpeği.* Бөрібасар, қасқыр алатын ит. *Polis köpeği.* Полиция иті, иісшіл ит. *Serseri sokak köpekleri.* Қаңғыбас көше иттері. 2. *tec.* Жексұрын, оңбаған, жауыз, ит.

**KÖPEK BALIĞI is. zool.** Акула.

**KÖPEK DİŞİ is. anat.** Азу тіс, сойдақ тіс.

**KÖPEKLEMEK (nsz) hlk.** 1. Шаршап шалдығу, қалжырау. 2. Денсаулығы мен күш-қуатын жоғалту.

**KÖPEKLENMEK (nsz)** Жалынып жалпаю, зар қағу, құрдай жорғалау.

**KÖPEKLEŞMEK (nsz) bk.** *Köpeklenmek.*

**KÖPEKLİ s.** Итті, иті бар.

**KÖPEKLİK, -ği is. tec.** Құрдай жорғалаушылық, жағымпаздық, жарамсақтық.

**KÖPRÜ is.** 1. Көпір. *Asma köprü.* Аспа көпір. 2. *den.* Кішкене көпір. *Kaptan köprüsü.* Капитан мінбесі. 3. *tır* Қолдан салынған тістердің қалыбы. *Diş köprüsü.* Тіс көпірі, тістердің көпір тәріздес қалыбы.

**KÖPRÜ ALTI ÇOCUĞU is.** Қараусыз, панасыз бала.

**KÖPÜK, -gü is.** 1. Көбік, көпіршік. *Köpük almak.* Көбігін алу. *Deniz köpüğü.* Теңіз көбігі. 2. Ренопласт.

**KÖPÜKLENMEK (nsz)** Көбіктену, көпіру, көпіршу.

**KÖPÜKLÜ s.** Көбікті, көбіктенген, көпіршіген.

**KÖPÜKSÜZ s.** Көбіксіз, көбігі жоқ.

**KÖPÜRMEK (nsz)** 1. Көбіктену, көпіру, көпіршу. *Kahve köpürdü.* Кофе көпірді. 2. *tec.* Долдану, жындану, зығырданы қайнау.

**KÖR s. ve is. Far.** 1. Көр, соқыр.

*Kör çocuk.* Соқыр бала. *Kör doğmak.* Соқыр болып туу. 2.

Өтпейтін, мұқалған. *Kör bıçak.* Өтпейтін пышақ. *Kör makas.*

Өтпейтін қайшы. 3. Күңгірт, көмескі. *Kör ışın.* Күңгірт сәуле.

4. *tec.* Саңылаусыз, шығатын жері жоқ. *Kör duvar.* Саңылаусыз қабырға. *Kör karanlık.* Тас қараңғы, қара түнек. *Kör sokak.*

Тұйық көше. *kör olası (veya kör olsun)* 1) көр болғыр! 2) қарғыс атқан.

**KÖR BAĞIRSAK, -ğı is. anat.** Соқыршек.

**KÖR BOĞAZ is.** Мешкей, ашқарак, жалмауыз.

**KÖREBE is.** Соқыртеке (ойын). *Körebe oyunu.* Соқыртеке ойыны.

**KÖRELMEK (nsz)** 1. Мұқалу, мұқалып қалу. *Bıçak köreldi.* Пышақ мұқалып қалыпты. 2. Құрғау, кету. *Kuyu köreldi.* Құдық кету. 3. (от, жарық) Сөну, өшіп қалу. 4. Тұқымы жоғалу, ұрпақ қалмау. *Bu aile köreldi.* Бұл отбасы жоқ болып кетті. 5. *tec.* Мәнін, маңызын жоғалту.

**KÖRFEZ is. Yun. coğr.** 1. Шығанақ. 2. *tec.* Таса, оңаша жер.

**KÖRLEŞMEK (nsz)** 1. Мұқалу, жүзі қайырылу, мұқылдану. *Bıçak körleşti.* Пышақ мұқалып қалды.

2. *tec.* Маңызын, бағасын жоғалту.

**KÖRLÜK, -gü is.** 1. Соқырлық, соқыр болушылық, көре алмаушылық.

2. Мұқалу, жүзі қайырылу.

**KÖRPE s.** Жас, жаңадан пайда болған, жаңа. *Körpe bir dal.* Жас бұтақ, өркен.

**KÖRPELİK, -ği s.** Жастық, балғындық, балаусалық.

**KÖR ŞANS is.** Сәтсіздік, жалы болмаушылық.

**KÖRÜK, -gü is.** Көрік, көмірді үрлеп темірді қыздыру үшін жасалған үрлеуші.

**KÖRÜKÇÜ is.** Көрікші, көрік басушы

адам.

**KÖRÜ KÖRÜNE** *zf.* Көзсіз, ойланбастан, ойламай.

**KÖS** *is. Far. esk.* Дабыл – жарықта сарбаздарды, жұртты бір жерге жию үшін пайдаланылатын дүңгіршек аспап.

**KÖSCÜ** *is.* Дабылшы, дабыл қағушы.

**KÖSE** *s. Far.* Көсе, сақал-мұрт шықпайтын (ер кісі).

**KÖSELE** *is. Far.* 1. Қалың былғары (аяккіім табанына жұмсалатын қара мал терісі). 2. *s.* Былғарыдан жасалған. *Kösele ayakkabi.* Табаны қалың теріден тігілген аяккіім.

**KÖSEM** *is. hlk. bk. Kösemen.*

**KÖSEMEN** *is. hlk.* 1. Отарды бастап жүретін теке я қошқар. 2. Көп сүзisetін, сотқар қошқар я теке. 3. *mec.* Жол көрсетуші, жол бастаушы.

**KÖSTEBEK, -ği** *is. zool.* Көртышқан.

**KÖSTEK, -ği** *is.* 1. Тұсау, тұсамыс. 2. Шынжыр (сағат, қылыш, кілт сияқты заттардың). 3. *mec.* Бөгет, кедергі, қиындық. *köstek olmak* кедергі жасау, бөгет болу. *köstek virmek* 1) тұсаулау, тұсау салу. 2) кедергі жасау, кесір болу.

**KÖSTEKLEMEK** *(-i)* 1. (ат) Тұсаулау, аяғына тұсау салу. 2. *mec.* Кедергі жасау, бөгет болу.

**KÖŞE** *is. Far.* 1. Бұрыш. *Kutunun sivri köşesi.* Жәшіктің сүйір бұрышы. *Mendil köşesi.* Қол орамалдың бұрышы. 2. Бұрыш, көшенің түйіскен жері. 3. Жер, тарап, тұс. *Ülkenin her köşesinden haberler.* Елдің әр тарапынан жеткен хабарлар. *Yurdun her köşesini gezdi.* Ол мемлекеттің барлық жерін аралады.

**KÖŞE BUCAK, -ği** *is.* Түкпір, таса жер, қалтарыс. *Köşe bucak aradım, ama bulamadım.* Түкпір-түкпірдің бәрін іздедім, бірақ таба алмадым.

**KÖŞEGEN** *is. mat.* Қиғаш сызық, диагональ.

**KÖŞEK, -ği** *is. hlk.* Бота, ботакан.

**KÖŞE YAZARI** *is.* Қысқа мақала,

әңгіме жазушы.

**KÖŞK** *is. Far.* Вилла, жаздық үй.

**KÖŞKER** *is. Far.* Етікші.

**KÖŞKERLİK, -ği** *is.* Етікшілік.

**KÖTEK, -ği** *is. Far.* 1. Таяк, сойыл. 2. Таяқтау, таякпен ұрып соғу.

**KÖTÜ** *s.* Жаман, нашар, теріс. *Kötü alışkanlık.* Жаман әдет. *Kötü davranış.* Жаман қылық, теріс қылық. *Kötü bir huy.* Жағымсыз, жаман мінез.

**KÖTÜLEMEK** *(-i)* Жамандау, даттау, өсектеу. *Komşusunu çok kötüledi.* Көршісін қатты жамандады.

**KÖTÜLEŞMEK** *(nzs)* 1. Нашарлау, төмендеу, бұзылу. *Hasta kötüleşmiş.* Аурудың жағдайы нашарлап кетіпті. *Navalar kötüleşti.* Ауа райы бұзылды. 2. (әйел) Жаман жалға тұсу.

**KÖTÜLÜK, -ğü** *is.* 1. Нашарлық, осалдық. *Kumaşın kötülüğü.* Кезде-менің сапасыздығы. 2. Жамандық, зұлымдық, қастық. *O, kimseye kötülük etmedi.* Ол ешкімге зұлымдық жасаған жоқ.

**KÖTÜMSER** *s.* Өмірден торыққан, түңілген (адам)

**KÖTÜMSERLİK, -ği** *is.* Түңілушілік, торығушылық

**KÖTÜRÜM** *s.* 1. Сал болған, семіп қалған. *Onun sağ bacağı kötürüm.* Оның оң аяғы сал болып қалған. 2. Ақсақ.

**KÖTÜRÜMLEŞMEK** *(nzs)* Сал болып қалу, салдану, сал тарту.

**KÖY** *is. Far.* Ауыл, село. *Köy adamı.* Ауыл тұрғыны. *Köy ahalisi.* Ауыл жұрты. *Köy hayatı.* Ауыл тұрмысы, тіршілігі. *Köy okulu.* Ауылдық мектеп.

**KÖYDEŞ** *is.* Ауылдас, бір ауылда тұратын.

**KÖY İNTİYAR HEYETİ** *is.* (ауылдағы) Қариялар кеңесі.

**KÖY İMAMI** *is.* Ауыл молдасы, имамы.

**KÖYLÜ** *s.* Ауылда тұратын, шаруа.

- Orta halli köylü.* Орта шаруа. *Yok-sul köylü.* Кедей шаруа.
- KÖYLÜK, -ğü** *is.* Ауыл орналасқан жер.
- KÖZ** *is.* Шоқ, қоламта.
- KÖZLEME** *is.* Шоққа қақтап пісірілген ет.
- KÖZLEMEK** *(-i)* Шоққа қақтап пісіру.
- KRAL** *is. Sl.* 1. Король. *İngiliz kralı.* Ағылшын королі. 2. *s.* Сәнді, салтанатты. *Kral bir otel.* Салтанатты қонақ үй.
- KRALCI** *is. ve s.* Роялист – король билігін жақтаушы.
- KRALCILIK, -ği** *is.* Роялизм – король билігін жақтаушылық.
- KRALİÇE** *is. Sl.* Король әйел.
- KRALLIK, -ği** *is.* Корольдық, монархия.
- KRAMP** *is. Fr.* Сіңір тартылу, түйілу, спазма. *Yüzerken bacağına kramp girdi.* Жүзіп бара жатып аяғының сіңірі тартылып қалды.
- KRAVAT** *is. Fr.* Галстук. *Kravat iğnesi.* Галстук түйреуіші.
- KRAVATLI** *s.* Галстук таққан, галстугы бар.
- KREDİ** *is. Fr.* Несие, кредит. *Kısa vadeli kredi.* Қысқа мерзімді несие. *Uzun vadeli kredi.* Ұзақ уақытқа берілген несие.
- KREDİ ANLAŞMASI** *is.* Несие алу үшін жасалатын келісім.
- KREDİ KARTI** *is.* Несие карточкасы.
- KREDİLEMEK** *(-i)* Несие беру.
- KREM** *is. Fr.* 1. Крем – теріге өң беретін косметикалық майлы зат. 2. *is.* Ақ сары түс.
- KREMA** *is. İt.* 1. Крем – қою тәтті тағам. 2. Қаймақ.
- KREŞ** *is. Fr.* Бала бақша.
- KRİKO** *is. İt. tek.* Домкрат.
- KRİMİNOLOG, -ğu** *is. Fr.* Криминалист, криминалистика маманы.
- KRİMİNOLOJİ** *is. Yun.* Криминология.
- KRİSTAL, -li** *is. Yun.* 1. Хрусталь. 2. Кристалл.
- KRİSTALLEŞMEK** *(nsz)* Кристалдану, кристалдық күйге көшу.
- KRİTER** *is. Fr.* Критерий, өлшем.
